

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе		5
1	Қоршаған ортаныңжәне табиғи ресурстардың сандықжәне сапалық сипаттамалары		
	1.1	Атмосфералық ауа	6
	1.1.1	Стационарлы көздерден атмосфералық ауа ғаластағы шикізаттардың шығарындылары	7
	1.1.2	Елді мекендердегі атмосфералық ауаның сапасы	9
	1.1.3	Озон қабатын бұзатын заттарды тұтыну	15
	1.2	Су ресурстары	17
	1.2.1	Беткі су ресурстары	18
		1.2.1.1. Беткі су ресурстарының сапасы	20
		1.2.1.2. Қазақстан Республикасының трансшекаралық өзен суларының сапалық жағдайы	28
	1.2.2	Ағынды сулар	31
	1.2.9	Тазартуғимараттары	31
	1.2.3	Жерасты сулары	
	1.2.4	Тұщы суды алу	
	1.2.5	Орталықтандырылған сумен жабдықтау	
	1.2.6	Су шығыны	
	1.2.7	Тұщы суды қайталама пайдалану	
	1.2.8	Ауыз судың сапасы	
	1.2.10	Гидротехникалықғимараттар және олардың жай-күйі	
	1.3	Биоәртүрлілік	
	1.3.1	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	
	1.3.2	Ормандар және басқа орман басқан жерлер	
	1.3.3	Құрып кету қаупі төнген және қорғалатын түрлері	
	1.3.4	Санының өзгеруі және жеке түрлерінің таралуы	
	1.4	Жер ресурстары	
	1.4.1	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер	
	1.4.2	Орман қорының жерлері	
	1.4.3	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің сапалық сипаттамасы	
	1.4.4	Ауыл шаруашылық алқаптарының сапалық жағдайы	
	1.4.5	Азықтық жайылымдарының дәнді техникалық жағдайы	
	1.4.6	Жердің тозуы	
	1.4.7	Жердің ластануы	
	1.4.8.	Бүлінген жерлер және оларды қалпына келтіру	
	1.5	Климат	
	1.5.1	Ауа температурасы	
	1.5.2	Атмосфералық жауын-шашын	
2	Негізгі қоғамдық маңызы бар экологиялық проблемаларды қоса алғанда, қоршаған ортаға тігісетін антропогендік әсер		
	2.1	Энергетика	
	2.2	Көлік	
	2.3	Қалдықтар	
	2.4	Ауыл шаруашылығы	
	2.4.1.	Мал шаруашылығы	
	2.4.2	Мал дәрігерлік бақылау	
	2.4.3	Минералдық және органикалықтың айтқыштарды тұтыну	
	2.4.4	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	
	2.5	Парниктік газдың шығарындылары	
	2.6	Экологиялық проблемалар	
	2.6.2	Арал теңізінің экологиялық проблемалары	
	2.7	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар	

3	Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру		
		Қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғаудың мемлекеттік басқару құрылымы	
		Экологиялық инфрақұрылымның даму бағыттарын анықтайтын ҚР негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттары	
		Мемлекеттік экологиялық сараптама және экологиялық рұқсат	
		Мемлекеттік экологиялық бақылау	
		Қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу	
		Халықаралық ынтымақтастық	
		Экологиялық білім беру және қоғамдық қозғалыс	
		Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ылымизерттеулер	
		Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары және экологиялық ақпарат	
		Орман және балық ресурстарын, жануарлар дүниесін және биоәртүрлілікті басқару	
	Қорытынды		
		Қысқартулар тізімі	
4	Өңірлердегі экологиялық хал-ахуал		
	4.1	Ақмола облысы	
	4.1.1	Атмосфералық ауа	
	4.1.2	Су ресурстары	
	4.1.3	Жер ресурстары	
	4.1.4	Жер қойнауы	
	4.1.5	ЕҚТА	
	4.1.6	Радиациялық жағдай	
	4.1.7	Қалдықтар	
	4.1.8	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.1.9	Экологиялық мәселелер	
	4.2	Ақтөбе облысы	
	4.2.1	Атмосфералық ауа	
	4.2.2	Су ресурстары	
	4.2.3	Жер ресурстары	
	4.2.4	Жер қойнауы	
	4.2.5	Биоәртүрлілік	
	4.2.6	Радиациялық жағдай	
	4.2.7	Қалдықтар	
	4.2.8	Экологиялық мәселелер	
	4.3	Алматы облысы	
	4.3.1	Атмосфералық ауа	
	4.3.2	Су ресурстары	
	4.3.3	Топырақтың ластану жағдайы	
	4.3.4	Жер қойнауы	
	4.3.5	Радиациялық жағдай	
	4.3.6	Қалдықтар	
	4.3.7	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.3.8	Экологиялық мәселелер	
	4.4	Атырау облысы	
	4.4.1	Атмосфералық ауа	
	4.4.2	Су ресурстары	
	4.4.3	Топырақтың ластану жағдайы	
	4.4.4	Биоәртүрлілік	
	4.4.5	Радиациялық жағдай	
	4.4.6	Қалдықтар	
	4.4.7	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.4.8	Экологиялық мәселелер	
	4.5	Батыс Қазақстан облысы	
	4.5.1	Атмосфералық ауа	
	4.5.2	Су ресурстары	

	4.5.3	Топырақтыңластану жағдайы	
	4.5.4	Биоәртүрлілік	
	4.5.5	Жер қойнауы	
	4.5.6	Радиациялық жағдай	
	4.5.7	Қалдықтар	
	4.5.8	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.5.9	Экологиялық мәселелер	
4.6	Жамбыл облысы		
	4.6.1	Атмосфералық ауа	
	4.6.2	Су ресурстары	
	4.6.3	Топырақтыңластану жағдайы	
	4.6.4	Жер қойнауы	
	4.6.5	Биоәртүрлілік	
	4.6.6	Радиациялық жағдай	
	4.6.7	Қалдықтар	
	4.6.8	Экологиялық мәселелер	
4.7	Қарағанды облысы		
	4.7.1	Атмосфералық ауа	
	4.7.2	Су ресурстары	
	4.7.3	Топырақтыңластану жағдайы	
	4.7.4	Жер қойнауы	
	4.7.5	Биоәртүрлілік	
	4.7.6	Радиациялық жағдай	
	4.7.7	Қалдықтар	
	4.7.8	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.7.9	Экологиялық мәселелер	
4.8	Қостанай облысы		
	4.8.1	Атмосфералық ауа	
	4.8.2	Су ресурстары	
	4.8.3	Топырақтыңластану жағдайы	
	4.8.4	Жер қойнауы	
	4.8.5	Биоәртүрлілік	
	4.8.6	Радиациялық жағдай	
	4.8.7	Қалдықтар	
	4.8.8	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.8.9	Экологиялық мәселелер	
4.9	Қызылорда облысы		
	4.9.1	Атмосфералық ауа	
	4.9.2	Су ресурстары	
	4.9.3	Топырақтыңластану жағдайы	
	4.9.4	Жер қойнауы	
	4.9.5	Биоәртүрлілік	
	4.9.6	Радиациялық жағдай	
	4.9.7	Қалдықтар	
	4.9.8	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.9.9	Экологиялық мәселелер	
4.10	Маңғыстау облысы		
	4.10.1	Атмосфералық ауа	
	4.10.2	Су ресурстары	
	4.10.3	Топырақтыңластану жағдайы	
	4.10.4	Жер қойнауы	
	4.10.5	Биоәртүрлілік	
	4.10.6	Радиациялық жағдай	
	4.10.7	Қалдықтар	
	4.10.8	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.10.9	Экологиялық мәселелер	
4.11	Оңтүстік Қазақстан облысы		
	4.11.1	Атмосфералық ауа	
	4.11.2	Су ресурстары	

	4.11.3	Топырақтыңластану жағдайы	
	4.11.4	Жер қойнауы	
	4.11.5	Биоәртүрлілік	
	4.11.6	Радиациялықжағдай	
	4.11.7	Қалдықтар	
	4.11.8	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.11.9	Экологиялықмәселелер	
4.12	Павлодар облысы		
	4.12.1	Атмосфералықауа	
	4.12.2	Су ресурстары	
	4.12.3	Жер ресурстары	
	4.12.4	Жер қойнауы	
	4.12.5	Биоәртүрлілік	
	4.12.6	Радиациялықжағдай	
	4.12.7	Қалдықтар	
	4.12.8	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.12.9	Экологиялықмәселелер	
4.13	СолтүстікҚазақстан облысы		
	4.13.1	Атмосфералықауа	
	4.13.2	Су ресурстары	
	4.13.3	Топырақтыңластану жағдайы	
	4.13.4	Биоәртүрлілік	
	4.13.5	Радиациялықжағдай	
	4.13.6	Қалдықтар	
	4.13.7	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.13.8	Экологиялықмәселелер	
4.14	Шығыс Қазақстан облысы		
	4.14.1	Атмосфералықауа	
	4.14.2	Су ресурстары	
	4.14.3	Жер ресурстары	
	4.14.4	Жер қойнауы	
	4.14.5	Биоәртүрлілік	
	4.14.6	Радиациялықжағдай	
	4.14.7	Қалдықтар	
	4.14.8	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.14.9	Экологиялықмәселелер	
4.15	Астанақаласы		
	4.15.1	Атмосфералықауа	
	4.15.2	Су ресурстары	
	4.15.3	Жер ресурстары	
	4.15.4	Биоәртүрлілік	
	4.15.5	Радиациялықжағдай	
	4.15.6	Қалдықтар	
	4.15.7	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.15.8	Экологиялықмәселелер	
4.16	Алматықаласы		
	4.16.1	Атмосфералықауа	
	4.16.2	Су ресурстары	
	4.16.3	Топырақтыңластану жағдайы	
	4.16.4	Биоәртүрлілік	
	4.16.5	Радиациялықжағдай	
	4.16.6	Қалдықтар	
	4.16.7	Жаңартылатын энергия көздері	
	4.16.8	Экологиялықмәселелер	

КІРІСПЕ

Қоршаған ортаның жай-күйі туралы және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы ұлттық баяндама (бұдан әрі – Ұлттық баяндама) Қазақстан Республикасы аумағындағы нақты экологиялық жағдай туралы халықты жыл сайын ақпараттандыру және оны жақсарту бойынша қолданылған шаралар мақсатында құрылады. Ұлттық баяндама Энергетика министрлігімен дайындалды.

Ұлттық баяндама да келесі деректер көрініс табады: 1) қоршаған ортаның және табиғи ресурстардың сандық және сапалық сипаттамалары туралы; 2) негізгі қоғамдық маңызы бар экологиялық проблемаларды қоса алғанда, қоршаған ортаға тигізетін антропогендік әсерлер туралы; 3) өңірлердегі экологиялық хал-ахуал туралы; 4) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша мәліметтер көрініс табады.

Ұлттық баяндамада қоршаған орта жағдайы мен әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері арасындағы өзара байланысты сипаттайтын көрсеткіштер маңызы ұсынылды. Көрсеткіштерді таңдау әлемдік үздік тәжірибемен және БҰҰ ЕЭК және ЭЫДҰ беделді халықаралық ұйымдардың ұсыныстарымен белгіленген.

Көрсеткіштер топтар бойынша ұсынылды:

- 1) атмосфералық ауа;
- 2) климаттың өзгеруі;
- 3) су ресурстары;
- 4) биоәртүрлілік;
- 5) жер ресурстары;
- 6) ауыл шаруашылығы;
- 7) энергетика;
- 8) көлік;
- 9) қалдықтар.

Ұлттық баяндаманы құру үшін деректерді келесідей орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы ұйымдар ұсынды:


ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі
ҚР Білім және ғылым министрлігі
ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті
ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті
ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті

ҚР ҰЭМ Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті
ҚР ИДМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті
ҚР АШМ Су ресурстары комитеті
ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитеті
ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті
ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитеті
ҚР ЭМ Климаттың өзгеруі жөніндегі департаменті
ҚР ЭМ Жаңартылатын энергия көздері департаменті
Ақмола облысының әкімдігі
Ақтөбе облысының әкімдігі
Алматы облысының әкімдігі
Атырау облысының әкімдігі
Батыс Қазақстан облысының әкімдігі
Жамбыл облысының әкімдігі
Қарағанды облысының әкімдігі
Қостанай облысының әкімдігі
Қызылорда облысының әкімдігі
Маңғыстау облысының әкімдігі
Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі
Павлодар облысының әкімдігі
Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі
Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі
Астана қаласының әкімдігі
Алматы қаласының әкімдігі

Ұлттық баяндама үшін деректерді жүйелеу және жалпылау бойынша жұмыстар Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен жүргізіледі.

Ұлттық баяндаманың интерактивті нұсқасы www.ecodoklad.kz интернет ресурсында мемлекеттік және орыс тілінде ұсынылды.

Бөлім 1.1 АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА



Атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарылуы ҚМ-Қ-Ж-Ә-Ы схемасындағы қоршаған ортаға Қысым болып табылады.

Атмосфералық ауа ластануының артуы адам денсаулығына және экожүйенің тұрақтылығына кері әсерін тигізеді. Бұл көрсеткіш жекелеген секторлардың қоршаған ортаға әсерін бағалауға мүмкіндік береді, атап айтқанда: энергетиканың, көліктің, өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығы және қалдықтармен жұмыс істеу қызметі бойынша.

Бұл көрсеткіш зиянды заттардың қоршаған ортаға қолданыстағы және күтілетін антропогендік әсерінің деңгейін көрсетеді, сондай-ақ мақсатты мәндеріне қол жеткізу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіш тұтастай алғанда антропогендік атмосфералық ауаға әсер етуді бағалауға ғана

мүмкіндік беріп қоймай, стационарлық және жылжымалы көздерден, соның ішінде экономикалық қызмет түрлері (оның ішінде: энергетика, көлік, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және қалдықтармен жұмыс істеу қызметі бойынша және т.б.), сондай-ақ үй шаруашылықтары бойынша бағалауға мүмкіндік береді.

Көрсеткіш 2010 жылғы 9 желтоқсандағы ҚР Статистика бойынша агенттігінің «Қоршаған орта статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдістеме» №337 бұйрығына сәйкес қалыптасады. Атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындылары туралы ақпаратты қалыптастыруға жауапты мемлекеттік орган болып Ұлттық экономика министрлігінің Статистика бойынша комитеті табылады. Ауа 2-ТП (жылдық) нысан бойынша жалпы

мемлекеттік статистикалық қадағалаудың қорытындысымен ақпарат қалыптасады.

1.1.1 Стационарлы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындылары

Қазақстан Республикасында барынша өндірістік сәйкесінше, ең көп ластанған болып Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстары есептеледі.

Атмосфералық ауаның ластану проблемасы Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарында және Астана қаласында

біршама аз. Бұл осы облыстардағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың концентрациясына және сәйкесінше атмосфералық ауаға зиянды ластағыш заттардың аз көлемдегі шығарындыларымен байланысты.

Ластағыш заттардың негізгі көлемі Қарағанды (596,4 мың тонна), Павлодар (552,9 мың тонна), Ақтөбе (134,3 мың тонна) және Шығыс Қазақстан (127,2 мың тонна) және Атырау (110,6 мың тонна) облыстарында қалыптасқан (1.1.1-ші кесте).

1.1.1-ші кесте. Стационарлы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындылары (мың тонна).

Әкімшілік бірліктері	2012	2013	2014	2015
Қазақстан Республикасы	2 384,3	2 282,7	2 256,7	2 179, 7
Ақмола	105,7	83,8	84,6	85,6
Ақтөбе	123,9	125,4	121,8	134,2
Алматы	64,2	68,4	51,6	55,0
Атырау	133,1	138,4	109,1	110,6
Батыс Қазақстан	62,1	60,4	44,7	42,4
Жамбыл	40,7	33,6	38,2	41,9
Қарағанды	641,4	572,6	603,6	569,3
Қостанай	100,6	115,4	103,8	91,6
Қызылорда	31,1	31,3	30,8	30,1
Маңғыстау	64,2	77,5	88,3	72,5
Оңтүстік Қазақстан	48,6	56,3	59,9	68,9
Павлодар	676,0	650,4	610,2	552,9
Солтүстік Қазақстан	75,7	71,4	71,9	74,8
Шығыс Қазақстан	140,0	124,9	129,6	127,1
Астана қ.	64,9	60,5	65,1	56,3
Алматы қ.	12,1	12,4	43,5	39,1

1990 және 2015 жылдар аралығындағы кезеңде республикадағы атмосфералық ауаға ластағыш заттар шығарындыларының негізгі үлесі күкірт диоксиді мен өте жоғары жиілікке (ӨЖЖ) (қатты) келеді. 1990 жылы стационарлық көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттар шығарындыларының көлемі (күкірт диоксиді, азот оксидтері, МЕҰОҚ, аммиак, көміртегі оксиді, көмірсутек және ӨЖЖ (қатты)) жылына 4649,9 мың тоннаны

құрады. 2015 жылы стационарлық көздерден атмосфералық ауаға ластайтын заттар шығарындыларының көлемі жылына 2180,0 мың тоннаны құрады. 2015 жылдың жиынтық шығарындылары 1990 жылдың жиынтық шығарындыларының 44,0%-ын құрады. 2010-2015 жылдар кезеңінде республикадағы атмосфералық ауаға ластағыш заттар шығарындыларының негізгі үлесі күкіртті ангидрид пен көміртек тотығына келеді

1.1.2-ші кесте. Стационарлы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындылары

Атаулары	Бірлік	2011	2012	2013	2014	2015
Күкірт диоксиді	1000 т / жыл	774,2	769,6	729,2	729,1	710,6
Азот оксидтері	1000 т / жыл	232,8	249,4	250,2	256,5	243,4
МЕҰОҚ	1000 т / жыл	53,4	58,1	92,0	114,4	105,1
Аммиак	1000 т / жыл	2,2	2,2	2,0	2,2	2,3
Көміртегі оксиді	1000 т / жыл	445,1	446,2	457,9	478,8	451,2
Көмірсутектер	1000 т / жыл	137,6	170,5	96,1	62,0	66,1
ӨЖЖ (қатты) оның ішінде:	1000 т / жыл	631,1	593,8	551,2	494,2	466,0
күйе	1000 т / жыл	9,6	9,0	8,6	8,9	7,3
көмір күлі, құрамында кальций тотығы 35-40%	1000 т / жыл	47,7	35,3	18,6	14,4	8,6
Қорғасын	т/ жыл	644,9	542,0	572,4	699,4	636,3
Кадмий	т/ жыл	-	1,2	1,3	1,2	1,2
Сынап	т/ жыл	0,3	0,2	0,2	0,2	0,2
Мыс	т/ жыл	310,4	248,8	165,9	162,6	254,5
Күшәла	т/ жыл	160,8	101,3	121,8	87,7	40,5
Толуол	т/ жыл	1 334,2	1688,8	1761,4	2 075,9	2174,1
Бенз(а)пирен	т/ жыл	12,7	17,1	35,2	23,2	49,6
Нафталин	т/ жыл	68,7	69,1	51,6	54,9	54,5
Дихлорэтан	т/ жыл	510,2	201,1	0,047	0,100	1,2
Ацетон	т/ жыл	156,3	204,6	248,5	686,8	331,7

2015 жылы стационарлы көздерден шыққан ластағыш заттардың көлемі 30 129,8 мың тоннаны құрады, бұл 2014 жылға қарағанда 5,6%-ға кем, оның ішінде ұсталғаны және залалсызданғаны 92,8%.

Атмосфералық ауаға стационарлы көздерден ластағыш заттардың шығарындыларының көлемі 2 180,0 мың тоннаны құрады, оның

ішінде 1714 мың тоннасы газ тәріздес және сұйық заттарға, 466 мың тоннасы қатты заттарға тиесілі.

2015 жылы атмосфераға спецификалық ластағыш заттардың шығарындыларының көлемі белгіленген шекті жол берілген шығарындыдан аспады және 53,2 пайызды құрады.

1.1.3-ші кесте. Жан басына шаққандағы негізгі ластағыш заттардың шығарындылары

Атауы	Бірлік	2011	2012	2013	2014	2015
Елді мекен	млн адам	16,6	16,9	17,1	17,3	17,5
Күкірт диоксиді	кг / адам	46,6	45,5	42,6	42,1	40,6
Азот оксидтері	кг / адам	14,0	14,8	14,6	14,8	13,9
МЕҰОҚ	кг / адам	3,2	3,4	5,4	6,6	6,0
Аммиак	кг / адам	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
Көміртек оксиді	кг / адам	26,8	26,4	26,8	27,7	25,8
Көмірсутектер	кг / адам	8,3	10,1	5,6	3,6	3,8
ӨЖЖ (қатты)	кг / адам	38,0	35,1	32,2	28,6	26,6

1.1.4-ші кесте. Аудан бірлігіне шаққандағы негізгі ластағыш заттардың шығарындылары

Атаулары	Бірлік	2011	2012	2013	2014	2015
Елдің ауданы	1000 км ²	2 724,9	2 724,9	2 724,9	2724,9	2724,9
Күкірт диоксиді	т/км ²	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3
Азот оксидтері	т/км ²	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
МЕҰОҚ	т/км ²	0,02	0,02	0,3	0,04	0,04
Аммиак	т/км ²	0,001	0,001	0,001	0,001	0,001
Көміртек оксиді	т/км ²	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2
Көмірсутектер	т/км ²	0,050	0,063	0,400	0,023	0,024
ӨЖЖ	т/км ²	0,232	0,218	0,200	0,181	0,171

1.1.5-ші кесте. ЖІӨ-нің бірлігіне шаққандағы негізгі ластағыш заттардың шығарындылары

Атаулары	Бірлік	2011	2012	2013	2014	2015
2011 жылғы ЖІӨ тұрақты бағада (СҚП)	Млрд. халықар. доллар	366,5	383,3	405,6	422,2	427,2
Күкірт диоксиді	кг/1000 доллар	2,1	2,0	1,8	1,7	1,7
Азот оксидтері	кг/1000 доллар	0,6	0,7	0,6	0,6	0,6
МЕҰОҚ	кг/1000 доллар	0,15	0,15	0,23	0,27	0,25
Аммиак	кг/1000 доллар	0,006	0,006	0,005	0,005	0,005
Көміртек оксиді	кг/1000 доллар	1,2	1,2	1,1	1,1	1,1
Көмірсутектер	кг/1000 доллар	0,4	0,4	0,2	0,1	0,2
ӨЖЖ	кг/1000 доллар	1,722	1,549	1,359	1,171	1,091

1.1.2. Елді мекендердегі атмосфералық ауаның сапасы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазгидромет» РМК және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті (санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық бойынша уәкілетті орган) елді мекендердегі атмосфералық ауа сапасының мемлекеттік мониторингін өткізеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің деректері бойынша (тұтынушылардың құқықтарын қорғау санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық уәкілетті органында) біршама жиі кездесетін зиянды заттар (азот диоксиді, қорғасын, формальдегид, күкіртті сутек және т. б.) Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Павлодар, Қостанай облыстарының атмосфералық ауасында жиі кездеседі.

2015 жылы республиканың 75 ірі және шағын қалаларында атмосфералық ауаның жай-күйіне санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг жүзеге асырылды. Атмосфералық ауаға ұйымдастырылған шығарындылары бар 1540 объекті бақылауда болған, оның ішінде тексерумен қамтылғаны 508 немесе 33% объекті.

Санитарлық-химиялық көрсеткіштерге 214513 атмосфералық ауа сынамалары зерттелді, оның ішінде 2149 сынама немесе 1%-ы гигиеналық нормативтерге (2014ж. – 0,9%) сай келмеді.

Гигиеналық нормативтерге сай емес атмосфералық ауа сынамаларының ең үлкен үлес салмағын бензин (3,6%), фенол (2,5%), күкіртті сутек (2,2%), өлшенген заттар (2,0%), көмірсутектің тотығы (1,6%) құрайды.

ШЖК-дан асқандағы сынамалардың орташа республикалық көрсеткішінен жоғарылау Қарағанды облысында – 8,0% байқалады, 7006 сынаманың ішінен Теміртауда 566-сы асқан, 1983 сынаманың ішінде 299-ы (өлшенген заттар 89, фенол 89, аммиак 71, азот диоксиді 44, күкірт диоксиді 3, күкіртті сутек 3) сәйкес келмейді, Қарағандыда 2551 сынаманың ішінде 173-і (көміртегі оксиді 69, күкірт диоксиді 47, өлшенген заттар 42, азот диоксиді 15) сәйкес келмейді, Жезқазғанда 1134 сынаманың ішінде 42 сынама сәйкес келмейді (күкірт диоксиді 36, өлшенген заттар 6), Шахтинскте 411 сынаманың ішінде 32 -сі (өлшенген заттар 31, азот диоксиді 1) сәйкес келмейді, Балқашта 144 сынаманың ішінде 12-сі (өлшенген заттар 6, күкірт диоксиді 6) сәйкес келмейді, Қаражалда 72 сынаманың ішінде 6-уы (өлшенген заттар 6) сәйкес келмейді, Саранда 36 сынаманың ішінде 2 сынама (өлшенген заттар) сәйкес келмейді.

«Қазгидромет» РМК Қазақстан Республикасының аумағында атмосфералық

ауаның жай-күйіне бақылау жүргізеді. 2015 жылды республиканың 47 елді мекендеріндегі 139 бақылау бекеттерінде, оның ішінде 56 стационарлы бекетте: Ақтау (1), Ақтөбе (3), Алматы (5), Астана (4), Атырау (2), Балқаш (3), Жезқазған (2), Қарағанды (4), Көкшетау (1), Қостанай (2), Қызылорда (1), Риддер (2), Павлодар (2), Петропавл (2), Семей (2), Талдықорған (1), Тараз (4), Теміртау (3), Өскемен (5), Шымкент (4), Екібастұз (1) қалаларында, (АЭА) Морпорт-Ақтау (1) арнайы экономикалық аймағында және Глубокое кентінде (1) және бақылаудың 83 автоматты бекеттерінде: Астана (2), «Бурабай» ФМКС (1), Щучье (1), Щучье санаторийінде (1), «Бурабай» МҰТП (1), Көкшетау (1), Степногорск(1), Алматы (11), Талдықорған (1), Ақтөбе (3), Атырау (3), Құлсары (1), Өскемен (2), Риддер (1), Семей (2), Глубокое кентінде (1), Тараз (1), Жанатас (1), Қаратау (1), Шу (1), Қордай кентінде (1), Орал (2), Ақсай (1), Березовка кентінде (1), Январцево кентінде (1), Қарағанды (3), Балқаш (1), Жезқазған (1), Саран (1), Теміртау (1), Қостанай (2), Рудный (2), Арқалық (2), Жетіқара (2), Лисаковск (2), Қарабалық кентінде (1), Қызылорда (2), Ақай кентінде (1), Төретам кентінде (1), Ақтау (2), Жаңаөзен (2), Бейнеу кентінде (1), Павлодар (4), Ақсу (1), Екібастұз (2), Петропавл (2), Шымкент (2), Кентау (1), Түркістан (1).

Қолмен сынама алудың стационарлық бекеттерінде атмосфералық ауа ластануының жай-күйі бойынша келесідей көрсеткіштер анықталады: өлшенген заттар (шаң), күкірт диоксиді, еритін сульфаттар, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, күкіртті сутек, фенол, фторлы сутегі, хлор, хлорлы сутек, көмірсутектер, аммиак, күкірт қышқылы, формальдегид, күшлөнің қоспасы, кадмий, қорғасын, хром, мыс, бензол.

Атмосфералық ауаның ластануын бақылайтын автоматты бекеттерде келесі көрсеткіштер анықталды: РМ-10 өлшенген бөлшектері, күкірт диоксиді, көміртек диоксиді, көміртек оксиді, азот диоксиді, азот оксиді, озон, күкірт сутегі, көмірсутектер сомасы, аммиак, формальдегид, метан, метанды емес көмірсутектер. Әр-түрлі аймақтарда құрал-жабдықтар мен құрылғылардың болуына байланысты түрлі қоспалар анықталады.

Ауаның ластану жағдайы ауа сынамаларын талдаудың және өңдеудің нәтижесімен бағаланды.

Атмосфералық ауаның ластану деңгейі ШЖК-мен бірге қоспалар концентрацияларын ($\text{мг}/\text{м}^3$ $\text{мг}/\text{м}^3$) салыстыра отырып бағаланды.

Атмосфералық ауаның ластану деңгейін бағалау үшін бір жылда ауа сапасының үш көрсеткіші пайдаланылады:

- стандартты индекс (СИ) - ШЖК-ға бөлінген, кез келген ластағыш заттардың қаладағы біршама көп өлшенген максималды концентрациясы.

- біршама көп қайталану; (БҚ), %, ШЖК-нің артуы - қала ауасында кез келген ластағыш затпен ШЖК-дан асудың біршама көп қайталануы.

- атмосфераның ластану индексі (АЛИ) - атмосфераның ластану көрсеткіші. Оны есептеуге ШЖК-ға бөлінетін және күкірт диоксидінің зияндылығына әкелген әр түрлі ластағыш заттар концентрациясының орташа көрсеткіштері қолданылады.

Атмосфераның ластану дәрежесі СИ, БҚ және АЛИ көрсеткіштерінің төрт стандартты градациямен сипатталады. Егер АЛИ, СИ және БҚ әр түрлі градацияға түссе, онда атмосфераның ластану деңгейі АЛИ бойынша бағаланады.

2015 жылы АЛИ есептері бойынша, **ластанудың жоғары деңгейінің** класына (СИ - 5-10, БҚ-20-49%) жататындар: Степногорск қаласы, Өскемен қаласы, Алматы қаласы, Риддер қаласы, Жезқазған қаласы, Шымкент қаласы, Теміртау қаласы, Қарағанды қаласы.

Ластанудың жоғары деңгейінің класына (СИ - 2-4, БҚ - 1-19%) 6 елді мекен жатады: Тараз қаласы, Семей қаласы, Ақсай қаласы, Екібастұз қаласы, Балқаш қаласы, Ақай кенті, Бейнеу кенті, Глубокое кенті.

Ластанудың төмен деңгейімен сипатталатындар (СИ - 0-1, БҚ - 0%): Лисаковск, Ақсу, Жаңаөзен, Көкшетау, Орал, Қаратау, Рудный, Құлсары, Кентау, Түркістан, Павлодар, Жанатас, Петропавл, Қызылорда, Саран, Астана, Атырау, Шу, Талдықорған, Қостанай, Ақтау, Ақтөбе, Жетіқара, Арқалық, Қордай, Январцево, Березовка, Қарабалық, Төретам, Бурабай ФМКС және Щучье-Бурабай курорттық аймағы.

Қазақстан Республикасының аумағында атмосфералық ауаның 248 жоғары ластану жағдайы және 47 экстремалды жоғары ластану жағдайы тіркелген (1.1.6-шы кесте).

1.1.6-шы кесте. Атмосфералық ауаның жоғары ластануы және экстремалды жоғары ластану деңгейі

№	Қала атаулары	Қоспа	Жоғары ластану жағдайларының саны	Экстремалды жоғары ластану жағдайларының саны	ШЖК асу еселігі	Мүмкін болатын ластану көздерін анықтау, қабылданған шаралар (Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті (ҚР ЭМ МГЭБМИК) ұсынған деректері бойынша)
1	Ақтау	Өлшенген заттар (шаң)	2	1	13-20,4	Шаңды дауыл
2	Ақтөбе	күкіртті сутек	64	24	10,01-29,94	<p>Департамент зертханасымен жүргізілген құралдық өлшеуіштер бойынша КТИ ауданында күкіртті сутегінің артуы анықталған; Кәріздік сорғы станциясы (КСС-6) - 5-шағын аудандағы автомобиль көпірі ауданы; КСС-11- Жіңішке өзені арқылы өтетін көпірдің ауданы, сондай-ақ Пожарский-Рысқұлов көшелерінің қиылысы.</p> <p>КСС шығарындыларының тұрақсыз сипатқа ие екендігі анықталды және ол КСС жұмысындағы техникалық істен шығу нәтижесінде болуы мүмкін. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, тұрақты құдықтардың ағынды сулар жинақталған орындарында күкіртті сутектің ең көп бөлінуі байқалады. КТИ -да ағынды суды жобалық тазалаудың 80-90%-ы болуы тиіс, нақты 50-60% -ды құрайды. Булану алаңдарына түсетін ағынды сулар жеткіліксіз түрде тазартылады және күкіртті сутегінің жағымсыз иісінің пайда болуымен ластағыш заттардың шіруі мен ыдырауына жағдай жасайды.</p> <p>Булану кезінде КТИ -да күкіртті сутегі бөлінеді, қалаға бағытталған жел пайда болған уақытта құрамында күкіртті сутегі бар ауа массалары қаланы «басады». Күкіртті сутегі бұл- газ және салмағы бойынша ауаға қарағанда ауыр болғандықтан, тұрғындар ұзақ уақыт бойы оның теріс әсерін сезеді. Сондай-ақ, Ақтөбе қаласы бойынша стационарлық төгетін кәріздік станциялар жоқ. Төгуге арналған орындар жабдықталмаған және жағымсыз иістерді тарату көзі болып табылады. Сондай-ақ, күкіртті сутегінің пайда болуы және бөліну көзі болып 50-60-шы жылдарда салынған Жилгородок ауданындағы «Ақбұлақ» АҚ кәріздік желісі табылады.</p> <p>«Ақбұлақ» АҚ объектілерін жаңарту және қайта құрудың инвестициялар жобасы бойынша 2017-2018 жылдарға арналған ЕҚДБ-ның несиелік ресурстарының есебінен 679504 мың теңге көлемінде Жилгородок ауданының Ақтөбе қаласындағы ұзындығы 13,211 м</p>

						<p>болатын өздігінен ағатын көрізін қайта құру қарастырылған. Сондай-ақ, «Ақтөбе Таза Қала» ЖШС қалалық полигоны және ескі ТҚҚ полигоны жағымсыз иістің пайда болуының мүмкін болатын көздерінің бірі болып табылады. Тұрмыстық қатты қалдықтар полигонында әр түрлі себептерге байланысты пайда болып, бірнеше рет өртенулер болады.</p> <p>2015 жылы облыс Әкімімен «2015-2017 жылдар аралығында Ақтөбе облысының экологиялық жағдайын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспары» бекітілді. Жоспардың 16 іс-шарасының 13 тармағы Ақтөбе қаласының экологиялық мәселесін шешуді қарастырады, атап айтқанда - атмосфералық ауаның сапасын, көріздік жүйелердің жай-күйін жақсартуға бағытталған.</p>
3	Арқалық	күкіртті сутек	2	3	14,0-40,25	<p>«Қостанай облысы бойынша экология департаменті» РММ және «Қостанай облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» РМҚК-нің сынақ зертханаларының тексерісі барысында күкірт сутегімен ластану туралы ақпарат расталмады. 2012 жылғы 25 қаңтардағы №168-ші СанПинге сәйкес күкірт сутегісінің концентрациясы ШЖК шегінде орналасқан. Іргелес аумақтарда тексеріс жүргізу кезінде күкіртті сутектің бөліну көздері табылмады, сондай-ақ, стационарлық автоматты бекеттерге іргелес жатқан аумақтарда қосымша іріктеу сынамалары жүргізілді.</p>
4	Астана	Азот диоксиді	2	1	13,7-24,0	<p>Жүргізілген талдаулардың нәтижесінде азот диоксидінің шоғырлануы бойынша асу 9,5 рет анықталды. Тексеріс барысында бекет аумағына көп қабатты тұрғын-үй секторы, жеке аула іргелесетіні анықталды. Автономды қазандықтардың кәсіпорындары, ұйымдары, сондай-ақ, атмосфералық ауаның жай-күйіне әсер етуі мүмкін осы немесе өзге де объектілердің құрылысы бұл ауданда тіркелмеген. Азот диоксидінің артуының бірден бір себебі «Экогон+» АҚ газоблок өндіру зауыты, сонымен қатар, жеңіл және жүк автокөліктері қызметтері болып табылады.</p>
5	Атырау	күкіртті сутек	1	-	10,5	<p>Талдау нәтижелері бойынша күкіртті сутегінің артуы байқалмады.</p>
6	Балқаш	күкіртті сутек	49	15	10,3–27,8	<p>Қазақмыс Смэлтинг ЖШС, Қазақмыс Энерджи ЖШС құжаттарын камералық бақылау кезінде (МЭС қорытындысы) - күкіртті сутек анықталмады. Атмосфералық ауаның күкірт сутегімен ластану көзі болып</p>
		күкірт диоксиді	1		11,6	

						өнеркәсіптік шарттардың, атап айтқанда, шаңды борасынның, сондай-ақ автокөліктің пайдаланылған газдарының әсері табылады. Сонымен қатар, күкіртті сутек жануарлар қалдықтарының, тұрмыстық қатты қалдықтардың, сондай-ақ кәріздік төгінділердің ыдырауы кезінде бөлінетіндігі болжамданады.
7	Екібастұз	күкірт диоксиді	12		10,0	2014 жылдың қарашасынан бастап 2015 жылдың наурызы аралығында Екібастұз қаласында құрылған «Қазгидромет» стационарлық бекетінде мерзімді экстремалды-жоғары «ШЖК» күкірт диоксидінің құрамы тіркелді. Күкірт диоксидінің экстремалды-жоғары құрамының туындау себептерін анықтау үшін департаментте «Қазгидромет» ЖШС және «Промсервис-Отан» ЖШС-мен бірге өлшеу нәтижелерінің сәйкестік әдісі арқылы есептік өлшеулер өткізілді. жүргізілді.
8	Жетіқара	Күкіртті сутек	55	1	10,2-39,6	«Қостанай облысы бойынша экология департаменті» РММ және «Қостанай облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» РМҚК сынақ зертханаларының тексеруі барысында күкірт сутегімен ластану туралы ақпарат расталмады. 2012 жылғы 25 қаңтардағы №168-ші СанПин-ге сәйкес күкірт сутегі концентрациясы ШЖК шегінде болды. Іргелес аумақтарда тексеріс жүргізу кезінде күкіртті сутектің бөліну көздері табылмады, сондай-ақ стационарлық автоматты бекеттер орналасқан жерге іргелес аумақтарда қосымша сынамаларды іріктеу жүргізілді.
9	Қарағанды	Өлшенген заттар (шаң)	2	1	13,4-25,6	Қазақмыс Смэлтинг ЖШС, Қазақмыс Энерджи ЖШС құжаттарын камералық бақылау кезінде (МЭС қорытындысы) - күкіртті сутек бөлінбеді. Болжамды нұсқасы бойынша, жануарлардың қалдықтарының, ТҚҚ-ның, сондай-ақ, кәріздік төгінділердің ыдырауы кезінде күкіртті сутек бөлінеді.
10	Қостанай	күкірт диоксиді	3		10,0	Қостанай қаласының атмосфералық ауадағы көміртек оксиді, азот диоксиді бойынша ШЖК нормативтерінен асу себепін анықтау мақсатында «Қостанай облысы бойынша экология департаменті» РММ сынақ зертханасы сынамас іріктемесі мен талдауын өткізді. 2012 жылғы 25 қаңтардағы №168-ші СанПин-ге сәйкес күкірт сутегі концентрациясы ШЖК шегінде болды. Іргелес аумақтарда тексеріс
		Көміртек оксиді	25	-	13,96-18,50	

						жүргізу кезінде күкіртті сутектің бөліну көздері табылмады, сондай-ақ стационарлық автоматты бекеттер орналасқан жерге іргелес аумақтарда қосымша сынамаларды іріктеу жүргізілді. «Қазгидромет» ШЖҚ РМК-де анықталған ШЖК-дан асу бұл автоматты бекет өнеркәсіптік аймақтың шекарасында орналасқандықтан автокөліктің жоғары өтімділігінен туындаған.
12	Талдықорған	Күкіртті сутек	24	-	10,4-17,3	2015 жылдың 8 сәуірінде Алматы облысы Экология департаментінің мамандары және Алматы облысы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің дәрігер-зертханашылары бірлесіп 4 сынама іріктеп алды, мұнда ауадағы көмір сутектің құрамы 0,0000102-0,0000897 мг/м ³ (ШЖК - 0,008 мг/м ³ - бұл шекті жол берілген концентрациядан едәуір аз).
13	Теміртау	Күкіртті сутек	3	1	10,0-20,4	Қазақмыс Смэлтинг ЖШС, Қазақмыс Энерджи ЖШС құжаттарын камералық бақылау кезінде (МЭС қорытындысы) - күкіртті сутек анықталмады. Болжамды нұсқасы бойынша, жануарлардың қалдықтарының, ТҚҚ-ның, сондай-ақ, кәріздік ағызулардың ыдырауы кезінде күкірт сутегі бөлінеді. Бекеттің жанында қоқыс жәшігі тұр.
14	Шу	Күкіртті сутек	1	-	11,4	-
15	Төретам кенті	Формальдегид	2	-	10,69	Осы факті бойынша Департаментпен 2015 жылғы 26 тамыздағы шығ. №1-05/2766 ТЖ Қармақшы бөліміне және 2015 жылғы 26 тамыздағы шығ. №1-05/2765 Төретам кентінің әкімшілігіне хат жолданды. Сонымен қатар, атмосфералық ауаның ластануының мән-жайын анықтау үшін Төретам кентіне департаменттен инспектор жіберілді.
Барлығы 11 елді мекен			248 ЖІ және 47 ЭЖІ			

1.1.3. Озон қабатын бұзатын заттарды тұтыну

Озон қабатын бұзатын қосылыстарға хлорфторкөміртегілер (ХФК), көміртегі тетрагидрохлориді, метилхлороформ, галондар, гидрохлорфторкөміртегілер (ГХФК), гидробромфторкөміртегілер (ГБФУ) және метилбромид жатады. Олар өрт сөндіргіштерде (галондар) және ауыл шаруашылығы пестицидтерінде (метилбромид) еріткіштер, хладагенттер, көбіктендіру және майсыздандыру заттары, аэрозольдер үшін ығыстырғыштар ретінде пайдаланылады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы озон қабатын қорғау саласындағы келесі халықаралық келісімдер тарапы болып табылады:

Озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясы 1985 жылы 196 елмен бекітілді. Шекті сипаты бар және өндіріс пен тұтынудың озонды бұзушы заттарды қысқарту бөлігіндегі оған қол қоюшы Тараптардың нақты міндеттерді белгілемейді. Қазақстан Вена конвенциясына 1997 жылғы 30 қазанда қосылған («Қазақстан Республикасының Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясына қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 30 қазандағы №177-І Заңы). Вена конвенциясы 1998 жылдың 26 тамызында күшіне енді (Қазақстан және конвенцияның басқа тараптары үшін).

1997 жылдың 30 қазанында Қазақстан Монреаль Хаттамасына қосылды («Қазақстан Республикасының Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль Хаттамасына қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 30 қазандағы №176-І Заңы). Монреаль Хаттамасы 1998 жылдың 26 тамызында күшіне енді.

Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасы 1987 жылы 196 елмен ратификацияланды. Тұрмыстық және медициналық аэрозоль өнімдерінде пропеллен ретінде, хладагенттерде және суыту техникасы көпіршіктерінде, электронды және нақты нүктелі көлік құру еріткіштерінде, өндірістік құрылыс материалдарының және актокөлік құрудың көпіршіктерінде, сонымен қатар, залалсыздандыру және өрт сөндіргіш құралдарында кеңінен қолданылатын, құрамында хлоры және/немесе бромды бар органикалық заттар жататын ОБЗ өндірісін және тұтынуын қысқарту бойынша нақты шаралар қарастырылды.

Қазақстан «Озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына түзетуге

Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» (Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 7 мамырдағы №191 Заңы) Лондон түзетуіне 2007 жылғы 7 мамырда қосылды (Лондон, 27-29 маусым 1990 жыл). Түзету 2001 жылдың 26 шілдесінде күшіне енді. Монреаль хаттамасына Лондон түзетуі 1991 жылы 196 елмен қабылданды. Монреаль хаттамасымен қарастырылған мерзімдері күшейтілді, төрт хлорлы көміртек және метилхлороформ галондарының рұқсат етілмеген заттар тізіміне қосылды.

Қазақстан 2011 жылғы 6 сәуірде ҚР №426-VI заңымен Копенгаген түзетуін ратификациялады. Түзету 2011 жылы 28-маусымда күшіне енді. Копенгаген түзетуі 1992 жылы 194 елмен қабылданды. Галогенделген еріткіштер мен гидрохлорфторкөміртектен сонымен қатар, метилбромид ретінде белгілі ауыспалы химиялық заттарды қосу есебімен Монреаль хаттамасымен реттелген заттар тізімі кеңейтілді.

Қазақстан 2011 жылғы 6 сәуірде ҚР №426-VI заңымен Монреаль түзетуін ратификациялады. Түзету 2011 жылдың 28 маусымында күшіне енді. Монреаль түзетуі 1997 жылы 184 елмен қабылданды. ОБЗ экспорты мен импортын лицензиялаудың жаһандық жүйесін құруды сонымен қатар, метилбромидті өндіруді және тұтынуды қысқарту кестесін күшейтуді қарастырады.

Қазақстан 2014 жылғы 23 сәуірде ҚР №198-V заңымен Пекин түзетуін ратификациялады. Пекин түзетуі 1999 жылы 197 елмен ратификацияланды. Түзету гидрохлорфторкөміртектен сонымен қатар, дамушы елдердің талаптарын қанағаттандыру үшін хлорфтор көміртектен мен галондар өндірісінің кезеңдік қысқартуын реттеудің шараларын енгізеді.

Қазақстан Монреаль Хаттамасының 5-бабының 1-тармағы шегінде әрекет етпейтін, яғни осы хаттаманың талаптары үшін дамушы ел болып табылатын Тарап ретінде жіктелгендігін атап өткен жөн және басқа дамыған елдермен қатар міндеттерді сақтауы тиіс.

Монреаль хаттамасы XXVI/13) тараптарының жиырма алтыншы кеңесінің қабылданған шешіміне сәйкес Қазақстан міндеттенеді:

Гидрохлорлы көмірсутек тұтынуды 2013 жылғы ОБҚ-ның 83,32 тоннасынан бастап мына деңгейлерден аспайтындай деңгейге дейін қысқарту:

1) 2014 жылы ОБҚ 40 тонна;

- 2) 2015 жылы ОБҚ 9,9 тонна;
- 3) 2016, 2017, 2018 және 2019 жылдары ОБҚ 3,95 тонна;
- 4) 2020 жылы 1- қаңтарына ОБҚ нөл тонна, Монреаль Хаттамасында жазылғандай 2020-

2030 жылдар аралығындағы кезеңде тоңазытқыш жабдықтары мен ауаны баптауға арналған қондырғыларға қызмет көрсетуге тұтынуды есепке алмағанда,

Бүгінгі күні осы міндеттемелер орындалады.

1.3.7-ші кесте Озон қабатын бұзатын заттарды тұтыну, ОБЗ тонна

Заттар	2012	2013	2014	2015
ГХФК	21,36	83,32	24,8	12,78
Бромхлорметан	1,4	2,3	0	0,7
Метилбромид	0	19	6	0
Барлығы	22,76	104,62	30,8	13,48

Ақпарат көзі: Озон хатшылығының сайты ozone.unep.org/en/data-reporting/data-centre

Озон қабатын бұзушы заттарды тұтыну лимиті (квотасы) 2016 жылғы 4 ақпандағы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «2016-2019 жылдар кезеңіндегі озон қабатын

бұзушы заттарды тұтыну лимиттерін (квоталарын) бекіту туралы» №35 бұйрығымен бекітілді.

1.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Бөлім 1.2 СУ РЕСУРСТАРЫ



Республиканың су ресурстарының негізгі қоры жер үсті және жер асты көздерінде шоғырланған. Жалпы алғанда Қазақстанның су ресурстары өңірлер бойынша әртүрлі орналасқан. Сонымен, шығыс ауданына барлық су ресурстарының - 34,5%-ы, солтүстікке - 4,2%-ы, орталыққа - 2,6%-ы, оңтүстік-шығысқа - 24,1%-ы, оңтүстікке - 21,2%-ы, батысқа - 13,4%-ы жатады.

Тұщы судың жалпы қорлары 524 км³ бағаланады, оның ішінде 80 км³ мұздықтарға жатады, 190 км³ көлдермен шоғырланған, өзендердің ресурстары 100,58 км³, оның ішінде 55,94 км³ (55,6%) республика аумағында ал қалған 44,64 км³ (44,4%) оның шегінен тыс бөлігінде қалыптасады. Жер асты сулары қоры 15,6 км³ құрайды: оның ішінде, шаруашылық-ауыз сумен қамту үшін - 5,6; шаруашылық-ауыз сумен және өндірістік-техникалық сумен қамту үшін - 0,8; жерді суармалаумен бірлесіп шаруашылық-ауыз сумен қамту үшін - 0,08; жерді суармалаумен және өндірістік-техникалық, шаруашылық-ауыз сумен қамту үшін - 0,006.

Орташа сумен қамту деңгейі ел аумағының 1 км² шаққанда 20,53 мың м³ құрайды. Бұл ретте, республикада сумен қамтуды қамтамасыз ету жағдайы аймақтар бойынша елеулі түрде әртүрлі. Жер үсті және жер асты сулары сияқты меншік ресурстарымен Ертіс өзені бассейні, Балқаш-Алакөл бассейні біршама қамтамасыз етілген. Жер асты сулары бойынша тапшылық Нұра-Сарысу, Ертіс, Тобыл-Торғай бассейндерінде байқалады. Жер үсті және жер асты сулары бойынша тапшылық Есіл, Жайық-Каспий, Арал-Сырдария, Тобыл-Торғай және Нұра-Сарысу бассейндерінде байқалады.

Қазақстан аумағында сегіз өзен бассейні бар, оның ішінде ең ірісі болып Ертіс, Балқаш-Алакөл, Арал-Сырдария және Жайық-Каспий (су ресурстарының 90%-нан астамы сомалық) табылады.

Арал-Сырдария бассейні

Негізгі су артериясы - Сырдария өзені.

Сырдария өзенінің режимі Шардара су қоймасымен, Көксарай контр реттеушімен және басқа да ірі емес гидротораптармен реттеледі.

Балқаш-Алакөл бассейні

Балқаш көлі бассейнінің басты су артериясы Іле өзені болып табылады, аса маңызды өзендерге Қаратал, Ақсу, Лепсі, Аягөз, Бақанас және т.б. өзендер жатады. Бассейндік иелік бойынша қарастырылатын аумақ Балқаш көлі бассейні (Іле өзені) және Алакөл көлі ойпатының бассейніне жататын екі табиғи ауданына бөлінеді. Барлық өзендердің 90%-дан астамы Балқаш көліне қалғандары Алакөл өзендер тобы бассейніне жатады.

Ертіс бассейні

Шығыс-Қазақстан және Павлодар облыстарының гидрографиялық желісіндегі орталық орынды ерекше мемлекеттік маңызды су объектісі болып табылатын трансшекаралық Ертіс өзені алып жатыр. Өзен ағысы Ертіс су қоймасында Бұқтырма (жобалық көлемі - 49,6 км³), Өскемендік (0,66 км³) және Шүлбі (2,39 км³) сарқырамаларымен реттеледі.

1.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Есіл бассейні

Негізгі су артериясы – Есіл өзені, оның режимі 4 су қоймасымен реттеледі: Есіл, Астаналық (Вячеславский), Петропавлдық және Сергеевский.

Нұра-Сарысу бассейні

Бассейннің негізгі өзендері Нұра және Сарысу. Бассейннің өзендерінің режимі 4 (төрт) су қоймасымен реттеледі: Самарқанд, Шерубай-Нұра, Қаракеңгір, Федоровский.

Тобыл-Торғай бассейні

Тобыл, Торғай, Бірғыз өзендері бассейннің негізгі өзендері болып табылады. Бассейн өзендерінің режимін негізгі реттеу Жоғары Тобол мен Қаратамыр су қоймаларымен жүзеге асырылады.

Жайық-Каспий бассейні

Бассейннің артериясының негізгі суы Жайық өзені, сонымен қатар Ембі, Сағыз және Ойыл өзендері болып табылады. Жайық-Каспий бассейнінің көп жылғы су ресурстары 12,8 км³ тең, оның ішінде Ресей Федерациясынан тармақ 8,7 км³ тең. 2013 жылы тармақ 8,4 км³ дейін кеміген.

Шу-Талас бассейні

Негізгі өзендер болып Шу, Талас және Аса өзендері табылады. Шу-Талас бассейнінің көп жылдық су ресурстары 4,2 км³ құрайды. Шу,

Талас өзендері бассейндерінің жер үстіндегі су ресурстарының негізгі бөлігі Қырғыз Республикасында шоғырланған.

1.2.1. Беткі су ресурстары

Республика аумағында 39 мың шамасында өзендер мен ағын сулар бар, оның ішінде 7 мыңнан астамының ұзындығы 10 км-ден асады. Қазақстан өзендерінің басым көпшілігі Каспий және Арал теңіздерінің, Балқаш көлінің, Алакөл және Теңіз көлдерінің ішкі тұйық бассейндеріне жатады. Тек Ертіс өзені Солтүстік Мұзды мұхит бассейніне жатады. ҚР Су Заңнамасына сәйкес айрықша мемлекеттік маңызға ие су объектілеріне жататындар: Каспий теңізі, Балқаш көлі, Зайсан көлі, Алакөл көлінің жүйесі, Ертіс өзені.

Қазақстанда барлығы беткі сулардың жалпы ауданы 4500 км² және көлемі 190 м³/с шамасында 48 мыңнан астам көл бар. Көлдердің көбі орман дала аймағы мен дала аймағының солтүстік бөлігінде орналасқан. Су алмасу шарттары бойынша республика ағынсыз көлдерге ие болуда.

Қазгидромет деректері бойынша Қазақстанның беткі сулардың ресурстары жылына орташа сулылығы бойынша 108,5 км³ құрайды. Оның ішінде республика аумағында 56,5 км³ қалыптасады (1.2.1-ші және 1.2.2-ші кестелер). Бұл ретте жылына Қытай аумағынан орташа 19,9, Өзбекстаннан 13,7, Ресейден 7,4, Қырғызстаннан 3,0 км³ келіп кіреді.

1.2.1-ші кесте. Өзен ағысының ресурстары, млн. м³

Жылдар	Барлығы	ҚР аумағында қалыптасатын өзен ағыстары	Шектес мемлекеттерден келетін өзен ағыстары
2010	143 600	77 200	66 400
2011	101 800	57 300	44 500
2012	92 700	49 200	43 500
2013	121 100	75 000	46 100
2014	109 800	63 500	46 300
2015	107 400	67 700	39 700

1.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

2015 жылы табиғатты қорғау су жіберулер 1338,9 млн м³ көлемінде жүргізілді. Су жіберулер Ақмола облысының Қорғалжын мемлекеттік қорықшасының Теңіз өзенін, Қызылорда облысы аумағының экологиялық жағдайын жақсарту және көлдер жүйесін сумен толықтыру және толтыру үшін, Павлодар облысының Шідерті өзенінің төменгі ағысында шөлейттену және деградация үдерістерін жоюды қамтамасыз ету мақсатында жүргізілді.


Қазіргі таңға дейін суды бөлу туралы шарты жоқ Қытай Халық Республикасынан (бұдан әрі – ҚХР) басқа көршілес елдермен қолданыстағы

шарттарға сәйкес, Қазақстан аумағына жылына орташа сулылығы бойынша трансшекаралық өзендер ағысының көлемдері мынадай болуы қажет:

Сырдария өзені - 12 км³;
Жайық өзені - 7,79 км³;
Іле өзені -12 км³, Қара Ертіс өзені- 9,8 км³, (көп жылдық орташа деректер негізінде);
Шу өзені - 2,79 км³, Талас өзені - 0,81 км³.

Қазақстан аумағына нақты келіп кіретін трансшекаралық өзендер ағысы 1.2.1-ші суретте көрсетілген. ҚХР-дан келетін трансшекаралық өзендер бойынша ағыстардың азаюы байқалады.

1.2.1-ші сурет.



Іле трансшекаралық өзені (70%) ҚХР-да және Қазақстанда (30%) қалыптасады. 2014 аз сулы жылда бұл өзеннің сулылығы орташа көп жылдық көрсеткіштердің деңгейінен 20%-ға төмен болды. Бұл ретте Балқаш көлінің су деңгейі 342,23 м, деңгейдің критикалық нүктесінде - 341,0 м болған, бұл 2012 жылмен салыстырғанда 53 см-ге төмен. Қапшағай су қоймасында Қапшағай қаласын ауыз сумен қамтамасыз ету, Қапшағай ГЭС пен Балқаш ауданының суармалы жерлерін сумен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігінің қауіпі төнді.

Сырдария трансшекаралық өзені Қырғызстан Республикасының (75%), Өзбекстан Республикасының (15,2%), Тәжікстан Республикасының (2,7%) және Қазақстан Республикасының (6,9%) аумағында қалыптасады.

Өзен ағысы өз құрамында гидроэлектрстанциялары бар негізгі бес су қоймасымен 93%-ға реттелген: Нарын өзенінде Тоқтағұл, Қарадария өзенінде Андижан, Сырдария өзенінде Қайраққұм және Шардара, Шыршық өзенінде Шарбақ.

1.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Сырдария бассейнінің мемлекеттер арасындағы су қатынастары Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан республикалары арасындағы мемлекетаралық көздердің су ресурстарын пайдалану және қорғаудың бірлескен басқармасы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (1992 жылғы 18 ақпандағы) негізінде реттеледі.

Алайда, 2004 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін көрсетілген Келісім ережелері толық шамада сақталмайды.

Оңтүстік-Қазақстан облысының Мақтарал ауданында суармалы су тапшылығын азайту мақсатында вегетация шыңында (маусым-шілде) Өзбекстаннан «Достық» арнасы бойынша судың келуін шектеуде Шардара су қоймасынан суды машинамен беру бойынша арна («Тәуелсіздікке 20 жыл арнасы») салынды. Алайда, бұл судың жетіспеушілік проблемасын толықтай шешуге мүмкіндік бермейді.

1.2.1.1. Беткі су ресурстарының сапасы

Беткі су ресурстарының сапасын бақылау гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша 2010 жылы таратылған 105 су объектісінің 240 гидрохимиялық маңдарында жүргізілді: 71 өзенде, 16 көлде, 14 су қоймасында, 3 арнада, 1 теңізде.

Су сапасының өзгеру динамикасын салыстыру және анықтау үшін пайдаланылатын беткі сулардың ластану деңгейі судың ластануының кешенді индексінің (СЛКИ) мөлшері бойынша бағаланады.

Зерттелген су объектілерінің жалпы барлық санынан:

«нормативті-таза» деңгейіне 7 көл, 1 су қойма, 1 көл, 1 теңіз: Жайық өзені (Атырау), Қиғаш, Шаронова, Ембі (Атырау), Қатты бөген, Есік, Бөген, Бартоғай су қоймасы, Марқакөл өзені, Каспий теңізі жатады.

«ластанудың орташа» деңгейіне – 42 өзен, 11 су қойма, 8 көл, 3 арна: Қара Ертіс, Ертіс,

Бұқтырма, Оба, Емел, Аяғөз, Жайық (БҚО), Шаған, Деркөл, Елек (БҚО), Сарыөзен, Қараөзен, Ақтасты, Қосестек, Есіл, Ақбұлақ, Бетгібұлақ, Іле, Текес, Қорғас, Баянкөл, Шілік, Шарын, Қаскелең, Қарқара, Түрген, Талғар, Темірлік, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Талас, Асса, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау, Берікқара, Сырдария, Келес, Бадам, Арыс өзендері, Бұқтырма, Өскемен, Аманкелді, Жоғарғы Тобыл, Вячеславское, Кенгір, Құрты, Шардара, Қапшағай, Тасөткел, Сергеевское су қоймалары, Шалқар (БҚО), Сұлтанкелді, Билікөл, Қопа, Зеренді, Үлкен Алматы, Қарасу көлдері, Арал теңізі, Нұра-Есі, Қошым, Ертіс Қарағанды арналары жатады.

«ластанудың жоғары» деңгейіне - 24 өзен, 7 көл, 3 су қойма: Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Елек (Ақтөбе), Ембі (Ақтөбе), Ойыл, Ор, Ырғыз, Қарғалы, Үлкен Қобда, Қара Қобда, Темір, Шыңғырлау, Сарыбұлақ, Тобыл, Айет, Тоғызак, Үй, Обаған, Нұра, Жабай, Қара Кеңгір, Шерубайнура өзендері, Бурабай, Үлкен Шабақты, Шучье, Кіші Шабақты, Балқаш, Сұлукөл, Шалқар (Ақтөбе) көлдері, Самарқан, Қаратомар су қоймалары жатады;

«ластанудың төтенше жоғары» деңгейіне – 1 өзен: Красноярка жатады.

ҚР кейбір су объектілерінде оттегіні биохимиялық тұтынудың 5 тәулік ішінде арттырылған көрсеткіштері байқалады және мына әдіспен жіктеледі: Билікөл көлдері - «ластанудың төтенше жоғары» деңгейіне, Жайық, Шаронова, Қиғаш, Ембі, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Сарыөзен, Елек, Қарғалы, Қосестек, Ақтасты, Ойыл, Үлкен Қобда, Ор, Тоғызак, Обаған, Қара Кеңгір, Талас, Шу, Ақсу, Қарабалта, Тоқташ, Сарықау өзендері, Қошым арнасы, Шалқар (БҚО), Шалқар (Ақтөбе) көлдері, ал Кеңгір, Тасөткел су қоймалары - «ластанудың орташа» деңгейіне жатады.

2015 жылы жоғары ластанудың 713 жағдайы (ЖЛ) және 36 су объектілерінде экстремалды-жоғары ластанудың 9 жағдайы (ЭЖЛ) белгіленген. (1.2.2-ші кесте).

1.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

1.2.2-ші кесте. 2015 жылы беткі суларда жоғары ластанудың (ЖЛ) және экстремалды-жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары туралы деректер

№	Су объектісінің атауы, облысы, бақылау орны, маңы	Ластағыш заттар атауы	Жоғары ластану (ЖЛ) жағдайлары туралы деректер	Экстремалды-жоғары ластану (ЭЛЖ) жағдайлары туралы деректер	Ластанудың мүмкін көздері, қабылданған шаралар (ҚР ЭМ Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитетінің ұсынған деректері бойынша ҚР ЭМ МКЭРБМИК)
1	Елек өзені (Ақтөбе облысы)	бор, хром (6+), тұзды аммоний	45	-	Елек өзенінің беткі сулар мен жер асты суларының бормен ластануы тарихи болып табылады. Ластағыш саро - 1964 жылға дейін ластанған өндірістік ағынды суларды тікелей Елек өзеніне құйып отырған С.М.Киров атындағы бұрыңғы Ақтөбе химия зауыты. Экология департаментінің зертханасымен гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша Елек өзеніне ай сайын бақылау жасалуда, өзеннің барлық ұзындығы бойынша бордың жоғары концентрациясы бар.
2	Есіл өзені (Ақмола облысы)	нитритті азот, марганец	6	-	Себеп - су тоғаны фондындағы тұнба шөгінділері нәтижесінде пайда болғанымен шартталған. Қабылданған шаралар - Есіл аудандық мемлекеттік инспекторының деректері бойынша аталған ауданда өндірістік кәсіпорын жоқ яғни, аталған оқиға негізінен табиғи сипатта. Судың, жануарлар мен өсімдіктер организмдерінің, әсіресе көк-жасыл диатомды балдырлар сонымен қатар, жоғары су өсімдіктердің шөгу үдерісінде марганецтің маңызды бөлігі пайда болады. Беткі суларда марганецтің концентрациясы мерзімдік ауытқуда болады.
	Глубочанка өзені (ШҚО)	мырыш, марганец	14	-	Глубочанка өзені - ластағыш көзі болып «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС табылады (қазіргі таңда Востокцветмет» ЖШС). «Шығыстүрлітүстімет» ЖШС кәсіпорынымен 2015 жылы Глубочанка және Красноярка өзендерінің сауықтыру жағдайына 50 631 147 теңге сомасына табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарланды. 2016 жылы «Шығыстүрлітүстімет» ЖШС-мен Глубочанка және Красноярка өзендеріне кері ықпалды айтарлықтай азайту мақсатында мыналар жоспарланады: 1. «Ертіс кенішінің ескі шлам жинақтағыштарын қалпына келтіру» жұмыс жобасына түзету (Ертіс кенішінің ескі қоқыс жинақтағыштарын қалпына келтіру, қалпына келтіру жұмыс жобасын түзету аяқталған кезде 2016 ж. құны 55 028,1 мың тең болды). 2. «ҚОӘБ бөлімімен Ертіс кенішінің кенін уақытша сақтау алаңы» жұмыс жобасын құру; (Жоба әзірленді. Мемлекеттік органдармен келісім жүргізілу үстінде). 3. «ҚОӘБ бөлімімен Ертіс кешенінің жыныстарын орналастыру алаңы» жұмыс жобасын құру.
	Брекса өзені (ШҚО)	мырыш, марганец	13	1	Брекса өзенінің (Филипповка) ластағыш көздері болып мемлекет қарамағына жататын Шубин жыныс үйіндісі мен «Қазцинк» ЖШС кәсіпорынының Шубинск кеніші тұрған Мартынов бұлақ көздері табылады. Бұдан әрі Филипповка өзені «Қазцинк» ЖШС қарамағындағы Риддер-Соколовск кенішінің ағындыларымен, Чашинск үйінді сақтағышының дренажымен сонымен қатар, Риддер-Соколовск кен орындарының жыныс үйіндісімен

1.2. СУ РЕСУРСТАРЫ

Көлікте мүмкін шаралардың бірі – ауыл шаруашылығының жүктасымалы саласында, қоғамдық және қалалық көлікте газ моторлы отынға көшуді белсенділендіру. Ірі қалаларда қоғамдық көлік жүйесін жетілдіруді және оларды жеке көліктің қолайлы баламасы етуді жалғастыру қажет, ол жолдарды босатуға және отынның шығынына зайтуға мүмкіндік береді. Соңында, моторотының сапасын мемлекеттік бақылау және қадағалау саясатын жалғастыру, сондай-ақ сапаның жаңа стандарттарына өту қажет (*Казнерджи, Ұлттық энергетикалық баяндамасы 2015*).

Қазіргі уақытта ҚР МӨЗ зауыттардың қалпына келтіру және жаңғырту жобалары жүзеге асырылуда.

Жаңғырту жобаларының негізгі мақсаты:

- ішкі нарықтың ашық түсімін ұнай қажеттілігін толығымен қамтамасыз ету;
- мұнайдың қайта өңдеу тереңдігін 90%-ға дейін жоғарлату;
- ескі, моралды тозығы жеткен жабдықтарды жаңа технологияларға алмастыру;
- Кеден одағының техникалық регламент талаптарына сәйкес, К5 экологиялық санаттағы моторотындарын өндіруді қамтамасыз ету;
- зауыт қуатын жоғарлату.

2016 жылдың желтоқсанында Атырау МӨЗ, ал 2017 жылы Павлодар және Шымкент МӨЗ қалпына келтіру және жаңғырту жобасының механикалық аяқтау жоспарланған.

Зауыттардың қалпына келтіру және жаңғырту жеке және қарыз қаражаты есебінен жүргізіліп жатыр.

К5 экологиялық санаттағы моторотының шығару елесі қондырғылардың есебінен жүзеге асырылатын болады:

Дизель отынын гидротазалау	құрамында күкірт аз болатын дизелдік отын өндіруге арналған
Изомерлеу қондырғысы	Шикізатты алдын-ала гидротазалау блогымен изомерлеу қондырғысы бензиннің жоғарғы октан компоненті-изомериті арналған
Каталитикалық крекинг бензинін гидротазалау қондырғысы	құрамында күкірт аз каталитикалық крекинг бензинін (FCC) өндіруге арналған

2.2. БӨЛІМ. КӨЛІК

Жаңғыртуды аяқтау, Евро 4,5 сәйкессапа стандартты мұнай өнімдерімен жана Р- жағармайдың ішкі нарықтың қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ішкі нарықты ашық түсті мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету, дизель отынын және жоғарғы октанды бензинді өндіруді жоғарлату (қайтатөндеу тереңдігін жоғарлату) және қарамұнай өнімдерін (мазут) өндіруді қысқарту есебінен жүзеге асырылатын болады, мұнда қарамұнай өнімдері ішкі нарыққа жеттілігін қамтамасыз ететіндей мөлшерде өндірілетін болады.

Бөлім 2.3
ҚАЛДЫҚТАР



Қалдықтарды басқару саласындағы Қазақстанның саясаты қайталама шикізаттан өнім алумен қалдықтарды қайта өңдеу секторын дамытуға бағытталған. Аталған саясат Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылдың 30 мамырындағы Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшу концепциясында (бұдан әрі – Концепция) көрініс табады.

Концепциямен ҚТҚ-мен бар проблемаларды шешу үшін талаптарды жүзеге асыратын негізгі іс-шаралар анықталған атап айтқанда: қалдықтарды бөлек жинауды енгізу; ҚТҚ қайта өңдеу деңгейінің мониторингі және оның индикаторлары анықталған; инвестицияларды тарту механизмін әзірлеу; қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және кәдеге жарату, қалдықтарды қайта өңдеу бойынша кәсіпорындарды ынталандыру шығындары бөлігін жабу мақсатында өндірушілердің (импортерлер) жауапкершіліктерін кеңейту принциптерін енгізу.

2.3.1. Қалдықтардың пайда болуы
Қазақстанда жинақталған өндірістік қалдықтардың жалпы көлемі 28 015,420 млн.

тоннадан астамды құрайды. 2015 жылғы деректер бойынша республика бойынша пайда болған өндірістік қалдықтар 982211,796 мың тонна, оның кәдеге жаратылғаны 227062,422 мың тонна яғни, 23,12 %-ды құрайды

Қазақстанды жинақталған ҚТҚ жалпы көлемі шамамен 100 млн тоннаны құрайды, бұл ретте жыл сайын шамамен 5-6 млн тонна ҚТҚ пайда болады. 2015 жылғы есептік деректер бойынша республикада 5467,254 мың тонна, оның ішінде кәдеге жаратылғаны 99,669 мың тонна яғни, 1,8%-ды құрайды қалған көлемі полигондарға орналастырылады. 2015 жылғы есептік деректер бойынша республикада 4049 астам полигон және ҚТҚ үйінділері есептелген. Оның ішінде заңдастырылғани полигондар мен үйінділер – 459.

Сонымен қатар, полигондарын көпшілігінің әрекет ету мерзімі аяқталған, оларды қалпына келтіру талап етіледі сондай-ақ қолданыстағы нормалар мен талаптарға сәйкес жаңа полигондар құрылысы талап етіледі.

2.3.1-ші кесте. Қалдықтардың пайда болуы

№	Наименование	Единица	Жылдар		
			2013	2014	2015
	Барлық қауіпті қалдықтар: олардың ішінде	мың т/жыл	382214,3	337414,7	251 565,7
1	Ауыл шаруашылығы, орман өсірушілік балық аулаушылық	мың т/жыл	1146,8	1049,5	1110,8

2.3 БӨЛІМ. ҚАЛДЫҚТАР

2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	мың т/жыл	128518,8	80867,0	40200,0
3	Өңдеу өнеркәсібі	мың т/жыл	19402,5	44918,2	16929,4
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру	мың т/жыл	28832,8	18844,3	7942,8
5	Құрылыс	мың т/жыл	667,6	747,4	625,6
6	Экономикалық қызметтің басқа да түрлері	мың т/жыл	203645,8	190988,3	184756,9

Тарихи өнеркәсіптік қалдықтардың оның ішінде, техногендік минералдық түзілімдердің үлкен санының болуы.

Кеңестік индустриалдық бес жылдық кезеңінде ауыр өнеркәсіптің, аграрлық кешеннің және пайдалы қазбаларды әзірлеу қалдықтарының маңызды көлемі жинақталған. Сонымен қатар, бұл қалдықтардың маңызды бөлігі жоғары уытты және радиоактивті ластанудың деңгейі жоғары.

Өнеркәсіп кәсіпорындарының көпшілігінің қалдықтарды орналастыруға арналған меншік объектілері (полигондары, үйінді жинақтағыштары, күл үйінділері) бар. Қалдықтарды орналастыруға арналған меншік объектілері жоқ кәсіпорындар қалдықтарды қайта өңдеу және орналастыруды жүзеге асырушы арнайы ұйымдарға тапсырады. Бүгінгі таңда арнайы қалдықтардың жеке түрлерін жинайтын, қайта өңдейтін және орналастыратын 200-нан астам ұйым қызмет жасайды.

Сонымен қатар, Энергетика министрлігінің «Жасыл даму» АҚ ведомствоға қарасты ұйымымен 2014 жылы Қарағанды облысындағы «Теміртау электрометаллургия комбинаты» АҚ аумағында орналасқан құрамында сынабы бар иесіз қалдықтарды зерттеу бойынша жұмыстар жүргізілді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша құрамында сынабы бар қалдықтар әрі қарай кәдеге жарату үшін «Меркур-Центр КЗ» ЖШС-ға сатылды. Осылайша «тарихи қалдықтар» деп танылған қауіптілігі жоғары көз жойылды.

2015 жылы Қарағанды облысының Теміртау қаласындағы «Теміртау электрометаллургия комбинаты» АҚ аумағында орналасқан химиялық қалдықтардың бағалық құны анықталды. Зерттеулер мен бағалау жүргізілді. Қалдықтар талап етілмеген деп саналады және қауіпсіз кәдеге жаратуға немесе көмуге жатады. Ақтөбе облысының Алға қаласындағы бұрынғы Киров атындағы

химия зауытының аумағында орналасқан иесіз қалдықтарға зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қостанай облысының Тоғызқас кентіндегі «Шаруа» ЖШС қалдықтары көмуге полигон-мал қорымдарына шығарылып, жойылды сонымен қатар, ауыл шаруашылық химиясын қоймалау бұзылу нәтижесінде пайда болған иесіз қалдықтарды (улы химикаттар) көму бойынша жұмыстар жүргізілді.

2.3.2. Қауіпті қалдықтарды шекара аралық тасымалдау

Қауіпті қалдықтарды шекара аралық тасымалдау «Қауіпті қалдықтарды шекара аралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясымен реттеледі. (Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 10 ақпандағы № 389-ІІ Заңы).

Конвенцияның негізгі ережесі: қауіпті қалдықтарды шығаруға және кіргізуге тыйым салу, қалдықтарды заңсыз саудалаудың алдын алу, үкіметтік ұйымдардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың, ғылыми мекемелердің және басқалардың қызметін үйлестіру, жазбаша ескертулер мен рұқсат беру жүйесі арқылы қалдықтарды шекара аралық тасымалдауды бақылау. Конвенция елдерге көму мақсаттары үшін қауіпті қалдықтар импортына тыйым салу немесе ұсыныстарды қабылдамау құқығын береді.

Сонымен қатар, Конвенция Тараптарға олардың шекарасы арқылы тасымалданған қалдықтардың санын азайтуды, оларды өндіру орындарына мүмкіндігінше жақын қалдықтарды қайта өңдеуді және жоюды сондай-ақ экологиялық негізделген аз қалдықты технологияларды енгізу жолымен олардың көзінен қалдықтардың пайда болуын алдын алуға немесе минимумға келтіруді, өнеркәсіптік қалдықтарды пайдаланудың біршама тиімді әдістерді құруды міндеттейді.

2.3 БӨЛІМ. ҚАЛДЫҚТАР

2.3.2-ші кесте. Қауіпті қалдықтарды шекара аралық тасымалдау.

№	Атауы	Бірлік	Жылдар		
			2013	2014	2015
1	Қауіпті қалдықтар импорты	тыс т/год	0,7	4,6	0,1
2	Қауіпті қалдықтар экспорты	тыс т/год	0,3	0	0

2.3.3. Қалдықтарды қайта өңдеу және қайталама пайдалану

Қазіргі таңда республикада негізінен шағын және орта бизнесте өнімнің 20-дан астам түрін шығаратын және жыл сайын 90 мың тоннадан астам қайталама шикізатты қайта өңдейтін 100 кәсіпорын жұмыс істейді: пластиктен, металдан, ағаштан, шыныдан, қағаздан,

резеңке ұнтағынан, резинотехникалық бұйымдардан, биогаздан, тыңайтқыштан.

Көрсетілген кәсіпорындар қызметі есебінен елдегі жыл сайын пайда болатын ҚТҚ көлемдерінен 2%-ға жуығы қайта өңделеді.

2.3.3-ші кесте. Қалдықтарды қайта өңдеу және қайталама пайдалану, мың тонна

Наименование	Бірлік	2014	2015
Барлық пайда болған қалдықтар: олардың ішінде	мың тонна		
Өндірістік қалдықтардың пайда болуы	мың тонна	979674,691	982211,796
Өндірістік қалдықтарды кәдеге жарату	мың тонна	225500,000	227062,422
Өндірістік қалдықтарды кәдеге жаратудың олардың пайда болуына шаққандағы үлесі	%	23,0	23,12
Тұрмыстық қатты қалдықтардың пайда болуы	мың тонна	5308,549	5467,254
Тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жарату	мың тонна	117,500	99,669
Тұрмыстық қатты қалдықтарды кәдеге жаратудың олардың пайда болуына шаққандағы үлесі	%	2,21	1,8
Қауіпті қалдықтардың пайда болуы	мың тонна	337414,794	251565,653
Қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату	мың тонна	110138,370	74131,553
Қауіпті қалдықтарды кәдеге жаратудың олардың пайда болуына шаққандағы үлесі	%	32,6	29,5

ҚТҚ пайда болу көзінен кезеңмен бөлек жинау Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Батыс-Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік-Қазақстан облыстарында, Астана және Алматы қалаларында енгізілуде. Сұрыптау желілері тек Қарағанды (Қарағанды қ., Теміртау қ.)

Маңғыстау облысында (Жаңаөзен қ.), Шығыс-Қазақстан (Семей қ.), Батыс -Қазақстан (Орал қ.), облыстарында, Астана қаласында құрылған.

Қоқысты қайта өңдейтін кешендер құрылысы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен

2.3 БӨЛІМ. ҚАЛДЫҚТАР

Ақмола облысының Көкшетау қаласында қоқысты сұрыптайтын бекетімен ҚТҚ жаңа полигонының құрылысын салуға жобалық-сметалық құжат әзірленді. Құрылыстың болжамды бағасы 2,2 млрд. теңге.

2015 жылы Ақтөбе облысының әкімдігі мен «RenTeh B.V.» (Нидерланд) қаржылық холдингі арасында Ақтөбе қаласында қоқысты қайта өңдейтін зауыт құрылысы жобасын жүзеге асыру бойынша меморандумға қол қойылды. Жылына құрылыс материалдарын шығарумен Зауыттың болжамды жобалық қуаттылығы ҚТҚ 200 мыңнан астам тоннаны құрайды. Қайта өңдеу тереңдігі - 80%. Жобаны қаржыландырудың жеке капиталы 30%, қарыз қаражаты 70%. Еуропалық инвестициялық банк (Люксембург). Шамамен 63 млн евро.

Алматы облысында қатты және сұйық қалдықтарды қайта өңдеу бойынша «ЭкосервисАрман» ЖШС қазақстандық-түрік бірлескен кәсіпорыны салынды. Кәсіпорынның жобалық қуаттылығы тәулігіне - 50 мың тонна (резина, пластик, май қалдықтары, шиналар) қалдық. Кәсіпорында пайдалануға беру жұмыстары жүргізілуде.

ҚТҚ қайта өңдеу бойынша «ADAL DAMU CAPITAL» ЖШС жобасы әзірлену деңгейінде. Кәсіпорынның жобалық қуаттылығы тәулігіне жылына - 60 мың тонна. Жоба 3 кезеңнен тұрады: 1-ші кезеңде 2016 жылы ҚТҚ сұрыптауға арналған қоқысты қайта өңдейтін кешенді және қайталама шикізатты өндіруге арналған цехты пайдалануға беру жоспарлануда; 2-ші кезеңде - ҚТҚ органикалық фракцияны қайта өңдеу бойынша биогазды кешен құрылысы. Өндіріс қуаттылығы жылына 18 мың тонна газ; 3-ші кезеңде органикалық қалдықтардан биогумус өндіруге арналған вермифабрика құрылысы. Жобаның жүзеге асырылу мерзімі - 2016-2018 жылдар.

Алматы облысының Жамбыл, Еңбекші қазақ, Есіл аудандарында ҚТҚ сұрыптау, қайта өңдеу және жою бойынша 4 өнеркәсіп кешен құрылысы қарастырылады. Құрылыс кешенінің жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге жергілікті бюджеттен 20 млн теңге бөлінді.

Атырау облысында жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге (ЖСҚ) қоқыс сұрыптау кешенінің құрылысына Атырау қаласының жергілікті бюджетінен 70 млн теңге бөлінген. Құрылыс кешенін қаржыландыру Дүниежүзілік банкпен 2018-2020 жылдары жүзеге асырылады.

Шығыс Қазақстан облысының ҚТҚ құрылыс полигонына және Өскемен қаласының қоқыс өңдейтін зауыты үшін жер учаскесі (30 га) бөлінді. Қазіргі уақытта мемлекеттік-жеке

меншік әріптестік шеңберінде бірлескен жобаларды іске асыру үшін инвесторлар іздестіру жүзеге асырылуда.

Батыс Қазақстан облысында 2015 жылы қоқысты сұрыптау және қоқысты қайта өңдеу кешендерімен ҚТҚ жаңа полигонының құрылысына техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу басталды және жергілікті бюджеттен 20,2 млн теңге бөлінді. Сондай-ақ, Орал қаласының әкімдігімен Орал қаласының ҚТҚ полигонынан денеден биогаз алу инвестициялық жобасын жүзеге асыру бойынша «Doganova» фин компаниясының өкілдерімен келіссөздер жүргізілуде.

2014 жылы Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында жылына 50,0 мың тонна/жыл қуаттылығымен ҚТҚ қайта өңдеу, кәдеге жарату бойынша комбинаты пайдалануға берілді. Жергілікті бюджет қаражатына 2017-2018 жылдарға 40,0 млн теңге сомасына Ақтау қаласында қоқысты қайта өңдейтін кешен құрылысының және облыстың 6 ірі елді мекендерінде (Қарақия ауданының Құрық және Жетібай ауылдары, Түпқараған ауданының Ақшұқыр ауылы және Форт-Шевченко қаласы, Маңғыстау ауданының Шетпе ауылы, Бейнеу ауданының Бейнеу ауылы) қоқысты сұрыптайтын бекеттердің жобалық құжаттарын (ТЭН, ЖСҚ) әзірлеу көзделген.

Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында әлеуетті инвесторлармен қоқысты қайта өңдеу зауыты құрылысы мәселері пысықталуда. Сондай-ақ, Алматы қаласында биогазды және оны жылу және электр энергиямен қайта өңдеуді алу арқылы кәріздік тазалау құрылысының тұнба аудандарында қоқысты қайта өңдейтін зауыт құрылысы мәселелері пысықталуда. ТЭН жобасы әзірленді.

Астана қаласында қолданыстағы қоқыс өңдейтін зауытын модернизациялау бойынша жұмыстар жүргізуде. Сонымен қатар, қоқыс өңдейтін саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру, қалдықтарды қайта өңдеу бойынша технологияны кезең кезеңмен енгізу және анықтау үшін, Астана қаласының әкімдігімен Астана қаласының қалдықтарын басқару жүйесін модернизациялау бойынша бағдарлама әзірленді. Бағдарлама қалдықтарды басқарудың интеграцияланған жүйесін ұлғайту құруды, қалдықтарды 50% - ға дейін қайта өңдеу тереңдігін ұлғайтуды қарастырады.

2.3.4. Қалдықтардың түпкілікті жойылуы

2015 жылы ПХД экологиялық қауіпсіз жұмыс істеу жүйесін құру шеңберінде «Қазақстанда

2.3 БӨЛІМ. ҚАЛДЫҚТАР

ПХД басқарудың кешенді жоспарын әзірлеу және орындау» БҰҰДБ жобасы аяқталды. Жоба ПХД қауіпсіз жұмыс істеу бойынша нормативті базасын әзірледі, оның шеңберінде 360 кәсіпорын ПХД жабдықтарын түгендеуге кірісті. Сондай-ақ, жоба шеңберінде республиканың алты кәсіпорнынан (2400 конденсатор) 80 тонна ПХД майы 33 трансформатор (Республиканың төрт кәсіпорны) және 150 тонна кәдеге жаратылды.

ҚР Президентінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 399 қаулысына сәйкес ТОЛ (тұрақты органикалық ластағыштар) жою проблемалары бойынша жобаларды жүзеге асыру үшін 2012 жылдың 22 қарашасынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасы аумағының орманды жерлерін көбейту жобасын дайындауға грант бөлу туралы Қазақстан Республикасы мен Қайта Құру және Халықаралық Даму Банкі арасында Келісімге қол қойылды.

Байланысты Грант шеңберінде Дүниежүзілік банктің «Тұрақты органикалық ластағыштар қалдықтарын жою және Қазақстанда олармен ластанған аумақтарды қалпына келтіру» жобасын жүзеге асыруға қатысты

министрліктің 155 бюджеттік бағдарламасы бойынша Шығыс Қазақстан облысының жаңа учаскесінде зауыт құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесіне түзету және аяқтау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Сондай-ақ, Қазақстанда «Ұлттық орындалу жоспарын жаңарту, Қазақстанда медициналық қалдықтарды ұлттық жоспарлау мен тиімді басқару үдерісіне тұрақты органикалық ластағыштарды басқаруды интеграциялау» БҰҰДБ/ҒЭҚ ҚОСРМ жобасы жүзеге асырылуда.

Іске асырылу мерзімі 2014-2017 жылдар, жобаның негізгі мақсаты: Қазақстанда медициналық қалдықтарды тиімді пайдалануды ілгерілету арқылы байқаусызда пайда болатын тұрақты органикалық ластағыштар мен қоршаған орта экологиясы үшін басқа барлық ластағыштарының шығарындыларын азайту сонымен қатар, Стокгольм Конвенциясы бойынша оның сәйкес міндеттерінің орындалуына елде жәрдем көрсету міндеттемелерін орындауда елде көмек көрсету.

2.3.4- ші кесте. Қалдықтардың түпкілікті жойылуы

№	Атауы	Бірлік	Жылдар		
			2013	2014	2015
1	Қауіпті қалдықтардың жыл басындағы саны	мың т	9 665 861,8	9 604 742,3	9 623 025,7
2	Жыл бойына пайда болатын қауіпті қалдықтар	мың т	382 214,3	337 414,8	251 565,6
3	Жыл бойына импортталатын қауіпті қалдықтар	мың т	0,7	4,6	0,1
4	Жыл бойына экспортталатын қауіпті қалдықтар	мың т	0,3	0	0
5	Импорт - экспорт	мыңт			
6	Жыл бойына өңделетін немесе жойылатын қауіпті қалдықтардың жиыны;	мың т	81 854,6	110224,9	74131,553
7	Қауіпті қалдықтардың жыл соңындағы саны	мың т	9 789 306,6	9 742 973,1	9 727 976,6

2.3.5.Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 17 қарашадағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне индустриялық-инновациялық саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 407-V заңымен, Қазақстанда қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың шығындар бөлігін жабу

мақсатында өндірушілердің (импорттаушылардың) (бұдан әрі - ӨКМ) кеңейтілген міндеттемелері енгізілді.

ӨКМ - бұл Қазақстан Республикасының аумағында өндіріспен айналысатын және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағына ӨКМ-не қатысы бар, өнімдерді (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу,

2.3 БӨЛІМ. ҚАЛДЫҚТАР

залалсыздандыру, пайдалану және кәдеге жаратуды қамтамасыз ету жөніндегі өнімдерді алып келуді іске асыратын жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері.

Қазақстан Республикасының аумағында өндіріспен айналысатын және (немесе) ӨКМ таратылатын өнімнің (тауарлардың) тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқаннан кейін пайда болатын өнімдерді жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) қалдықтарды кәдеге жаратуды Қазақстан Республикасының аумағына кіргізуді жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалар **ӨКМ таратылатын өнімнің (тауарлардың) тізбесіне** сәйкес келесідей тәсілдердің бірімен қамтамасыз етуі тиіс:

1) қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың өзіндік жүйесін қолдану;

2) ӨКМ операторымен қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, пайдалану және (немесе) қалдықтарды кәдеге жарату туралы шарт жасасу.

Қоғамдастықтың бизнес ұсыныстарын ескере отырып, ӨКМ принципін кезең-кезеңмен енгізу қарастырылған. Бірінші кезеңде ӨКМ-ды енгізу, тек **автокөлік құралдарының** қалдықтарын кәдеге жаратуды пайдалануға таратылады.

Қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және кәдеге жаратудың өзіндік жүйесін қолдану кезінде жеке және заңды тұлғалар экологиялық заңнама талаптарына сәйкес болуға және орындауға міндетті.

ӨКМ орындау өндірушілер (импорттаушылар) мен ӨКМ операторы арасында қалдықтарды жинаудың, қайта өңдеудің және (немесе) кәдеге жаратудың ұйымдастыру туралы шарт жасасу жолымен жүзеге асырылады.

Өндірушілердің, импорттаушылардың кеңейтілген міндеттемелерін орындауды растайтын құжаттар:

1) Қазақстан Республикасында өндірілген көлік құралдарының көлік құралы төлқұжатында кәдеге жаратудың төлемі туралы белгінің болуы;

2) әкелінген көлік құралдары үшін кәдеге жарату туралы төлем құжаты. Бұл ретте Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген көлік құралдарына бастапқы көлік құралын тіркеуге дейін Қазақстан Республикасының жол жүру заңына сәйкес төлем төленеді.

Өз кезегінде ӨКМ операторы өндірушілердің, импортерлердің кеңейтілген міндеттерін

жүзеге асыру мақсатында мамандандырылған ұйымдармен шарт жасасады. Бұл ретте, мамандандырылған ұйымдар – бұл қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, пайдалану кәдеге жарату бойынша бір немесе бірнеше қызметтерді жүзеге асыратын ұйым.

Көлік секторына ӨКМ-ды енгізу автомобиль өнеркәсібінің қалдықтарын жинаудың, кәдеге жаратудың және қайта өңдеудің атап айтқанда, өндірушінің (импортерлердің) есебінен автокөлік құралдары мен тозған автокөлік шиналарының шығындарын жабуға мүмкіндік береді. Өндірушілер мен импортерлер ыдыстары мен тауарларынан алынған қаражат орамалар мен тауарларды жинау бекеттерін құруға сонымен қатар, оларды қайта өңдеу немесе кәдеге жарату бойынша объектілерге жіберіледі.

2016 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша ӨКМ операторының есеп айырысу шотына жалпы 12 млрд. теңге түсті.

Бұл ретте, пайдаланылған шиналарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, пайдалану және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру мақсатында, ӨКМ Операторымен қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, залалсыздандыру, пайдалану және (немесе) кәдеге жарату бойынша қызмет көрсету/жұмыстарын орындауға 13 кәсіпорынмен шарт жасалды, құжаттарды тексеру және ақша аудару басталды (жиналған және кәдеге жаратылған пайдаланылған шиналардың кг үшін 30 теңге).

Пайдаланылған майлар мәселесі бойынша қазіргі таңда Республикада іс жүзінде қуаттылықпен қайта өңдейтін зауыт жоқ, 2017 жылдың наурызында Шымкент қаласында (Хилл Корпорейшн) пайдаланылған майларды регенерациялау бойынша бірінші зауыт ашу жоспарлануда.

Аккумулятор батареялары мәселесі бойынша (бұдан әрі –АКБ) пайдаланылған батареяларды кәдеге жарату бойынша жалғыз кәсіпорын «Қайнар-АКБ» ЖШС болып табылатынын атап өту қажет. Аталған кәсіпорынның кәдеге жарату қуаттылығы жылына пайдаланылған АКБ 15 мың тоннадан астамын кәдеге жаратуға мүмкіндік береді. Аталған кәсіпорынның 2016 жылы АКБ кәдеге жаратылатын болжамды көлемі 10 мың тоннаға жуықты құрайды.

2015 жылдың 01 қарашасындағы жағдай бойынша республиканың автомобиль паркі Істен Шыққан Көлік құралдарын (ІШКҚ) жинау және кәдеге жаратуды қамтамасыз ету мәселесі бойынша 5 042 420 бірлікті есептегенін атап өту қажет.

Қазақстан Республикасының автомобиль паркінің тозуы жоғары деңгейде

2.3 БӨЛІМ. ҚАЛДЫҚТАР

(республикадағы барлық автомобильдердің 66%-ының жылы 10 жылдан жоғары). Автопарктің өсу динамикасы мен жыл бойынша құрылымы 2011-2015 жылдар.

Көрсетілген Ережелер шеңберінде оператормен өндірушілердің (импортерлердің) кеңейтілген міндеттеріне Қазақстан Республикасында экологиялық таза автомобиль құралдары мен оның компоненттерін өндіруді ынталандыру ретінде отандық көлік өндірушілерге 1 448,8 млн. теңге жіберілді.

Қазақстанның автомобиль паркін жаңарту бойынша мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру, ШШҚ қәдеге жаратуды қамтамасыз ету шеңберінде Оператормен ШШҚ Тапсыруды ынталандыру бойынша бағдарлама әзірленді, қазіргі таңда ол талқылау деңгейінде.

2016 жылдың қазанында электрлі және электронды жабдықтарды (тұрмыстық техникаға, люминесцентті және сынап шамдарға, токтың химиялық көздеріне) орауға қатысты қәдеге жарату жинағына ақы алынбайтын Қазақстанда ӨКМ принципін енгізу бойынша шешім қабылданды. Қәдеге жарату төлемі ставкасына 2016-2017 жылдарға «0» теңге қойылады.

Қазіргі таңда ӨКМ, орауға, электронды және электрлі жабдықтарды таратуға өнім тізбелеріне кіретін жұмыстар жүргізілуде.

Жүргізілген жұмыстар оның ішінде нормативті құқықтық актілерді жетілдіру, бөлек жинау жүйесін енгізу, қалдықтарды қайта өңдеу секторының инвестициялық тартымдылығын жақсарту, қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорынды ынталандыруға мүмкіндік береді деп күтіледі.

2.5. БӨЛІМ. ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒ АРЫНДЫЛАРЫ



Бөлім 2.5 ПАРНИКТІК ГАЗДЫҢ ШЫҒ АРЫНДЫЛАРЫ

Қазақстандағы CO₂ шығарындыларының динамикасы елдегі бастапқы энергия ресурстарын тұтынудың құрылымын көрсетеді, ол өз кезегінде экономиканың жоғары энергия сыйымдылығының салдары болып табылады. Қазақстанда бастапқы энергия ресурстарын тұтытуда көмірдің үстем рөліне қарамастан, энергия ресурстарын пайдаланумен байланысты парниктік газдар шығарындыларының көлемі соңғы жиырма жылда кеңес заманының соңына қарағанда аса төмен. 2000-шы жылдардың ортасынан парниктік газдар шығарындыларының жылдық көрсеткіштерінің жоғарылауы (198 млн. тоннадан 252 млн. тоннаға дейін, бұл 2005 жыл мен 2014 жыл аралығындағы мерзімде 27%-ға өскендігіне сәйкес) осы мерзімге ЖІӨ өсу қарқыны көрсеткіштерінен аса төмен (2005 жылдан 2014 жылға дейін 69%). Бұл шамасы экономика құрылымының өзгеруі, энергияны тұтыну тиімділігінің жоғарылау үрдісінің бастамасы, сондай-ақ энергия ресурстарын пайдалану құрылымында бірте-бірте өзгеруі сияқты факторлардың бірлесіп әсер етуімен байланысты (мысалы, өндірістік және коммуналды-тұрмыстық секторда мазутты пайдаланудың қалдықтары) (дереккөзі: *Ұлттық энергетикалық баяндама, Қазэнерджи, 2015 ж.*).

ХЭА деректері бойынша 2,59 кг. CO₂/ мың АҚШ долл. тең ЖІӨ көміртек сыйымдылығы көрсеткіші бойынша Қазақстан аса үлкен көміртек сыйымдылығымен бес елдің қатарына енеді, бұл ретте орташа көрсеткіш әлем елдері бойынша – 0,58, ЭСДҰ елдері бойынша – 0,31, Қытай үшін 1,73.17.

Энергетика саласындағы ақпарат басқармасымен (АҚШ) жүргізілген зерттеудің нәтижесі бойынша 2010 жылы Қазақстан көмірқышқыл газының абсолютті шығарындылары бойынша әлемде 28-ші орынды алды. Бұл көрсеткішті елдің экономикасының көлемі мен өндірістік бағдарын ескеріп, нашар деп бағалауға болмайды; бұған қоса, бұл шығарындылардың қысқарғандығын куәландырады, себебі 1992 жылы Қазақстан әлемде 17-ші орында болған (дереккөзі: *Ұлттық энергетикалық баяндама, Қазэнерджи, 2015 ж.*).

БҰҰ КӨНК-ның 4 және 12 баптарына сәйкес және Тараптар конференциясының (ТК) шешімімен 1-қосымшадағы елдер Хатшылыққа Монреал хаттамасында реттелмейтін ПГ барлық сорғыштарын сіңіргіштер мен көздерден тұратын антропогендік шығарындылардың ұлттық кадастрын ұсынулары тиіс. Бұл кадастрлар БҰҰ КӨНК Хатшылығымен өткізілетін тұрақты техникалық образдың мәні болып табылады. Қазіргі уақытқа дейін Қазақстан 1990 ж. бастап 2008-2014 жж. деректері бар ПГ шығарындыларының жеті ұлттық кадастры ұсынылған, оларды БҰҰ КӨНК веб-сайтынан табуға болады.

http://unfccc.int/national_reports/annex_i_ghg_inventories/national_inventories_submissions/items/9492.ppt

1995 жылғы 2 маусымдағы № FCCC/CP/1995/7/Add.1 Климаттың өзгеруі жөніндегі Біріккен Ұлттар ұйымының негізгі Конвенциясының Тараптары Конференциясының шешіміне сәйкес,

2.5. БӨЛІМ. ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒ АРЫНДЫЛАРЫ

парниктік газдардың шығарындылары бойынша деректер жыл сайын екі жылға артқа жылжып ұсынылады.

Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерінің ұлттық жүйесі 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 158-1 бабына сәйкес құрылады.

Ұлттық кадастрдың сапасын бағалау және сапасын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылдың 20 мамырында №11090 тіркелген «Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін мемлекеттік түгендеудің толықтығын, айқындығын және анықтығын бақылауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы №214 бұйрығымен реттеледі.

Қазақстанның парниктік газдарының ұлттық кадастрында тікелей парниктік әсерімен алты газ қарастырылады: көміртегі диоксиді (CO₂), метан (CH₄), азоттың шала тотығы (N₂O), гидрофтор көміртегі (ГФК), перфтор көміртегі (ПФК) және күкіртті гексафтор (SF₆). Сондай-ақ көздердің кейбір санаттары үшін

жанама ПГ туралы деректер ұсынылған – көміртегі тотығы (CO), азот тотығы (NO_x) және металды емес ұшатын органикалық қосылыстар (МЕҰОҚ), сондай-ақ күкірттің еселенген тотығы (SO₂) шығарындылары туралы деректер.

Қазақстанда парниктік газдардың үлестік шығарындылары халықтың жан басына шаққанда 1990 жылы адам басына шаққанда CO₂ баламасында 23,9 т (соның ішінде CO₂ баламасы/адам басына шаққанда 16,7 т) құрады. 2014 жылы бұл көрсеткіштер CO₂ баламасы/адам басына шаққанда 18,0 т. дейін және CO₂ баламасы/адам басына шаққанда 14,0 тоннаға төмендеді.

2014 жылы атмосфераға CO₂ – 243844,47 мың. т, CH₄ – 2026,81 мың. т, N₂O – 57,06 тың. т, ХФУ – 929,62 тың. т, ПФК – 1308,49 мың. т. шығарылды. SF₆ шығарындылар байқалмады.

2014 жылы тікелей парниктік әсермен әр газдың салымының пайыздық үлесі келесі деректерді құрайды: CO₂ - 77,7 %, метал және азоттың шала тотығы 16,1 % және 5,4 %, тиісінше. Фторлы газдардың салымы: ГФК - 0, 3 %, ПФК - 0,42 %, SF₆ - 0 %. 1990 жылы CO₂ салымы 70,5 %, CH₄ – 25 %, N₂O – 4,6 % құрады.

2.5.1-ші кесте. Парниктік газдар шығарындылары

Шығарындылардың абсолюттік мәндері						
№ р/с	Атауы	Өлшем бірлігі	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014
1	Көміртегі диоксиді (CO ₂)	млнт / жыл	223,634	229,443	234,877	243,844
2	Азоттың шала тотығы (N ₂ O)	млнт / жыл	11,442	13,361	13,324	17,002
3	Метан (CH ₄)	млнт / жыл	58,407	60,288	62,677	50,670
4	ГФК	1000 т / жыл	0,97	0,99	1,00	0,929
5	ПФК	1000 т / жыл	1,55	1,55	1,57	1,308
6	Күкірт гексафториді (SF ₆)	1000 т / жыл	NA,NO	NA,NO	0,0	0,0
7	Жиынтық шығарындылар (CO ₂ баламасында) ЖПОШӨ	млнт / жыл	305,394	317,718	330,727	338,452
8	Жерді пайдалануда ПГ сіңіру тренді және жер пайдаланудағы, орман шаруашылығындағы өзгеріс (ЖПОШӨ)	млнт / жыл	0,063	0,009	0,154	0,034
9	Жиынтық шығарындылардың сомасы минус ЖПОШӨ (CO ₂ баламасында)	млнт / жыл	297,954	303,655	312,238	313,755
Секторлар бойынша жиынтық шығарындылары (CO₂ баламасында)						
10	Энергетика (барлығы), оның ішінде:	млнт / жыл	246,002	251,697	258,934	257,759

2.5. БӨЛІМ. ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒ АРЫНДЫЛАРЫ

Шығарындылардың абсолюттік мәндері						
№ р/с	Атауы	Өлшем бірлігі	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014
11	1) тұрақты көздерде өртеу	млн т / жыл	186,792	190,308	197,605	209,127
12	2) мобильді көздерде өртеу	млн т / жыл	20,083	20,528	20,516	21,588
13	3) шығарындыларды өртеумен байланысты емесі	млн т / жыл	39,128	40,862	40,812	40,762
14	Өнеркәсіптік үдерістер және өнімдерді пайдалану	млн т / жыл	18,568	17,531	17,236	17,542
15	Ауыл шаруашылығы	млн т / жыл	27,988	28,937	30,462	32,739
16	Жерді пайдалану және орман шаруашылығы	млн т / жыл	7,439	14,053	18,489	24,696
17	Қалдықтар	млн т / жыл	5,397	5,500	5,604	5,716
Шығарындылардың үлес салмағы (минус ЖПОШӨ)						
18	Ел халқы	адам	16556601	16791427	17035275	17289226
19	Халықтың жан басына шаққандағы парниктік газдардың жиынтық шығарындылары	т СО2-балама/ халықтың жан басына шаққанда	17,99	18,08	18,33	18,15
20	Ел алаңы	1000 шақ²	2 724,9	2 724,9	2 724,9	2 724,9
21	Елдің алаңына шаққандағы парниктік газдардың жиынтық шығарындылары	1000 т СО2-балама/шақ²	109,345	111,437	114,587	115,144
22	2011 жылғы тұрақты бағалардағы ЖІӨ (СМП)	миллиард доллар	343,9	361,1	382,8	
23	ЖІӨ бірлігіне шаққандағы парниктік газдардың жиынтық шығарындылары	т СО2-балама/1000 доллар	0,8	0,9	0,8	

Деректер ҚР ҰЭМ Статистика бойынша комитетінің <http://www.stat.gov.kz/веб-сайтында> жарияланған

2016 жылы дайындалған 1990-2014 жж. ПГ түгендеу деректері бойынша Қазақстанда парниктік газдардың жалпы эмиссиясы ЖПОШӨ секторын есептегенде, СО₂-баламасында 313,775 млн. т құрады. Олар энергетикалық қызметтен - 257,759 млн. т, өндірістік үдерістерден - 17,542 млн. т, ауыл шаруашылығынан - 32,739 млн. т және қалдықтарды басқару - 5,716 млн. т құралған.

Базалық 1990 ж. СО₂ баламасында ЖПОШӨ секторын есептегенде ПГ жалпы эмиссиясы 389,575 мың. т. құрады. Олар энергетикалық қызметтен 319,517 млн. т., өндірістік үдерістерден 21,978 млн. т, ауыл шаруашылығынан 44,253 млн. т және СО₂ баламасында қалдықтардан 3,827 млн. т құралған. Базалық 1990 жылы ЖПОШӨ секторында ПГ сіңірулері байқалған, СО₂ - 16,264 млн. т. құралған, ал 2014 жылы

қызметтің осы түрлерінен СО₂ - баламасында 24,696 млн т. көлемінде эмиссия байқалады.

Парниктік газдардың таза эмиссиясы, 2014 жылы ЖПОШӨ секторының есебімен СО₂ баламасында 338,697 млн. т бағаланады, ал базалық 1990 жылы олар СО₂ баламасында 373,310 млн. т. құрады, бұл есептік жылмен салыстырғанда СО₂ баламасында 34,613 млн т. жоғары.

Осылайша, ПГ жалпы ұлттық эмиссиялары ЖПОШӨ секторында сіңірулердің есебінсіз 1990 жылғы эмиссия деңгейінен 2014 жылы 80,5 % құрады, күтілген 83 % орнына мұнай мен металлға бағаның төмендеуімен туындаған экономикалық өсімнің баяулауының есебінен болуы мүмкін.

Экономика секторлары бойынша парниктік газдардың үлестік шығарындылары 2.5.2.-

2.5. БӨЛІМ. ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒ АРЫНДЫЛАРЫ

кестеде келтірілген және 2.5.1.-суретінде | көрсетілген.

2.5.2-ші кесте. 2012-2013 жылдар үшін негізгі секторлар бойынша Қазақстан Республикасының парниктік газдарының жалпы ұлттық эмиссияларының динамикасы, мың теңге CO2 баламасында

Жылдар	Энергетикалық қызмет	ӨҮӨП	Ауыл шаруашылығы	Қалдықтар	ЖПОШӨ	ЖПОШӨ жалпы эмиссиялар (таза эмиссиялар)	ЖПОШӨ-сіз жалпы эмиссиялар
2012	251697,47	17531,55	28936,66	5499,56	14053,143	317718,38	303665,24
2013	258934,96	17236,85	30461,97	5604,1	18489,339	330727,22	312237,88
2014	258004,76	17542,11	32738,6	5715,69	24696,049	338697,21	313775,40
2014ж. % 1990 ж-дан	80,7	79,8	74,0	1,49	-1,52	90,7	80,5
2014ж. % 2013 ж-дан	-0,4	1,8	7,5	2,0	34	2,4	0,5

ЖПОШӨ секторының есебімен жалпы ұлттық эмиссиялар 1990 жылғы деңгейден 90,7%-ды құрады.


2014 жылы «Энергетикалық қызмет» секторында эмиссиялар 1990 жылғы деңгейден 80,7%, ӨҮӨП секторында – 79,8 %, ауыл шаруашылығында – 74% құрады.

Алдыңғы 2013 жылмен салыстырғанда энергетикалық секторда өсім байқалмаған, керісінше, 0,4 % эмиссияның төмендегені орын алып отыр. Өнеркәсіпте шамалы (1,8%)

өсім байқалады, ауыл шаруашылығында шығарындылар 7,5% ұлғайған, ал «Қалдықтар» секторында 2% өскен.

Қазақстанда парниктік газдардың үлестік шығарындылары халықтың жан басына шаққанда 1990 жылы адам басына шаққанда CO2 баламасында 23,9 т (соның ішінде CO2 баламасы/адам басына шаққанда 15,8 т) құрады. 2014 жылы бұл көрсеткіштер CO2 баламасы/адам басына шаққанда 18,1 т дейін және CO2 баламасы/адам басына шаққанда 15,4 т төмендеді.


2.5. БӨЛІМ. ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒ АРЫНДЫЛАРЫ



2.5.1-ші сурет. Қазақстан Республикасында 1990-2014 жылдарға парниктік газдардың жалпы ұлттық эмиссияларының динамикасы.

CO₂ жалпы эмиссияларға ең үлкен үлесті 1990 жылы «Энергетика» санаты қосып отыр, оның үлесі базалық жылы ЖПОШӨ есебінсіз және есебімен 26,5 % және 25,4 % құрды, тиісінше. Осы санат 2014 жылы көздердің негізгі

санаттары (КНС) арасында бірінші орында тұр, оның үлесі ЖПОШӨ-сіз және ЖПОШӨ-бен деңгейі бойынша 27,9 % және 23,4 % құрайды, тиісінше.



2.5. БӨЛІМ. ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒ АРЫНДЫЛАРЫ

2.5.2-ші сурет. «Энергетика» секторында парниктік газдардың, 1990-2014 жылдарға парниктік газдардың жалпы ұлттық эмиссияларының динамикасы, мың тонна CO₂ баламасында

Парниктік газдар шығарындыларының көлемін тұрақтандыру және шектеу бойынша Қазақстанның мемлекеттік саясаты

2010 жылдың қараша айында Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер енгізу туралы заңы қабылданған болатын, ол нарық ұйымдары үшін шығарындылардың квоталарын сатуға мүмкіндік берді, шығарындылардың квоталарын сатудың жалпы ережелерін және белгіленген шектен тыс парниктік газдардың шығарындыларына (ұсынылған квоталарға сәйкес) кәсіпорындардың жауапкершіліктерін (CO₂ 20 мың т. асатын жылдық шығарындылар) анықтаған (дереккөзі: *Ұлттық энергетикалық баяндама, Қазэнерджи, 2015 ж.*).

2011 жылдың 3 желтоқсанында қолданыстағы Қазақстанның Республикасының Экологиялық кодексіне түзетулер енгізілген, олар шығарындыларды қысқартудың нарыздың тетігін анықтаған (квоталарды сату жүйесі); ішкі нарықта шығарындылардың есебінің жүйесін әзірлеуге жәрдемдесті. 2012 жылдың ішінде квоталарды сатудың ішкі жүйесінің жұмыс істеу ережелері әзірленді. соның нәтижесінде парниктік газдардың шығарындыларын реттеу бойынша бөлім қосылған Экологиялық кодекс Азия мен ТМД елдерінде шығарындыларды сату және шектеудің бірінші мемлекеттік жүйесі болды. Осы жүйенің көптеген негіз болатын элементтері (соның ішінде, бөлу және есебі, есептілік және бақылау) Еуроодақта шығарындыларды сату жүйесінің жұмысын реттейтін ережелерге сәйкес модельденген (дереккөзі: *Ұлттық энергетикалық баяндама, Қазэнерджи, 2015 ж.*).

2012 жылдың 26 қарашасында Доха қ. (Катар) БҰҰ КӨНК Тараптарының 18-ші конференциясында Қазақстан В қосымшадағы ел ретінде КХ екінші мерзімінде қатысуға өзінің ниеті туралы өтініш білдірді және базалық 1990 ж. деңгейге қатысты ПГ шығарындыларын 5% көлемінде төмендету (немесе армандарды кеңейткен жағдай 7%) туралы міндеттерді өзіне алуға ұсыныс жасады. 2015 жылдың желтоқсан айында Париж қаласында өткен климаттық самитте Қазақстанның ұстанымы негізгі мәселелер бойынша өзгеріссіз қалды. Париж конференциясына дейін Қазақстан, басқа да көптеген елдер сияқты, өздерінің анықтаушы үлестерін ұлттық деңгейде ұсынды (Intended national determined contributions - INDC), және

парниктік газдардың шығарындыларын жалпы экономика көлемінде 1990 жылмен салыстырғанда 2030 жылға 15-25% қысқарту (15% - сөзсіз мақсат, 25% - шартты мақсат) міндетін өзіне алды.

Сондай-ақ елде Қазақстан Республикасының 2013-2020 жылдарға «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы қабылданды, онда энергия тиімділігін жетілдіру бойынша, жаңартылған энергия көздерін дамыту бойынша, ауаның ластануын төмендету бойынша шаралар және басқа да шаралар қарастырылған.

Ұлттық деңгейде 2013 жылдан бастап қазақстандық көміртек нарығы іске қосылды.

2013 жылдың ішінде пилоттық жобасы іске асырылған болатын (ұзақтығы бір жыл еліктеу тәртібінде), онда электр энергетикасы, мұнай-газ, химия және тау-кен өндіру өнеркәсібінің (металлургия) 178 ірі кәсіпорындары қатысты. Сомада осы кәсіпорындардың үлесіне 2010 жылы Қазақстандағы көмірқышқыл газының 77% және парниктік газдар шығарындыларының 55% жатады. Мемлекеттік квоталарды бөлу бағдарламасына сәйкес барлық 178 кәсіпорын үшін 2010 жылы парниктік газдар шығарындыларынан 147 млн. т. көмірқышқыл газына байланысты шығарындыларын (квоталар) бойынша максималды шек белгіленген болатын. 20,6 млн. т. көлеміндегі квоталардың резерві 2013 жылға осындай кәсіпорындардың жаңа қуаттылығы үшін белгіленген. Жалпы алғанда әзірленген тәсілге сәйкес шығарынды азайта алмаған кәсіпорындар (2010 жылғы деңгейге дейін) басқа кәсіпорындардан пайдаланылмаған квоталарды алуға немесе коммерциялық қызметті жүргізуге рұқсаттардың күшін жоюға дейін үлкен айыппұлдар төлеуге (шамамен 100 АҚШ долл. дейін/CO₂ т.) мәжбүр болады. Мемлекеттік ПГ шығарындыларын реттеудің әрекеттік жүйесінің еліктеу тәртібінде кәсіпорындардан айыппұлдар алынған жоқ. Бірінші кезеңдегі техникалық және ұйымдастыру жөніндегі мәселелерге қарамастан ПГ шығарындыларын реттеу жүйесі 2014 жылы айыппұл санкцияларын және берілген лимиттен асқан жағдайда квоталарды сатып алуды қарастыратын жұмыс тәртібінде іске қосылды. Квоталар 2013 жылға шығарындылар көлемінің деректеріне байланысты 2014 жылы шығарындылардың осы деңгейін ұстап тұру және 2015 жылы 1,5% қысқарту бойынша міндеттемен

2.5. БӨЛІМ. ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒ АРЫНДЫЛАРЫ

166 компанияға бөлінді (дереккөзі: Ұлттық энергетикалық баяндама, Қазэнерджи, 2015 ж.).

Нарықтық реттеудің сенімді жүйесінің жоқтығының салдары ретінде квоталардың бағасының төмендеуі Еуропа сауда схемасының құлауының басты себебі болды (дереккөзі: Ұлттық энергетикалық баяндама, Қазэнерджи, 2015 ж.).

Шығарындылардың квоталарын шектеу және сатудың (capand-trade) қазақстандық жүйесі шамамен 153 млн. тонна CO₂ баламасында эмиссиямен 166 компанияларды біріктіреді (дереккөзі: Ұлттық энергетикалық баяндама, Қазэнерджи, 2015 ж.).

2.5.3-ші кесте. Квоталарды ішкі сатудың көлемі

наименование	2014	2015
Сатылымдар көлемі, м. CO ₂	1 271 289	1 246 229
Орташа баға, теңге / м. CO ₂	301	765

Мұнай-газ компаниялары ұсынған квоталардан асып кетудің және бағасының көлемі жөніндегі деректердің талдауы, мұнай-газ компаниялары үшін квоталардың бағасы 2014 жылы 1150 теңге/м CO₂ екендігін көрсетті; бұл ретте жоғарыда көрсетілген мерзімде квоталардың орташа бағасы 301 теңге/м CO₂ болды (2.5.3-ші кесте). (дереккөзі: Ұлттық энергетикалық баяндама, Қазэнерджи, 2015 ж.)

2016-2020 жылдарға арналған парниктік газдардың шығарындыларына квоталарды бөлудің ұлттық жоспарымен экономиканың мұнай-газ, энергетика, тау-кен-металлургия және химия салаларының қызметтерін іске асыратын табиғатты пайдаланушылар үшін 746513884,25 бірлік санында квоталардың көлемі қарастырылған (2.5.4-ші кесте).

2.5.4-ші кесте. Экономиканың салалары бойынша квоталардың көлемінің бірлігі.

Экономиканың саласы	Саладағы кәсіпорындардың саны	2016-2020 жылдарға квоталар бірлігінің көлемі, тонна көмірқышқыл газы
Энергетика	53	472627619,5
Мұнай-газ	44	83355877,25
Тау-кен-металлургия және химия	43	190530387,5
Барлығы	140	746513884,25

Парниктік газдарды түгендеудің мониторингі мен бақылау мақсатында парниктік газдардың шығарындыларын қарастыратын құрылғылары бар табиғатты пайдаланушылар жыл сайын парниктік газдарды түгендеу туралы есепті және қоршаған ортаны қорғаудың өкілетті органына осы есеп бойынша тәуелсіз аккредителген ұйымның қорытындысын ұсынады.

Бүгінгі таңда 18 ұйым парниктік газдар бойынша деректерді верификациялауды және валидациялауды өткізуге аккредитация алды.

2016 жылдың 8 сәуірінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне терминдер қатарын нақтылау, парниктік газдарға шығарындыларына квоталарды орнату, тапсыру және өзгертудің аспектілері

2.5. БӨЛІМ. ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒ АРЫНДЫЛАРЫ

бойынша қайшылықтарды жою бөлігінде өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексінің 329 және 330-баптарына Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің материалдық нормаларын туындайтын, өзгертулер мен толықтырулар енгізілген болатын.

Квота сату жүйесін жандандыру, сондай-ақ кәсіпорындарға квоталарды бөлудің әділетті үрдісін қамтамасыз ететін түзетулерді қабылдау (квоталарды бөлудің тарихи әдісін

қайта қарау) бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет болғандықтан, 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін Экологиялық кодексінің 9-1 бөлімінің келесі баптары тоқтатылды: 94-2 (6-тармақта басқа),), 94-3, 94-4, 94-7, 94-9.

Бұл түзетулер парниктік газдардың шығарындылары бойынша есептілік, мониторинг және верификация жүйесін жақсартуға, сондай-ақ квота беру жүйесінің жұмыс істеу және тиімді әдіспен парниктік газдардың шығарындыларына квоталардың ішкі саудасының соңғы мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

2.7-БӨЛІМ. ТАБИҒ И ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒ ДАЙЛАР

Бөлім 2.7 ТАБИҒ И ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІК СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒ ДАЙЛАР



Оперативті деректер бойынша 2014 жылы Қазақстан Республикасының аумағында 17779 төтенше жағдай ментабиғи және техногенді сипаттағы жағдайлар (2013 жылмен салыстырғанда 7,5 %-ға артық) тіркелді. 4251 адам зардап шекті (2013 жылмен салыстырғанда 0,3 %-ға кем), олардың ішінде 1202 адам қаза болды (2013 жылмен салыстырғанда 9,8 %-ға кем). Материалдық зардап 3749,8 млн. теңгені құрады, бүлкөрсеткіш 2013 жылмен салыстырғанда 61,7 % - ғатөмендеген (2013 жылы - 9787,2 млн. теңге).

2015 жылы Қазақстан Республикасының аумағында 17678 төтенше жағдай ментабиғи және техногенді сипаттағы жағдайлар тіркелді (2014 жылмен салыстырғанда 0,6 %-ғатөмен). 4105 адам зардап шеккен (2014 жылмен салыстырғанда 3,5 %-ғатөмен), олардың ішінде 1237 адам қаза болған (2014 жылмен салыстырғанда 2,9 %-ға артық). Материалдық зардап 4126,7 млн. теңгені құрады, бүлкөрсеткіш 2014 жылмен салыстырғанда 10% - ға жоғарылаған (2014 жылы - 3749,8 млн. теңге).

Табиғи төтенше жағдайлар

2014 жылы табиғи сипаттағы ТЖ саны 2789 жағдайды құрады (бұл барлық ТЖ 15,7%). 2013 жылмен салыстырғанда табиғи ТЖ саны 441 жағдайғанемесе 18,8 %-ға жоғарылаған.

Зардап шеккендердің саны 2446 адамды құрады (2013 жылдан 8,9 %-ға артық), олардың ішінде 494 адам қаза болған (2013 жылдан 11 %-ға артық).

2015 жылы табиғи сипаттағы ТЖ саны 2665 жағдайды құрады (бұл барлық ТЖ 15%). 2014 жылмен салыстырғанда табиғи ТЖ саны 129 жағдайғанемесе 4,6 %-ғатөмендеген.

Зардап шеккендердің саны 2329 адамды құрады (2014 жылдан 5 %-ға кем), олардың ішінде 553 адам қаза болған (өткен жылдың сол кезеңінен 11,6 %-ға артық).

Гидрометеорологиялық және геологиялық қауіпті құбылыстар

2014 жылы 43 ТЖ болды, онда 19 адам зардап шекті, олардың ішінде 9 адам қаза болды. 2013 жылы 36 ТЖ болған, онда 12 адам зардап шеккен, олардың ішінде 3-еуі қаза болған.

Шығыс-Қазақстан облысында шауын-шашынның мол жаууының, жиі боран болудың және ауа райының өзгеруінің нәтижесінде, әрқайсысының көлемі 10 - 6000 м болатын қар көшкіні байқалды.

Температура фонының жоғарылау нәтижесінде Іле-Алатауында жаппай қар көшкіні, Жетісу-Алатауында қардың қозғалуы тіркелді, сондай-ақ Шығыс-Қазақстан облысының кейбір аудандарында ауа температурасының жоғарылауының нәтижесінде төмен аудандарда сұтасқыны байқалды.

2015 жылы 75 ТЖ болды, онда 8 адам зардап шеккен, қаза болған адамдар тіркелген жоқ.

2015 жылы республика аумағында ауқымды көшкінінің өзі деген түсі және болашақ ұқсастықтары болды.

2.7-БӨЛІМ. ТАБИҒ И ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒ ДАЙЛАР

Олар республиканыңшығысындамұзқұралупр
оцестерінің белсенділенуі, жауын-
шашынның болуы,
күрт жылыну және жел себептерінен болды.

Солтүстік-Қазақстан,
Қостанай және Павлодар облыстарында жаңбыр
түріндегі жауын-
шашынның мол және ауа температурасының төм
ен болуына автожолдардың кейбір бөлім-
дерінде мұз пайда болды, Ақмола, Шығыс-
Қазақстан облыстарында ірі бұршақ жауу жағдай
лары тіркелді.

Көшкіндер мен селдер

2014 жылы Алматы және Шығыс-
Қазақстан облыстарында қар көшкіндерінің кері
әсерінен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ү
шін «Қазселден қорғау» ММ мамандары 19
профилактикалық түсіру орындалды,
альпһып тасталған қардың жалпы көлемі 94
мың м³ құрады.
Қар көшкініне қауіпті алаңдардың мо-
ниторингі үшін 40 бекетпен 24
қарөлшеу бағдары ске қосылды және 2500
қар көшкінінен қорғау қалқандары орнатылды.

2015 жыл бойы Батыс Алтай
өзендерінің тәртібінде мұз құбылыстарына байл
анысты, су деңгейінің тұрақсыздығы байқалды.
Су деңгейінің көтерілуіне байланысты Алматық
аласындағы морендікөлдердің көлемі 40
мың куб метр селдік тасқындар болды,
нәтижесінде микро аудандардың ішіне ра су
шайып кетті (Қарғалышат қалында 5
морендікөлдер, бос шұңқыр және 8
мұздақтар бар).

Борандар, бұрқасындар және қатты қар жауулар

2014 жылдың қысайлары елаумағында ТЖ се-
бепкері болып табылатын көп қармен,
төмен температура мен, борандармен,
бұрқасындар мен сипатталды.

Ауарайы жағдайының нашарлауына байла-
нысты көптеген республикалық маңызды ав-
тожолдар жабылды.
Оперативті топтар мен қар басқан жолдары учас-
келерінде құтқару іс-шараларын жүргізді,
Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Қарағанды,
Қостанай, Қызылорда,
Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарын
да жолаушылар және жеке көліктер сынған кезде
көмек көрсетілді.
Кәсіпқой апаттан құтқару қызметімен басқан қар
дан 6154 адам эвакуацияланды, 58
рейстік автобус, 203 микроавтобус, 1058
жеңіл және 802
жүктасығыш көліктер босатылды.

2015
жылы қар басқан жолдары учаскелерінде құтқар
у іс-шараларын жүргізді, Ақмола, Ақтөбе,
Алматы, Шығыс-Қазақстан, Жамбыл,
Қарағанды, Қостанай, Қызылорда,
Павлодар және Солтүстік-
Қазақстан облыстарында жолаушылар және жеке
көліктер сынған жағдайда көмек көрсетілді.
Қар басудан 10083
адам құтқарылды және эвакуацияланды, 108
рейстік автобус, 2650 жеңіл және 426 жүктас-
сығыш көліктер босатылды.

Су тасқыны, субасу, көшкін, дауылды жел

2014 жылы Алматы, Атырау, Шығыс-
Қазақстан, Солтүстік-Қазақстан және Оңтүстік-
Қазақстан облыстарында қатты желдер мен дауы
лдардың нәтижесінде төтенше жағдайлар пайда
болды.

Еріген судың кенеттен түсуі, өзендердің суы-
ның деңгейінің жоғарылауының нәтижесінде Ақ
мола және Қарағанды облыстарының елді мекен
дерін сушайды.
Таулы аймақта жаңбырдың құйып жаууының ар
қасында Ал-
маты облысында жаңбыр суының тасқыны өтті.

2015 жылы өзендердің
шайылуының нәтижесінде жерасты суларының
көтерілуінен,
жаңбыр түріндегі мол жауыннан кейін келесі об-
лыстарды су басты: Ақмола, Атырау, Шығыс-
Қазақстан, Қарағанды, Павлодар.

Табиғи өрттер:

2014 жылы Қазақстан Республикасында 649
табиғи өрттің тіркелді. 2013
жыл мен салыстырғанда өрттің саны 2,1
есе артқан, нәтижесінде материалдық залал
112,7 млн. теңгені құрады (2013 жылы - 20,5 млн.
теңге).

Мемлекеттік орман қорының аумағында 578
өрттің тіркелді. Орман өрті мен орманға наумақ 3003
га-дық құрады, материалдық жоғалту - 76,8
млн. теңге. 2013
жыл мен салыстырғанда ормандағы өрт 2,6
есе артқан.

Республиканың дала массивтерінде 71
өрт болған, олардың жалпы көлемі 129529
га және материалдық залал 35,9 млн. теңге.

2015 жылы республика аумағында 613
табиғи өрттің тіркелген, 2014 жыл мен
салыстырғанда өрттің саны 5,5% - ға, немесе 36
жағдайға төмендеген, онда 11
адам зардап шегіп, олардың ішінде 4
адам қаза болған және материалдық зардап 129,5
млн. теңге.

2.7-БӨЛІМ. ТАБИҒ И ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР

Мемлекеттік орман қорының аумағында 466 өрттің келді, орман өртіне орман аумағы 9609 га-ды құрады, материалдық шығын - 118,8 млн. теңге. 2014 жылмен салыстырғанда ормандардағы өртаумағы 3,2 есертқан.

Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Батыс-Қазақстан, Қостанай, Қызылорда облыстарында орман өртінің жоғарлауы байқалуда.

Дала массивтерінен өрттің орманға өтуі, адамдардың отпен байсыз пайдалануы, сондай-ақ қасақана өртеу орман өрттерінің пайда болуының негізгі себептері болып табылады.

Республиканың дала массивтерінде жалпы ауданы 263814 га және материалдық залалы 10,7 млн. теңге 147 өрт болды.

Ақмола, Қарағанды, Шығыс-Қазақстан, Солтүстік-Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Алматы облыстарында дала өрттерінің жоғары өсімі байқалуда.

Дала өртінің негізгі пайда болу себептері: адамдардың отпен байсыз пайдалануы, ауыл шаруашылығындағы кепкен шөптер сондай-ақ қасақана өртеу.

Қазақстан Республикасының аумағында табиғи өрттердің алдын алу бойынша бақылауды күшейту мақсатында облыс, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері - өртқауіпті мезгіл басталардан бұрын, мамырайында орман және дала аумақтарында жеңіл өртке қарсы қорғаныс деңгейін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ оларды жою қызметтерінің дайындық деңгейін жоғарлату бойынша іс-шараларды әзірлеу бойынша төтенше жағдайлар бойынша оперативті комиссиялардың отырысы өтеді, өртқауіпті мезгілде орман және дала өрттерінің алдын алу және жою бойынша жұмыс тоқтатылады.

4.1. АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



Ақмола облысы Қазақстанның солтүстік бөлігінде орналасқан және Қостанай, Солтүстік-Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарымен шектеседі. Аумақ халықтың орташа шоғырлануы - 5 адамға 1 км², 146,2 мың шаршы метр еседі. Облыста облыстық маңызы бар 2 қала - Көкшетау және Степногорск, 17 селолық аудан, аудандық бағыныстағы 8 қала, 5 кент және 253 селолық округ бар. Аумақтың басым бөлігін ашар бөлшектеген далалар, ұсақ шоқылықтар, жазықтықтар және өзенді алаңдар, таулар, ормандар қамтып жатыр.

Шаруашылық тұрмыстық ағындылар шөгіндісі	0,009	-	-	0,009	
Басқалар	ТҚҚ	0,027	-	-	0,027
	Металл сынықтары	0,251	-	-	0,251
	Недопал	0,946	-	-	0,946

4.6 ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

	Ылғалданған әк	0,301	-	-	0,301
	Сүзгіленген тұнба	1,774	-	-	1,774
	Өңделген майлар	0,01	-	-	0,01
	Тозған аккумуляторлар	0,00005	-	-	0,00005
	Тозған автошиналар	0,0004	-	-	0,0004
Аймақ бойынша барлығы		142307,1625	41499,4	0	100807,76

Ресурсты үнемдеуші және экологиялық таза технологияларды енгізу туралы

«Қазфосфат» ЖШС-мен тікелей фосфор пештерінде шламды кәдеге жарату технологиясын енгізу шеңберінде «2023 жылға дейін өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару бағдарламасы» әзірленді. Қазіргі таңда пештерде қайтадан пайда болған шламның барлығы кәдеге жаратылады (орташа есеппен жылына 12,0-13,0 мың тонна). «Қазфосфат» ЖШС-мен тарихи жинақталған қатты және қойыртпақалдықтарды кәдеге жарату бойынша жоба әзірленді. 2015 жылы тарихи фосфламның 1872 тоннасы алынған және қайта өңделген және қосымша 220 тонна сары фосфор алынған.

«Қазфосфат» ЖШС коттрелді сүтті тыңайтқышқа қайта өңдеу бойынша жұмыстар жүргізді. 2015 жылы 18317 тонна фосфоритті тыңайтқышты байыту ретінде ағымдағы жылы коттрельді шанды (қайта өңделді) кәдеге жаратты.

Технологиялық шешімге сәйкес жылына 23,5 тонна көлемінде руда балқыту пештерінде жағу жольмен тазаланған фосфор қышқылын кәдеге жарату жобасы әзірленді. Аталған жоба ТФҚөндіруден қайтадан пайда болған қалдықтарды толықтай (100%) кәдеге жаратуға мүмкіндік берді. 2015 жылдың есеп беру кезеңінде күшәла сульфидтері мен қорғасынның суда ерімейтін жиынтығының (ТФҚөндіріс қалдықтары) 3,973 тоннасы кәдеге жаратылды. Сүзілген қатты қалдықтар қаптарға салынады. Қалдықтар салынған қаптар пеш ваннасына салынады кейін, шихтаның балқуына қарай қалдықтарды кәдеге жарату жүзеге асырылады.

«Қазфосфат» ЖШС 2015 жылы тарихи минералды пайда болған үйінділерден 96,470 мың тонна фосфоритті ұсақ-түйектерді қайта өңдеді.

Тұрмыстық қатты қалдықтар

Облыс аумағында 2015 жылы пайда болған 79,903 мың тонна қалдықтардың 2 678,417 мыңтонна тұрмыстық қалдықтар орналастырылды.

Тараз қаласы бойынша 2015 жылы 60,00 мың тонна қалдық пайда болды оның ішінде, макулатура, пластик және шыны түріндегі 375,5 тонна яғни, 0,47% қалдық қайта өңделді.

2012 жылы ТҚҚ басқару жүйесін модернизациялау жобасына инвестицияларға негіздеме әзірлемесі басталды. Құрылыс жобасы әзірлемесі үшін инвестицияларды тарту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Облыста ТҚҚ-ның 168 полигоны жұмыс жасайды оның ішінде, 7-еуі жеке және 161-і коммуналдық.

ТҚҚ-ны шығарумен айналысушы кәсіпорынның жағдайы қанағаттанарлық, арнайы автокөлік бірліктері жеткіліксіз, аудан орталықтарында іс жүзінде қалдықтарды шығару бойынша арнайы автокөліктер жоқ.

Апатты қоқыстар туралы

2015 жылы 621 апатты қоқыс жойылды. Қалалық және ауылдық полигондарға шығарылған ТҚҚ-ның пайда болған қалдықтары мен қоқыс үйінділері 535,22 тонна оның ішінде, Т.Рысқұлов ауданы бойынша қалдықтарды шығару 19,23 тоннаны сонымен қатар, Мойынқұм ауданы бойынша қалдықтарды шығару 68,5 тоннаны, Қордай ауданы бойынша 23,1 тоннаны, Талас ауданы бойынша 72,21 тоннаны құрайды.

Жануарлар қалдықтарын көму орындары туралы (мал қорымдарында)

Биотермиялық шұңқырлар құрылысының 48 жобасы әзірленді және мемлекеттік

4.6 ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

экологиялық сараптаманың оңқорытындысы алынды: Тараз қаласы – 1, Байзақ ауданы – 5, Жамбыл ауданы – 9, Т.Рысқұлов ауданы – 4, Мерке ауданы – 4, Шу ауданы – 2, Қордай ауданы – 4, Мойынқұм ауданы – 6, Жуалы ауданы – 4, Талас ауданы – 5, Сарысу ауданы – 4.

Қалдықтарды қайта өңдеу бойынша

2011 жылдан бастап Жамбыл облысы аумағында құрамында сынабы бар өңделген приборларды сынаптан арылтумен айналысатын «Энерджи Тараз» ЖШС (Тараз қ.) жұмыс жасайды. 2014 жылдың қаңтарынан бастап аталған кәсіпорын пайдасыздыққа байланысты құрамында сынабы бар өңделген приборларды кәдеге жаратуға шарт жасаспай отыр. 2015 жылғы жағдай бойынша облыс кәсіпорындарынан құрамында сынабы бар өңделген приборлардың 40,791 мың данасы (2,5 тонна) қабылданды және қоймаланды.

Медициналық қалдықтармен жұмыс жасау саласының шаруашылық қызметімен «Санит-МиБ» ЖК, «Тараз ТеплоСтрой» ЖШС айналысады. 2015 жылы «Тараз ТеплоСтрой» ЖШС 68,1 мың кг медициналық қалдықтарды және 1,168 мың кг биоқалдықтарды кәдеге жаратты.

«Қазфосфат» ЖШС ЖФ ЖЖФЗ Жамбыл облысындағы иондалған көздерді қабылдаумен және ұзақ сақтаумен айналысатын жалғыз кәсіпорын. Қоймаланғандар саны 3897 дананы оның ішінде, 481 дана сусымалы және 3416 ампулалық ұрайды.

2015 жылы Хастал-оглы Жеке кәсіпкерімен ұйымдардан 72 тонна қабылданды және сыртқы қаптаманы әзірлеу үшін қайталама шикізат (пластик терезелер қалдықтары мен кесінділері түрінде) ретінде 57,5 тонна қалдық қайта өңделді. Сонымен қатар, 2015 жылы «Долина» және «Шахристан» жеке кәсіпкерлерімен дәретхана қағаздарын шығаруға қайталама шикізат ретінде 120 тонна көлемде макуллатура қалдықтары қайта өңделді.

2015 жылы қалалық қоқыстардан 198 тонна көлемінде шыны және пластик ыдыстар жиналып, кәдеге жаратуға жіберілді. Жамбыл облысы аумағында тарихи ластанулар, иесіз қалдықтар мен ластану учаскелері жоқ.

Аймақ бойынша қалдықтармен жұмыс жасаудағы проблемалық мәселелер.

Жамбыл облысы аумағында жарамсыз пестицидтердің улы қалдықтары мен олардың

ыдыстарын көму полигондарының болмауы сонымен қатар, облыстың қалалары мен селоларындағы коммуналдық қалдықтардың көп жиналу проблемаларының жалғасуы негізгі экологиялық проблема болып табылады. Тараз қаласында тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және орау бойынша цех құрылысы жобасын әзірлеу қаржы құралдарының болмауына байланысты бүгінгі күнге дейін орындалмай отыр.

Химияландыру құралдары

АШМ АӨК Мемлекеттік инспекция комитетінің Жамбыл облыстық аумақтық инспекциясының деректері бойынша Жамбыл облысының аумағында қазіргі таңда пайдаланылмайтын 13 химиялық қойма тіркелген.

Ерекше-қауіпті зиянды организмдерге қарсы қорғау бойынша 104,840 мың га өсімдіктер өңделген ал, карантин бойынша карантинді зиянды организмдерге қарсы 59200,3 мың га өсімдіктер өңделген. 2015 жылы химиялау құралдары қолданылды:

- пестицидтер (улы химикаттар) - 184,649695 тонна;

- минералды тыңайтқыштар -12,10335 мың тонна.

Улы химикаттардың ыдыстары кәдеге жаратылу үшін басқа облыстарға шығарылады.

4.6.8. Жаңартылатын энергия көздері

Жамбыл облысының табиғи-климаттық жағдайын, сонымен қатар жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) пайдалану үшін, энергетикалық қәулетін ескере отырып, соңғы үш жылда аймақта күн электр станцияларының, жел құрылғыларының және кіші су электр станцияларының құрылыстары бойынша жұмыстар белсенді түрде жүргізілуде.

2010 жылға дейін барлық ЖЭК нысандарының орнатылған қуаттылығы 1,5-2 МВт құраған. Соңғы 6 жыл ішінде 9 жаңартылатын энергия көздері нысаны пайдалануға беріліп, жалпы орнатылған қуаты 114,05 МВт құрады.

2017-2020 жылдар арлығында жалпы қуаты 247,0 МВт құрайтын бірқатар жаңа жобаларды іске асыру туралы бастама көтерілуде:

- Мерке ауданында қуаты 18 МВт болатын Мерке каскады су электр станциясы («Taraz Green Power Jenko» ЖШС);

4.6 ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

- Тасөткел су электр станциясы (қуаты 5 МВт «А&Т Энерго-А» ЖШС);
- Т. Рысқұлов ауданында қуаты 24 МВт күн электр станциясы («Aquila Solar» ЖШС);
- Т. Рысқұлов ауданында қуаты 100 МВт күн электр станциясы («А&Т Энерго-А» ЖШС);
- «Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы қуаты 50 МВт құрайтын «Бурное солар-2» күн электр станциясы жобасының 2-ші кезеңінің құрылысы» («Samruk Kazyna-United Green» ЖШС);
- Шу ауданында қуаты 50 МВт күн энергостанциясы («Sun Solutions Kazakhstan» ЖШС);

2015 жылдың қорытындысы бойынша облыста ЖЭК нысандарымен өндірілген электр энергиясының көлемі 135,1 млн. кВт сағ. құраған, немесе облыс бойынша жоспарланған 3%-дың орнына 4,2% энергия өндірілген.

4.6.9. Экологиялық жағдайлар

Облыстың экологиялық проблемалары:

- Тараз қаласындағы ағынды суларды тазарту кешенінің жоқтығы;

Бұл мәселені шешу үшін «Жамбыл облысы, Тараз қаласының ағынды суларын толық биологиялық тазарту кешені. Түзету» жөніндегі техника-экономикалық негіздемесінің мемлекеттік сараптаманың қолдану мерзімі аяқталғанына байланысты, мердігер «GMI&DESIGN» ЖШС жобаның негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне өзгерту мен толықтырулар енгізуде.

Әрі қарай ТЭН жобасы кешенді ведомстводан тыс сараптамаға жолданады.

- қоқыс өңдейтін зауыттың жоқтығы. Тұрмыстық қатты қалдықтардың жыл сайын шоғырлану көлемі ұлғайып, орналастыру орны санитарлы-гигиеналық норматив талаптарына сай келмегендіктен, қоршаған орта жағдайын ластауға өз әсерін тигізуде.

Тараз қаласындағы коммуналдық қалдықтарының жинақталу проблемасын шешу үшін Тараз қаласындағы индустриялық аймақтан бөлінген 10,545 га жер көлеміне тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдейтін зауыт құрылысы жоспарлануда. Қазіргі таңда, аталған жобаның инвесторы

«Recowaste» ЖШС-мен Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі меморандумға жасалып, объектінің құрылысын 2017 жылы аяқтау кезделуде.

Өндіріс көлемі жылына 100 мың тонна тұрмыстық қатты қалдық, 5 МВт электр энергия және 6 МВт жылу, құны 7280 млн теңгені (30% жеке қаржылары және 70% несие қаржылары) құрайды.

Бұдан басқа, облыста қалдықтарды өңдейтін мәселе бойынша инвестициялық жобалар қарастырылуда сондай-ақ, ТҚК полигондарын заңдастыру және құрылысы бойынша шаралар қолданылуда.

Үкімет бағдарламасы бойынша Қордай және Мойынқұм аудандарының қалпына келтірілген аумақтарда радиациялық қауіпсіздік бақылау жасайтын мемлекеттік мониторингтің жоқтығы;

«Восточный», «Западный», «Қордай» және бұрынғы геологиялық нысандар қызметінде қалпына келтіру аяқталғаннан кейін (қалпына келтірілген алаңға 558 га жерге көлемі 9,624 млн. м³ балансталған кендер және радиоактивті қалдықтар (РАҚ) көмілгендіктен нысандардың радиациялық және техникалық жағдайы бақылаусыз қалуда.

Қалпына келтірілген объектінің жағдайын бақылау және техникалық қызмет көрсету мәселесін мемлекеттік бағдарлама бойынша Республикалық зертханалық бақылау орнату арқылы шешу қажет.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында Мойынқұм ауданындағы «Восточный», «Западный» және Қордай ауданындағы «Қурдай» уран кеніштеріндегі қалпына келтірілгеннен уран кен орындарына радиологиялық зерттеулер мен тексеру жұмыстары жүргізілді.

Дефектілік актіге сәйкес барлық қоршау бұзылған, радиациялық қауіп-қатер туралы ескерту белгілері жоқ. 2017 жылы осы жұмыстарды жүргізу үшін бюджеттік ұсыныс берілді.

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ



2015 жылға жалпы көрсеткіштер					
Субъектінің 5, мың км ²	428,0	Халқы мың адам	1 385 037	ЖӨӨ, млн.тенге	3 107 085,6
2012-2015 жылдар аралығындағы мерзімге негізгі экологиялық көрсеткіштер					
Көрсеткіштер	2012 Ж.	2013 Ж.	2014 Ж.	2015 Ж.	
ҚОҚ жұмсалған шығындар, мың тенге	27,0	30,3	27,5	35 816 738	
Стационарлық көздерден атмосфераға шығатын ластағыш заттардың шығарындары, мың тонна	641,4	572,6	603,6	596,4	
Пайда болған қалдықтардың жалпы саны, мың тонна	283 528	318 237	316 070	339 504	

Облыс республиканың орталық бөлігінде орналасқан және оның аумағының ауданы 428 мыңкм²-ге тең. Облыстың орталығы Қарағанды қаласы болып табылады. Халқының тығыздығы облыс бойынша орта есеппен 1 км² аумақта - 3,2 адам.

Облыста 9 селолық аудан мен 11 қала, 10 кент, 192 ауылдықәкімдіктер құрамында 421 селолық елді мекен бар.

Облыс Сарыарканың оңтүстік жақ бөлігінде орналасқан. Қиыр батысында Торғай қолаты және солтүстік-шығысында Тұран ойпаты, оңтүстігінде Бетпақдала сазды шөлі мен Балқаш көлі. Облыс бедері - төмен таулы, ұсақ шоқылы, адырлы және бөктерлі жазықтық. Облыстың батыс бөлігін Ұлытау (1133 м), шығыс бөлігінде Қарқаралы (Жиренсақал тауы, 1 403 м), Кент тауы (1 469 м), Қу (1356 м), Қызылтас (1 283 м), Қызыларай (Ақсоран тауы, 1 565 м, Сарыарканың ең жоғарғы нүктесі), Кешубай (1 559 м) және басқалар; облыстың оңтүстік-батысы мен оңтүстігінде Арал маңы Қарақұмы, екі Мойынқұм, Жетіқоңыр және тағы басқа да құм массивтері жайғасқан.

Облыс минералды-шикізат ресурстарына бай. Көмір, мыс, корғасын, мырыш, марганец, темір, молибден, вольфрам ірі кен орындары бар; күшәла, кобальт, никель және басқа кендердің пайда болғаны белгілі. Сонымен қатар, облыста құрылыс тастары, цемент шикізаты, саз, құм және басқа шикізаттар кен емес шикізаттардың орасан қорлары бар.

Климаты қатты континенталды. Ірі өзендер: Балқаш (18,2 мыңкм²), Қарасор (154 км²), Қыпшақ (64,7 км²), Керей (62,8 км²), Қарақойын (72,5 км²), Қияқты (51,6 км²), Шошқакөл (32 км²), Балықтыкөл (25,8 км²).

4.7.1. Атмосфералық ауа

Облыстыңәуебассейнін ластану деңгейі негізінен15 ірі кәсіпорын бойынша анықталады. Стационарлық көздерден шығарындылар көлемі 2015жыл ішінде – 590,0 мыңтонна құраса,2014жыл ішіндешығарындылардың нақты көлемі– 603,0мың тонна құрап, шығарындылардың жалпы көлемі 13 мың тоннаға азайды.

2015 жылы стационарлық көздер шығарындыларыныңкөлемі:

- атмосфералық ауаға жалпы өнеркәсіп шығарындыларының көлемі, 590 мың тонна;
- атмосфералық ауаға күкіртті ангидридшығарындыларының көлемі, 206,4 мың тонна;
- атмосфералық ауаға азот диоксидішығарындыларының көлемі, 35,2 мың тонна;
- атмосфералық ауағақатты бөлшектер шығарындыларының көлемі, 153,2 мың тонна;
- атмосфералық ауағатұншықтырғыш газдар шығарындыларының көлемі, 182,6 мың тонна;
- басқалары, 12,6 мың тонна.

Облыс бойыншашығарындылар көлемініңазаю динамикасы келесідейшартталған:

- өнімнің негізгі түрлері өндірісінің азаюымен және и экологиялық жобаларды іске асырумен –«Арселор Миттал Теміртау» БД қаптысүзгіні орната отырып №3 ДПбункерлік эстакадасы менқю ауласының сыртында шаңгазтазалауқондырғысын (бұдан әрі – ШГТҚ) реконструкциялаумен, №2 және Зконвертерлерініңсыртындагазтазалауқондырғысын салумен, өндірісте азкүкіртті кенді пайдаланумен;

- «Қарағанды Энергоорталығы» ЖШС-ның ЖЭО-1 ПТВ-100 қазандық агрегаттарында күлтүткіш қондырғыны қалпына келтіруді

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

жүргізумен шығарындылардың 7,3 % азаюымен –Вентури құбырымен бірге скрубберлерді 2 буындағы эмульгаторларға ауыстырумен, сондай-ақ 11 %-ға көмірді және 30 %-ға мазутты шығындауды азайтумен;

- «Қарағанды Энергоорталығы» ЖШС-ның ЖЭО-3 БКЗ – 420 ст. №3 қазандық агрегатында күлтүткіш кондырғыны қалпына келтіруді жүргізумен шығарындылардың 9,6 %-ға азаюымен – Вентури құбырымен бірге скрубберлерді 2 буындағы эмульгаторларға ауыстырумен, сондай-ақ 2,6 %-ға көмірді және 2,7 %-ға мазутты шығындауды азайтумен;

- «CentralAsiaCement» АҚ технологиялық жабдықтарға жүктеме төмендегеннен кейін шығарындылар 88,5 %-ға азайды;

- «Өркен Атасу» ЖШС-да өндірісті тоқтатқаннан кейін шығарындылар 39,7 %-ға азайды;

- «Қазақмыс Энерджи» ЖШС №10 ЖЖЭО қазандығында батареялық эмульгаторларды орнатумен;

- «Қазақмыс Энерджи» ЖШС №14,16 ГРЭС қазандықтарында батареялық эмульгаторларды орнатумен;

- «Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС ЖМЗ шихта дайындау бөлімшесінде шаң фильтрін орнатумен;

- «Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС БМЗ №2,4 СУДҚС скрубберлерді ауыстырумен.

Атмосфералық ауаның сапасы

«Қазгидромет» РМК стационарлық қадағалауларының деректері бойынша 2015 жыл ішінде Қарағанды к., Жезказған к., Теміртау к. атмосфералық ауасының ластану деңгейі жоғары деп бағаланады.

Шахтинск қаласының атмосфералық ауасының ластануына қадағалау 2 нүктеде жүргізілді (№1 нүкте – Шахтинск ЖЭО Парк көшесі Хусаинов көшесін қиып өтеді, №2 нүкте – Қазақстан шахтасы, 3-ші Құрылыс тұйық көшесі Гагарин көшесін қиып өтеді). Өлшенген заттардың, күкірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, азот оксидінің, күкіртті сутегінің, фенолдың, көмірлі сутегінің, аммиак пен формальдегидтің шоғырлануы өлшенді.

Күкіртті сутегінің барынша шоғырлануы №1 нүктеде 1,3 ШЖК және №2 нүктеде 1,1 ШЖК құрады.

Көміртегі оксидінің барынша шоғырлануы №2 нүктеде 1,4 ШЖК құрады.

Қадағалау деректері бойынша қалған заттардың шоғырлануы шекті жол берілетін норма шектерінде болды.

Стационарлық желі деректері бойынша 2015 жыл ішінде Балқаш қаласының атмосфералық ауасын ластау деңгейі жоғары деп бағаланды. Қала ауасы бәрінен бұрын күкіртті сутегімен ласталған.

Қадағалаудың стационарлық желісінің деректері бойынша Саранқаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі төмен деп бағаланды.

Қарағанды облысының атмосфералық ауасын ластаудың сипаттамалары бойынша толық ақпарат «Қазгидромет» РМК сайтында орналасқан (http://www.kazhydromet.kz/ru/monitor_beluten_archiv2015).

4.7.2. Су ресурстары

Қарағанды облысының аумағындағы беткі суларының ластануын қадағалау 2015 жыл ішінде 7 су объектісінде (Нұра, Шерубайнұра, Қаракенгір өзендері; Самарқан, Кеңгір су сақтағыштары; Ертіс-Қарағанды арнасы; Балқаш көлі).

Нұра өзені Керегетас тауынан басталады және үлкен Теңіз көлімен қосылатын Қорғалжын көл жүйелеріне құйылады. Өзен Қарағанды облысының аумағынан бастау алады және Ақмола облысы арқылы ағып өтеді. Нұра өзенде Самарқанд су сақтағышы орналасқан. Шерубайнұра өзені Нұра өзенінің оңтүстік жағалау сағасы. Шерубайнұра өзеніне Соқыр өзені келіп құяды. Қара Кеңгір өзені Сарысу өзенінің оң сағасы. Кеңгір су сақтағышы Кеңгір өзенінде орналасқан.

Ертіс-Қарағанды арнасы Ақсу қаласынан жоғары жағындағы Ақөзенінің Ертіс сағасынан бастау алады. Арна Нұра өзенін дюкер бойынша қиып өтеді. Арна ірі тұтынушы болып табылатын Қарағанды қаласының сорғы станциясында аяқталады.

Арна Павлодар облысы мен Қарағанды облысының аумақтарынан өтеді.

Қарағанды облысының аумағындағы су объектілері суының сапасы келесідей үлгіде

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

бағаланады: «ластанудың орташа деңгейі» – Кенгір су сақтағышы, Қарағанды –Ертіс арнасы; «жоғары ластанған деңгейі» Нұра, Шерубайнұра, Қаракенгір, Самарқандөзендері, Балхаш көлі.

Шерубайнұра, Қаракенгірөзендері, Кенгір су сақтағышы, Ертіс-Қарағанды арнасының суы 2014 жылмен салыстырғанда – жақсарды, Нұра өзені, Самарқанд су сақтағышы – өзгермеген, Балқаш көлі – нашарлаған.

Облыс аумағында келесідей ЭЖЛ және ЖЛ жағдайлары анықталды: Нұра өзені ЖЛ – 88 жағдай, Қаракенгірөзені ЭЖЛ – 1 және ЖЛ – 44 жағдай, Шерубайнұра өзені ЖЛ – 31 жағдай, Самарқанд су сақтағышы – ЖЛ-8 жағдай, Кенгір су сақтағышы ЖЛ – 4 жағдай.

Беткі сулардың сапасын гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша бақылау сипаттамалары туралы толық ақпарат «Қазгидромет» РМҚ сайтында орналасқан (http://www.kazhydromet.kz/ru/monitor_beluten_archiv2015).

Жерасты сулары

Облыстың қоршаған ортасына, атап айтқанда жерасты суларына елеулі аумақты қамтитын Қарағанды-Теміртау, Шерубай-Нұра өнеркәсіптік аудандары басты техногендік әсер етеді.

Қарағанды-Теміртау кешенінің ағынды суларын «ТЭМК» АҚ, ҚарГРЭС-1, «Миттал Стил» АҚ, ҚарГРЭС-2 бірнеше он жылдар бойы (алпысыншы жылдарынан бастап) Самарқанд су қоймасына және Нұраөзеніне ағызып келе жатқанын ерекше атап өту керек. Нұра өзені сынаппен, селенмен, марганецпен, броммен, қорғасынмен, литиймен ластанады. Қазіргі уақытта Нұра өзенінің алқабында Теміртау қаласының өнеркәсіп кәсіпорындарынан келіп түсуімен байланысты техногенді тұнбаларының жаңа арна шөгінділері түзіледі.

Техногендік шөгінділер сынаптың концентрация деңгейі фондық шоғырланудан ондаған және жүздеген есе артық. Топырақта және өзен түбіндегі шөгінділерде сынаптан басқа қорғасынның, мырыштың, мыстың, стронцийдің жоғары мөлшері анықталды. Нұра өзенінің суларында көп мөлшерде қорғасынның, марганецтің, литийдің бар екендігі мәлім болды. Нұра өзені ластануының жоғары деңгейі биогеохимиялық деректермен де расталады. Өзеннің балдырларындағы сынап мөлшері

фондық деңгейлерден жүздеген есе асып кетеді. Өзен ресурстарын әрі қарай пайдалану мүмкін болмай бара жатыр. Сонымен, ластау көздерінің жалпы тізбесіне Нұра өзені қосылады, ол жерасты суларын ластаудың қайталама көзіне айналып келеді.

Шерубай-Нұра өзен аралық көрінісінің жерасты суларын ластаудың негізгі көздері өздерінің ағынды суларын атырыптың бедері бойынша тастайтын Шерубайнұра, Абай, Калининатындағы, Дон, Долинка, Шахтинск, Молодежная, Степная, Шахан шахталары болып табылады.

Сондай-ақ елеулі техногендік шиеленістің тағы да екі учаскесі – Жезқазған мен Балқаш қалалары аудандарының болуы байқалауда.

Жерасты суларын ластайтын негізгі құрамдас бөліктер: бериллий, литий, барий, марганец, нитраттар, темір және басқалар болып табылады.

4.7.3. Жер ресурстары

Қарағанды облысының Жер қатынастары басқармасы ұсынған деректерге сәйкес Қарағанды облысының жалпы жер қоры 2016 жылдың 20 қаңтарындағы жағдай бойынша 42798,2 мың га құрады. Бүлінген жерлердің ауданы облыста 44,8 мың га құрайды, соның ішінде пайдаланылғаны – 10,6 мыңга, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ауданы – 13337,3 мың га, елді мекендер аумағы – 3894,1 мың га, қорға сақталған жерлер – 17380,5 мың га және басқалар.

Қазіргі таңда облыстың негізгі экологиялық проблемаларының бірі бұрынғысынша бір қатар көмір өндіруші кәсіпорындарды жекешелендіру, жабу және жою процесінің нәтижесінде иесіз қалып бүлінген жерлерінің қалпына келтіру проблемасы болып қалып отыр, ол негізінен 1996 жылдың 1 шілдесіне дейін облыстың бүлінген және пайдаланылған жерлерінің жартысына жуығы бұрынғы «Қарағанды көмір» ӨБ кәсіпорындарына тіркелді. Жоғарыда аталған жерлердің топырағын қалпына келтіру мақсатында, Республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорыны «Қарағанды калквидшахт» РММК құрды.

«Қарағанды калквидшахт» РММК күштімен 2015 жыл ішінде 0,151 мыңга жердің топырағы

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

қалпына келтірілді (2014 – 0,114 мыңга). Есепті кезең ішінде мемлекет балансына берілген жерлердің алаңы 0,039 мыңгақұрайды.

Бүлінген жерлердің негізгі ауданы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Көмір және Болат департаменттерінің, «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС кәсіпорындарының жылу энергетикасы кәсіпорындарының балансында тұр.

№1, №2 Жезқазған байыту фабрикасының үйінді сақтағышын қалпына келтіру бойынша жұмыстар «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС табиғат қорғау іс-шаралары жоспарына енгізілген.

Сондай-ақ, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ ҚД «Саран» және Т. Күзембаеватындағы шахталарында пайдаланылған карьерлерді қайта қалпына келтіру және пайдаланылған кеністіктерді бітеу жөніндегі жұмыстар жалғастырылуда.

Қалпына келтіру жұмыстары облыстың басқа да кәсіпорындарында жүргізілуде. Мәселен, «Транскөмір» ЖШС-де 2015 жылы 0,024 мыңга жер қалпына келтірілді (2014ж.- 0,024 мыңга). Сондай-ақ «Қазхром» ТҮК АҚ күшімен алаңы 0,089 мыңга (0,417 мыңга) бүлінген жер учакесінің рекультивациялық жұмыстары жүргізілді. «Нова Цинк» ЖШС 0,088 мыңга (0,015 тыс.га) жерді қалпына келтірді.

Топырақтың ластануы

Балқаш қаласында көктемгі кезеңде топырақ қойнауларында мырыш 3,4 – 11,2 ШЖК, хром 0,6 – 12,2 ШЖК, кадмий – 2,0 – 26,0 ШЖК, қорғасын 3,4–28,2 ШЖК, мыс – 21,5–77,8 ШЖК.

Көктемгі кезеңде Балқаш кен-металлургия комбинаты (БКМК) ауданындағы топырақ барынша ластанды, онда мыс – 77,8 ШЖК; қорғасын – 28,2 ШЖК; кадмий – 26,0 ШЖК; мырыш – 10,7 ШЖК және хром – 1,5 ШЖК құрады.

Балқаш қаласының аудандарында металдардың ШЖК-ден асып түсетін барынша шоғырлануы көктемде былайша құралды:

- ЖЭО ауданында мыс – 77,6 ШЖК, қорғасын – 24,9 ШЖК, кадмий – 13,0 ШЖК, мырыш – 10,4 ШЖК, және хром – 2,3 ШЖК;

- БКМК емханасы ауданында мыс – 77,5 ШЖК, қорғасын – 18,4 ШЖК, кадмий – 11,0 ШЖК, мырыш – 10,7 ШЖК;

- Ленин және Әлімжанов көшелерінің қиылысындағы ауданда мыс – 26,6 ШЖК, қорғасын – 26,1 ШЖК, кадмий – 21,0 ШЖК, хром – 12,2 ШЖК және мырыш – 11,2 ШЖК;

- парк аймағы ауданында мыс – 21,5 ШЖК, қорғасын – 3,4 ШЖК, мырыш – 3,4 ШЖК, кадмий – 2,7 ШЖК.

Күзгі кезеңде Балқаш кен-металлургия комбинаты (БКМК) ауданындағы топырақ барынша ластанған, мұнда мыс – 96,3 ШЖК, кадмий – 29,9 ШЖК, мырыш – 27,7 ШЖК, қорғасын – 27,6 ШЖК және хром 3,2 ШЖК шоғырланды.

Балқаш қаласының аудандарында металдардың ШЖК-ден асып түсетін барынша шоғырлануы күзде былайша құралды:

- ЖЭО ауданында мыс – 60,7 ШЖК, қорғасын – 24,2 ШЖК, кадмий – 23,9 ШЖК, мырыш – 15,9 ШЖК;

- БКМК емханасы ауданында мыс – 57,5 ШЖК, кадмий – 23,0 ШЖК, мырыш – 13,6 ШЖК, қорғасын – 9,7 ШЖК және хром – 1,8 ШЖК;

- Ленин және Әлімжанов көшелерінің қиылысындағы ауданда мыс – 27,9 ШЖК, кадмий – 10,1 ШЖК, мырыш – 8,6 ШЖК және қорғасын – 2,8 ШЖК;

- парк аймағы ауданында мыс – 61,3 ШЖК, мырыш – 13,0 ШЖК, кадмий – 11,9 ШЖК, қорғасын – 9,8 ШЖК және хром – 1,1 ШЖК.

Жезқазған қаласында көктемгі кезеңі ішінде қаланың әр түрлі аудандарынан жинап алынған барлық топырақ сынамаларында хром 0,06–0,1 ШЖК; кадмий – 0,9–2,7 ШЖК; мырыш – 2,5–3,8 ШЖК; қорғасын – 1,4–6,9 ШЖК; мыс – 7,3–10,5 ШЖК шектерінде болды.

Қаланың әр түрлі аудандарында металдардың ШЖК-ден асып түсетін барынша шоғырлануы былайша құралды:

- №3 мектеп аумағында шоғырланған мыс – 8,9 ШЖК, мырыш – 3,6 ШЖК, қорғасын – 3,0 ШЖК, кадмий – 2,7 ШЖК;

- Кеңгірсу қоймасы ауданында шоғырланған мыс – 7,6 ШЖК, мырыш – 3,1 ШЖК, қорғасын – 1,4 ШЖК;

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

- ЖЭО-дан 1 км санитарлық-қорғау аймағының шекарасында шоғырланған мыс-10,5 ШЖК, қорғасын-6,9 ШЖК, кадмий-4,6 ШЖК, мырыш- 3,8 ШЖК;

- "Жезқазғанмыс балқыту зауыты" санитарлық-қорғау аймағының шекарасында шоғырланған мыс-7,3 ШЖК, мырыш- 2,5 ШЖК және қорғасын-1,4 ШЖК;

- автомагистраль ауданында шоғырланған мыс-8,2 ШЖК, қорғасын-2,8 ШЖК, мырыш-2,7 ШЖК және кадмий- 1,2 ШЖК.

Күзгі кезең ішінде қаланың әр түрлі аудандарынан жинап алынған барлық топырақ сынақтарында хром 0,1-0,2 ШЖК, кадмий- 0,7-3,3 ШЖК, мырыш-2,6-8,8 ШЖК, қорғасын-0,9-6,0 ШЖК, мыс- 3,8-28,3 ШЖК шектерінде болды.

Қаланың әр түрлі аудандарында металдардың ШЖК -дан асып түсетін барынша шоғырлануы былайша құралды:

- №3 мектеп аумағында шоғырланған мыс-3,8 ШЖК және мырыш-2,6 ШЖК;

- Кеңгірсу қоймасы ауданында шоғырланған мыс-11,0 ШЖК, мырыш- 5,5 ШЖК, қорғасын-1,5 ШЖК және кадмий- 1,4 ШЖК;

- ЖЭО-дан 1 км санитарлық-қорғау аймағының шекарасында шоғырланған мыс-28,3 ШЖК, мырыш-8,6 ШЖК, қорғасын-6,0 ШЖК және кадмий-3,3 ШЖК;

- "Жезқазған мыс балқыту зауыты" санитарлық-қорғау аймағының шекарасында шоғырланған мыс-20,0 ШЖК, мырыш-4,9 ШЖК, қорғасын-1,8 ШЖК және кадмий-1,7 ШЖК;

- автомагистраль ауданында шоғырланған мыс-25,5 ШЖК, мырыш-8,8 ШЖК, қорғасын-3,0 ШЖК және кадмий-2,2 ШЖК.

Қарағанды қаласында көктемгі кезең ішінде топырақ сынақтарында мыс 0,01-0,4 ШЖК, хром- 0,01-0,04 ШЖК, мырыш-0,1-0,6 ШЖК, қорғасын-0,4-1,7 ШЖК, кадмий-0,3-3,6 ШЖК шектерінде болды.

ЖЭО-3 ауданында (Октябрь ауданы) шоғырланған кадмий 3,6 ШЖК және қорғасын-1,7 ШЖК құрады.

"Гүлдер" шағын ауданындағы №101 мектеп «Сабырхан» Орталық байыту фабрикасы» аумағында, «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС құю зауытының және Қарағанды - Теміртау

автомобиль трассасы ауданындағы топырақ сынақтарында ауыр металдардың ШЖК -дан асып түсетін шоғырлануы байқалған жоқ.

Күзгі кезең ішінде топырақ сынақтарында мыс 0,4-1,2 ШЖК, хром- 0,02-0,2 ШЖК, мырыш-0,9-1,9 ШЖК, қорғасын-0,3-2,0 ШЖК, кадмий-0,2-0,3 ШЖК шектерінде болды.

"Гүлдер" шағын ауданындағы №101 мектеп ауданында шоғырланған қорғасын 2,0 ШЖК, мыс- 1,2 ШЖК және мырыш 1,1 ШЖК құрады.

"Сабырхан" Орталық байыту фабрикасы» аумағында шоғырланған мырыш 1,9 ШЖК және мыс- 1,2 ШЖК құрады.

ЖЭО-3 ауданында (Октябрь ауданы) шоғырланған қорғасын 1,7 ШЖК құрады.

«Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС құю зауытының және Қарағанды - Теміртау автомобиль трассасы ауданында топырақ сынақтарында шоғырланған мыс 1,2 ШЖК құрады.

Теміртау қаласында көктемгі кезең ішінде топырақ сынақтарында хром 0,1-0,3 ШЖК, мыс- 0,003-0,4 ШЖК, мырыш- 0,4-0,5 ШЖК, кадмий 0,3-1,1 ШЖК, және қорғасын 0,2-1,2 ШЖК шектерінде болды.

Автомагистраль ауданында кадмий мен қорғасынның шоғырлануы тиісінше 1,1 және 1,2 ШЖК құрады.

ЖЭО-2 ауданында қорғасынның шоғырлануы 1,2 ШЖК шегінде болды.

Ескі қаладағы нан зауыты, автостанция және №11 мектеп аумағында барлық анықталған ауыр металдар шекті жол берілген нормадан асқан жоқ.

Күзгі кезең ішінде топырақ сынақтарында хром 0,01-0,1 ШЖК, мыс- 0,1-1,2 ШЖК, мырыш- 0,5-1,6 ШЖК, кадмий 0,3-0,6 ШЖК, және қорғасын 0,3-1,7 ШЖК шектерінде болды.

Ескі қаладағы автостанция аумағында шоғырланған қорғасын 1,7 ШЖК құрады.

Нан зауытының аумағында ("Миттал Стіл Теміртау" АҚ-дан 3 км) шоғырланған мыс 1,2 ШЖК және мырыш- 1,6 ШЖК құрады.

ЖЭО-2, автомагистраль және №11 мектеп аудандарында барлық анықталған ауыр металдар шекті жол берілген нормадан асқан жоқ.

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

4.7.4. Жер қойнауы

Қарағанды облысында жер қойнауын пайдалану (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру) жөніндегі операцияларды 146 объектідегі (кен орындарындағы, учаскелеріндегі, алаңдарындағы) 115 жер қойнауын пайдаланушы жүзеге асырады. Соның ішінде пайдалы қатты қазбалар бойынша барлау мен өндіруді жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы – 68 (96 объектіде) және жалпы тараған пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдаланушы – 47 (50 объектіде).

4.7.5. Биоәртүрлілік

Облыстар республикалық маңызы бар 12 және жергілікті маңызы бар 5 ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА) бар.

Жергілікті маңызы бар табиғат ескерткіштері: «Сібір балқарағайы» - 0,5 га; «Сібіршыршасы» - 0,5 га; «Шайтанкөл көлі» - 0,4 га; «Бассейн көлі» - 0,14 га; «Үңгір» шатыры - 0,1 га; «Алғашқы адам үңгірі» - 1 га «Қарқаралы ұлттық мемлекеттік табиғи паркі» РММ құрамында есепке алынады.

«Қарқаралы ұлттық мемлекеттік табиғи паркі» РММ аумағында 2015 ж. (2014 ж.) ішінде келесі іс-шаралар орындалды:

- орман отырғызу (га) - 15 (10);
- тәлімбақтарға өсімдік қарағай тұқымдары себілді (га) - 0,2 (0,3);
- минералдандырылған белдеулерге күтім жасау (км) - 1957 (1948);
- өзге де ағаштарды кесі, оның ішінде:
 - өтімді қоқысты жинау га/текше м: - (134,3/475);
 - минералдандырылған белдеулерді құру (км) - 9 (9);
 - орман дақылдарына күтім жасау (га) - 120
 - аншлағтар орнату (дана) - 30

Жезқазған ботаникалық бағының аумағында 2015 ж. (2014 ж.) ішінде іс-шаралар жүргізілді:

- карантиндік арамшөптерге қарсы топырақ өңделді; зиянкестерге, ауруларға және арамшөптерге қарсы фитосанитарлық іс-шаралар жүргізілді;
- жоспарлы агротехникалық іс-шаралар жүзеге асырылды: әзірленген жоспарға сәйкес шөптеу, тыңайтқыштар енгізу, суару, тұқымдық материалды жинау, өсімдіктер коллекциясын толықтыру жүргізілді.

2015 жылғы мәдени өсімдіктердің жабайы тұқымдастарының (МӨЖТ) бар-жоғын анықтау үшін келесі флористикалық аудандар: Ұлытау, Қарқаралы, Тобыл-Есіл, Ертіс, Көкшетау, Торғай, Батыс ұсақ

шоқылары, Шығыс, Қарқаралы Бетпақдала ұсақ шоқылары зерттелді.

2015 ж. (2014 ж.) Қарағанды облысының аумағында «Бұйратау» МҰТП-да жұмыстар жүргізілді:

- орманнан тыс қоқыстарды жинау (га.) - 12,3 (23,3);

- алаңдарда өсімдіктер дүниесіне мониторингтік бақылаулар (дана) - 4 (4);

- өртке қарсы минералдандырылған белдеулерге күтім жасалады (км) - 900 (900);

- әзірленген жоспар бойынша орман-техникалық іс-шаралар жүргізіледі.

Қарағанды облыстық аумақтық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясының деректері бойынша мемлекеттік орман қорының жерлерінде (бұдан әрі – МОҚ) 2015 жылы 20 өрт жағдайы болды, өрт шарпып өткен жалпы алаң – 103,82 га, 2014 жылы МОҚ жерлерінде 30 өрт жағдайы болды, өрт шарпып өткен МОҚ жерлерінің алаңы – 66,83 га.

Өрт шарпыған алаңдардың ұлғаюы облыстың ауа райы жағдайларымен (ауаның жоғары температурасы, желдің күшеюі, өрт қауіпті кезеңде жауын-шашынның азаюы) байланысты болды.

2014 жылы аңшылық алқаптардың жалпы алаңы – 34346,89 мың га құрады, 2015 жылы аңшылық алқаптардың жалпы алаңы өзгерген жоқ.

Балық шаруашылығы ұйымдары 2014 жылы балық қорын молайту жөнінде іс-шаралар жүргізді:

- 51 млн. 410 мың дана тұқының балаң құрты;
- 1 млн. 601 мың 787 дана тұқының дернәсілі;
- 167 мың 70 дана ақ амур мен дөңмаңдайдың дернәсілі;
- 2 млн. дана ақ амур мен дөңмаңдайдың балаң құрты;
- 8 млн. дана ақсақ балықтардың балаң құрты;
- 28 мың 714 дана бір жасартуқы;
- 12 мың дана екі жасартуқы.

Балық шаруашылығы ұйымдары 2015 жылы балық қорын молайту жөнінде іс-шаралар жүргізді:

балықтанған бір жасар ақ амурсаны – 23 мың 600 дана;

ақ амурдың балаң құрты – 1 млн. дана;

ақ амурдың дернәсілі – 105 мың 321 дана;

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

тұқының балаңқурты - 57 млн. 370 мың дана;

2 жасартқы - 3 мың 664 дана;

аксақ балықтардың балаңқурты - 4 млн. 100 мың дана;

тұқының дернәсілі - 2 млн. 559 мың 270 дана;

бір жасартқы - 204 мың 500 дана;

дөңмаңдайдың дернәсілі - 1 млн. дана;

дөңмаңдайдың балаңқурты - 102 мың 856 дана;

бір жасармөңке - 4 мың дана;

мөңкенің дернәсілі - 2 мың 500 дана.

4.7.6. Радиациялық жағдай

Төңіректегі гамма сәулеленудің деңгейін қадағалау күн сайын 5 метеорологиялық станцияларда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды, Корнеевка, Родниковский) Уақытша сақтау қоймасы (УСК) және Автоматтандырылған бекетте Қарағанды қ. (№5), Теміртау қ. атмосфералық ауасының ластануын қадағалау жүзеге асырылды.

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жерге жақын қабатындағы радиациялық гамма-фонның орташа мәндері 0,02-0,28 мкЗ/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,16 мкЗ/сағ. құрап, шекті жол берілген нормада болды.

Қарағанды облысы аумағындағы атмосфералық жер қабатының радиоактивті ластануын бақылау көлденең планшеттермен ауа сынамасын іріктеу жолымен 3 метеостанцияда (Балқаш, Жезқазған, Қарағанды) жүргізілді. Барлық станцияларда бес тәуліктік іріктеу сынамалары жүргізіледі.

Облыс аумағындағы атмосфералық жер қабатының радиоактивті түсу орташа тығыздығы 0,7-3,4 Бк / м² шегінен ауытқыды.

Облыс бойынша түсудің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м² құрайды яғни, шекті жол берілетін деңгейден аспайды.

4.7.7. Қалдықтар

Қарағанды облысы кәсіпорындарының өнеркәсіп қызметінің процесінде өнеркәсіп қалдықтарының елеулі көлемі құралады. Негізгі бөлігінде бұлар пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру және оларды қайта ұқсату процестерінің қалдықтары, сондай-ақ техногендік минералдық түзінділер (ТМТ) болып табылатын күл-шлак қалдықтары.

2015 жылдың қорытындысы бойынша жинақталған өнеркәсіп қалдықтары - 6 874 099,885 мың тонна, оның ішінде: ТМТ - 6 770 478,974 мың тонна, ТМТ-ға жатпайтын өнеркәсіп қалдықтары - 103 620,906 мың тонна.

2015 жылы пайда болған өнеркәсіп қалдықтары 215 709,828 - мың тонна, оның ішінде ТМТ - 211 189,163 мың тонна, ТМТ-ға жатпайтын өнеркәсіп қалдықтары - 4520,665 мың тонна.

Қалдықтарды жинақтаушыларға 1 212 505,537 мың тонна орналастырылды, соның ішінде ТМТ - 1 167 778,807 мың тонна, ТМТ-ға жатпайтын өнеркәсіп қалдықтары - 447 1730 мың тонна.

Пайдаланғаны, кәдеге жаратылғаны, қайта өңделгені, мамандандырылған ұйымдарға тапсырылғаны - 946 752,252 мың тонна, бұл құралған қалдықтардың жалпы санының 43,8 %-ын құрайды.

Соның ішінде ТМТ - 934 444,557 мың тонна (пайда болған ТМТ жалпы санының 44,2 %-ын құрайды), ТМТ-ға жатпайтын өнеркәсіп қалдықтары - 1 230,650 мың тонна (пайда болған қалдықтардың жалпы санының 27 %-ы).

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

4.7.1-ші кесте. 2015 ж. жинақталған өнеркәсіп қалдықтарының өнеркәсіп салалары бойынша көлемі

Өнеркәсіп салалары	Қалдық түрі. Барлығы/с.і.	Жинақталған өнеркәсіп қалдықтары (2015 ж.қосқанда), мың тонна		
		барлығы	Оның ішінде:	
			ТМТ	барлығы өнеркәсіп қалдықтары (ТМТ-дан басқа)
1	2	3	4	6
Кен өндіру, соның ішінде:	Барлығы, с.і.	1372621,947	1371590,196	1031,751
	Аршылған жыныстар	1328855,769	1328855,769	-
	Сыйғызатын жыныстар	237,319	237,319	-
	Байыту қалдықтары	39740,41	39740,41	-
	Шламдар	2756,698	2756,698	-
	Күл шлак	124,868	-	124,868
	Өзгелер	906,883	-	906,883
Түсті металлургия, соның ішінде:	Барлығы, с.і.	2924420,405	2922444,256	1976,149
	Байыту қалдықтары	869524,846	869524,846	-
	Аршу және сыйғызу жыныстары	2025647,708	2025647,708	-
	Металлургиялық шлактар	27271,702	27271,702	-
	Шламдар	188,161	-	188,161
	Күл шлак қалдықтары	1226,871	-	1226,871
	ӨТҚ	561,117	-	561,117
Қара металлургия, соның ішінде:	Барлығы, с.і.	188932,55	188204,61	727,935
	Судан айыру қалдықтары	44478,024	44478,024	-
	Металлургиялық шлактар	73369,828	73369,828	-
	Шламдар	7155,642	7155,642	-
	Коксохимия өндірісінің хим. қалдықтары	91,933	91,933	-
	ЖЭО-ның күл шлак қалдықтары	63109,183	63109,183	-
	Қатты ӨТҚ	727,935	-	727,935
Көмір өндіру, соның ішінде:	Барлығы, с.і.	2286222,915	2285075,152	1147,763
	Сыйғызатын шахталық жыныстар	112576,646	112576,646	-
	Аршитын жыныстар	2165705,562	2165705,562	-
	Үйінділер	6792,944	6792,944	-
	Күл шлак қалдықтары	1142,293	-	1142,293
	Өзгелер	5,47	-	5,47
Қайта өңдеу, соның ішінде:	Барлығы, с.і.	3172,338	3164,76	7,578
	Байыту қалдықтары	2897,189	2897,189	-
	Шламдар	53,913	53,913	-
	Күл шлак	4,31	-	4,31
	Шлактар	213,658	213,658	-
	Өзгелер	3,268	-	3,268
Жылу энергетикасы, соның ішінде:	Барлығы	98656,482	-	98656,482
	Күл және күл шлактар	98656,482	-	98656,482
Ауыл шаруашылығы өндірісі, соның ішінде:	Барлығы	73,248	-	73,248
	Көң, саңғырық	73,248	-	73,248
Барлығы аймақ бойынша		6874099,885	6770478,974	103620,906

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

4.7.2-шікесте. Өнеркәсіп салалары бойынша пайда болған, пайдаланылған, қайта өңделген және орналастырылған қалдықтар

Өнеркәсіп салалары	Қалдық түрі, барлығы/с.і.	Пайда болған ы, мың тонна	Пайдаланылғаны		Қайта ұқсатылғаны, кәдеге жаратылғаны		Полигондарда орналастырылғаны		Тараптық ұйымдарға тапсырылғаны		Лимит, мың тонна
			мың тонна	(%)	мың тонна	(%)	мың тонна	(%)	мың тонна	(%)	
...	-	-	мың тонна	(%)	мың тонна	(%)	мың тонна	(%)	мың тонна	(%)	-
Кен өндіру	Барлығы	48664,964	4039,935	8,3	-	-	44624,984	91,7	0,045	-	92572,2
	Аршу және сыйғызу жыныстары	45813,545	3147,946	6,9	-	-	42665,599	93,1	-	-	87062,841
	Байыту қалдықтары	2587,258	830,409	32	-	-	1756,849	68	-	-	4776,148
	Шламдар	253,512	61,39	24,2	-	-	192,122	75,8	-	-	694,72
	Күл шлак	4,417	0,19	4,3	-	-	4,182	94,7	0,045	1	9,125
	Өзгелер	6,232			-	-	6,232	100	-	-	29,366
Көмір өндіру	Барлығы	119897,581	84362,268	70,4	-	-	35516,331	29,62	18,982	-	124683,355
	Аршитынжыныстар	115340,258	84034,868	72,9	-	-	31305,390	27,1	-	0,01	117899,591
	Сыйғызатынжыныстар	4213,698	302,798	7,2	-	-	3910,9	92,8	-	-	6274,900
	Байыту қалдықтары	267,854	-	-	-	-	267,854	100,0	-	-	379,800
	Күл шлак	64,874	19,665	30,3	-	-	28,262	43,6	16,947	26,1	125,064
	Өзгелер	10,897	4,937	45,3	-	-	3,925	36	2,035	18,7	4
Түсті металлургия	Барлығы	37735,855	3885,967	10,3	1015,71	2,7	32901,358	87,2	-	-	577898,577
	Аршитынжыныстар	3168,662	0,735	0,1	-	-	3167,927	99,9	-	-	536297,356
	Сыйғызатынжыныстар	3792	3792	100	-	-	-	-	-	-	621,983
	Байыту қалдықтары	29506,341	-	-	-	-	29506,341	100	-	-	38881,797
	Шламдар	23,434	-	-	-	-	23,434	100,0	-	-	35,04
	Металлургиялық шлактар	948,53	-	-	1015,71	107	-	-	-	-	812,043
	Күл шлак	292,158	93,22	31,9	-	-	198,938	68,1	-	-	1235,084
	Өзгелер	4,730	0,012	0,3	-	-	4,718	99,7	-	-	15,274
Қара металлургия	Барлығы	4377,978	-	-	760,116	93,8	3370,916	76,9	395,706	9	5807,017
	Металлургиялық шлактар	2375,511	-	-	49,324	-	1935,935	81,5	390,252	16,4	3118,200
	Байыту қалдықтары	64,096	-	-	208,152	-	-	-	-	-	180,0
	Коксохим өндірісінің қалдықтары	1,565	-	-	0,815	-	-	-	5,454	348,5	-
	Шламдар	94,558	-	-	1,696	-	92,862	98,2	-	-	190,246
	ЖЭО-ның күл шлақ қалдықтары	1309,119	-	-	-	-	1309,119	100	-	-	2194,473

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

	Өнеркәсіптік-тұрмыстық көзгелер	533,129	-	-	500,129	93,8	33	6,2	-	-	124,098
Қайта өңдеу	Барлығы	534,644	69,902	13,1	-	-	380,093	71,1	84,67	15,8	893,941
	Байыту қалдықтары	495,829	60,000	12,1	-	-	361,929	73	73,9	14,9	749,784
	Шламдар	0			-	-	0	-	-	-	26,425
	Шлактар	20,845	5,937	28,5	-	-	14,908	71,5	-	-	93,393
	Күл шлак	1,073			-	-	0,003	0,3	1,070	99,7	3,759
	Өзгелер	16,897	3,965	23,5	-	-	3,253	19,2	9,7	57,4	20,580
Жылу энергетикасы	Барлығы	4433,731	-	-	-	-	4433,731	100	-	-	5031,533
	Күл және күл шлактар	4433,731	-	-	-	-	4433,731	100	-	-	5031,533
Ауыл шаруа өндірісі	Барлығы	65,075	3,73	5,7	-	-	23,124	35,5	38,221	58,7	76,675
	Кен, саңғырық	65,075	3,73	5,7	-	-	23,124	35,5	38,221	58,7	76,675
Барлығы аймақ бойынша		215709,828	92361,802	42,8	1775,826	0,8	121250,537	56,2	537,624	0,2	806963,3

2015 және 2014 жылдар ішіндегі қалдықтар санын салыстырған кезде қалдықтар көлемінің ұлғаюы байқалады: пайда болуы – 10218,458 мың тоннаға, осы фактіге қарамастан орналастыру көлемі 10652,556 мың тоннаға азайды, қалдықтарды пайдалану көлемі 21068,918 мың тоннаға ұлғайды (2015 жылы – 43,8 %, 2014 жылы – 35,8 %).

2015 жылы қалдықтар санының ұлғаюы «Шұбаркөл көмір» АҚ жыныстарды аршып көмір өндіруден, «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС Бөрілі ҚД, аз мөлшерде «Өркен Кентөбе» кәсіпорындарында байқалады.

Өндіріс қалдықтарын пайдалану көрсеткіштерінің ұлғаюы, атап айтқанда жыныстарды аршу және сыйдыру кезінде 2015 жылы бүлінген жерлер

Аландарыңалпына келтіру және игерілген кеңістіктерді бітеу жөніндегі жұмыстардың ұлғаюына байланысты болды.

Тау-кен және шахталық жыныстар, байыту қалдықтарын, күл шлақ сияқты өнеркәсіп қалдықтар, игерілген жерлерді рекультивациялаудың техникалық кезеңін жүргізу мақсатында, карьер жолдарын, қорғаныш дамбаларын, үйінділерді тегістеу үшін пайдаланады.

Мәселен, «Шұбаркөл көмір» АҚ кәсіпорындарында пайда болған аршылған жыныстар ішкі үйінділерге орналастырылады. 2015 жыл ішінде құралған 58547,02 мың тонна-

жыныстардан 45172,29 мың тонна аршылған жыныс пайдаланылды, бұл 77 %-дық ұрайды.

«Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС Бөрілі ҚД Қушоқы разрезінің аршылған жыныстары жоғарыда аталған тәсіл сияқты ішкі үйінділерге орналастырылады. Пайда болған 7482,215 мың тонна аршылған жыныстардың 7482,215 мың тоннасы разрездің ішкі үйінділеріне орналастырылды, бұл 100% пайдалануды құрайды.

«SatKomir» ЖШС-де есепті кезеңде 1591,3 мың тонна мөлшерде пайда болған аршылған жыныстар толықтай ішкі үйінділерге орналастырылды, 2014 жылы – 1113,8 мың тонна немесе 100%.

«Қазхром» ТҰК» АҚ «Қазмарганец» КБ аршылған жыныстардың ішкі үйінділерге орналастырып, кәсіпорын мұқтаждықтарына пайдаланады. Есепті кезең ішінде 7248,876 мың тонна пайда болып, оның 2288,876 мың тоннасы (31,6%) пайдаланылды.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ БД 2015 жылы 5406,669 мың тонна қалдықтар пайда болды, 2399,083 мың тоннасы кәдеге жаратылды және қайта өңделді, сондай-ақ мамандандырылған ұйымдарға тапсырылды, бұл 44,4%-дық ұрайды. Домна шлактары түйірленген шлаққа және қиыршық тасқа қайта өңделеді, бұдан кейін 2013 жылдың 10 желтоқсан айындағы № ҚК 1303 шартқа сәйкес «Бұқтарма цемент компаниясы» АҚ-да тапсырылады, байыту қалдықтарын ЖЭО-2 отын ретінде

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

пайдаланады, коксохимия өндірісінің химиялық қалдықтары (қышқыл желімбас) келісімшарт бойынша «Шайыр-Тау» ЖШС-ге қайта өңдеу беріледі. Фустарларды кәдеге жаратуға арналған қондырғыда қайта өңделеді. 2015 жылы құралған 0,815 мың тонна қалдықтардың 3,19 мың тоннасы қайта өңделді, кәдеге жаратылды және тапсырылды, тапсыру бұрын жинақталғандарды есепке ала отырып жүзеге асырылады.

«Kazakhmys Smelting» ЖШС, «Қазақмыс» Корпорациясы ЖШС металлургиялық шлактары байыту фабрикаларына беріле отырып қайталап қайта өңделеді. Есепті кезең ішінде құралған 828,53 мың тонна шлактардан 895,71 мың тонна (108%) қайта өңделді. 2014 жылы құралған 881,86 мың тонна шлактардан 573,618 мың тонна қайта өңделді, бұл 65 %-ды құрайды.

Улы қалдықтар полигондары туралы:

Қарағанды облысының аумағында улы қалдықтарды көмуге және залалсыздандыруға арналған полигон жоқ.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ балансында қауіпті қалдықтарды орналастыруға арналған полигон бар – бұл құрамында хромы баршламдардың улы қалдықтарын орналастыруға арналған полигон («янтарь» деңгейі) және бұрын химиялық алау және

ректификация цехтарының коксохимия өндірісі (қышқыл желімбаспен фустар) қалдықтары орналастырылған химиялық қалдықтар үйіндісі («қызыл» деңгейі).

Улы қалдықтар полигонының жобалық сыйымдылығы 60 мың куб м (48,60 мың тонна), алаңы 20 га, химиялық қалдықтар үйіндісінің жобалық көлемі – 386,0 мың тонна, алаңы – 9,2 га құрайды.

Химиялық қалдықтар үйіндісінде 2013 жылдың аяғынан бері коксохим өндірісінің қалдықтарын орналастыру жүзеге асырылмайды. 04.05.2014 ж. № 1901 келісімшартқа сәйкес қышқыл желімбас «Шайыр-Тау» ЖШС-іне беріледі.

2015 жыл ішінде 0,704 мың тонна қышқыл шайыр пайда болып, үйіндіде бұрын жинақталған қалдықтарды есепке ала отырып 3,079 мың тоннасы тапсырылды, 2014 жыл ішінде 0,759 мың тонна пайда болып, 1,744 мың тонна тапсырылды.

Фустар кәсіпорында қайта өңделеді, сондай-ақ «Шайыр-Тау» ЖШС-іне тапсырылады. 2015 жылы 0,815 мың тонна қалдық пайда болды және қайта өңделді, бұрын жинақталғандарды есепке ала отырып 2,375 мың тоннасы тапсырылды, 2014 жылы пайда болып, қайталап қайта өңделгені – 0,816 мың тонна, тапсырылғаны 0,885 мың тонна.

4.7.3-ші кесте. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ улы қалдықтарының полигондары

Улы қалдықтар полигоны иесінің атауы	Қай кезеңнен бастап	Жинақталған қалдықтар көлемі, мың тонна	Қолданылатын орналастыру әдісі	Соңғы инспекциялық тексеру күні
Улы қалдықтар полигоны - «Арселор Миттал Теміртау» АҚ	1986	6,726	Ақтара тиеу	қараша-желтоқсан 2014 ж.
Химиялық қалдықтар үйіндісі - «Арселор Миттал Теміртау» АҚ	1990	91,933	2013 жылдан бері қалдықтар орналастырылмайды	қараша-желтоқсан 2014 ж.

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Улы қалдықтарды кәдеге жарату, кәдеге жаратылған қалдықтар саны

2015 жылы қауіпті қалдықтарды кәдеге жаратумен келесі кәсіпорындар айналысты:

- «Чистый дом» ЖШС Қарағанды қ. орналасқан, арнаулы аспапта қалдықтарды сынаптан арылтқыштармен араластыру жолымен сынап құрамды қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асырады. 2015 ж. ішінде 16,44 тонна, 2014 жылы – 42 тонна кәдеге жаратылды;

- «Инновация» ЖШС Қарағанды қ. орналасқан, сынап құрамды қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асырады. 2015 ж. ішінде 4 тонна, 2014 жылы – 23 тонна кәдеге жаратылды;

- «Трек» ЖШС Теміртау қ. орналасқан, негізгі қызмет түрі майшлам қалдықтарды кәдеге жарату болып табылады. Қолданылатын технологияның сипаттамалары: тұндыру, центрифугалау, сепарациялау, жанармайды айдау, ыдырату және бейтараптандыру. Алынған отын технологиялық буды алу үшін қазандықтарда жағу жолымен кәдеге жаратылады. 2015 ж. ішінде кәдеге жаратылған майшлам – 2 787

тонна, май – 1014 тонна; 2014 жылы – 3 200 тонна;

- «Баджранг» ЖШС, Қарағанды қ. орналасқан, мамандандырылған алаңшада биологиялық технология бойынша қатты және паста тәрізді мұнайшламдарын кәдеге жарату үшін, кәсіпорынның деректері бойынша 2015 ж. ішінде 1148 тонна, 2014 жылы – 420 тонна кәдеге жаратылды;

- «Промотход Казахстан» ЖШС, Қарағанды қ. орналасқан, пластмасса қалдықтарын, резеңке құрамды, сынап құрамды қалдықтарды, жеке қорғану құралдарын, арнаулы киім және тоқыма қалдықтарын, мазутпен былғанған топырақты, мұнайшламдарын (биологиялық тазартуды қоса отырып), электронды батареяларды, оргтехниканы, электротехниканы және тұрмыстық техниканы, ЖҚОЛ құрамды қалдықтарды жинау, тасымалдау, сақтау, қайта ұқсату және олармен айналысудың басқа да түрлерін жүзеге асырады. Кәсіпорынның алдын ала деректері бойынша 2015 ж. ішінде 184,7 тонна, 2014 жылы – 175,12 тонна кәдеге жаратылды.

Ресурс үнемдеуші және экологиялық таза технологияларды енгізу.

Есепті кезең ішінде «Лира» фирмасы ЖШС «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ға тиесілі 51 224 тонна көлемдегі болат балқытатын шлақты қайта өңдеді.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның болат балқытатын шлақтарының қалдықтарын қайта өңдеу жөніндегі қызметтерді «Мицар 73» ЖШС көрсетіп келеді, 2015 жыл ішінде 180271,4 тонна қайта өңделді.

Облыс аумағында бұрын жинақталған қалдықтарды қайта өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпорындар бар. Мәселен, «Сары Қазына» ЖШС жер қойнауын пайдалануға, одан әрі катодты мысты алуға жасалған келісімшарт негізінде Қоңырат кенішінің техногендік минералдық түзілімдерін жетілдіруді жүргізеді.

Теміртау қаласында болат балқытатын шлақты қайта өңдейтін кәсіпорындар жұмыс істейді, есепті кезең ішінде «Лира» фирмасы ЖШС «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ға тиесілі 11,136 мың тонна көлемдегі қалдықтарды қайта өңдеді.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚКД № 2 көмір фабрикасында суда айырылған қалдықтарды құрғату және өндірісте көмірді байыту қалдықтарын қайталама пайдалану бөлімшесі енгізілді. «ПромТехнология» ГДК ЖШС-мен келісімшарт жасалды. Қоймадағы қалдықтардан көмір шламдарын алу және оны «АрселорМиттал Теміртау» АҚЖЭО-2 және ЖЭО-ПВС жылу орталықтарына қайтару жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

ТҚҚ полигондары

Қалалар мен аудандар әкімдіктерінің ұсынған деректері бойынша Қарағанды облысының аумағында барлығы 202 ТҚҚ полигоны орналасқан. 2015 жылға 45 ТҚҚ полигонның қажетті құжаттамасы бар.

Елді мекендердің полигондары мен үйінділерінде жалпы жинақталған ТҚҚ – 8 320,841 мың тонна.

2015 жылғы есепті кезең ішінде облыс бойынша құралған ТҚҚ – 546,821 мың тонна, соның ТҚҚ полигондары мен үйінділерінде орналасқаны – 535,207 мың тонна, кәдеге жарату пайызы 2,1 құрайды. Өткен жылдың сәйкес кезеңі ішінде құралғаны 548,89 мың

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

тонна және орналасқаны 538,89 мың тонна, кәдеге жаратылғаны – 10 мың тонна.

2015 жылы облыс бойынша заңдастырылған ТҚҚ полигондарының саны ұлғайды, 2015 жылдың қорытындылары бойынша заңдастырылған полигондардың саны 25 бірлікке ұлғайған.

2015 жылға қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар 45 ТҚҚ полигонына алынды.

Қолданыстағы ТҚҚ полигондарының саны және жай-күйі туралы қысқаша ақпарат 4.7.4-ші кестеде ұсынылған.

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

4.7.4-ші кесте. Қолданыстағы ТҚК полигондарының саны және жай-күйі туралы қысқаша ақпарат

р. с.	Қалалар мен аудандар атауы	Полигонның иесі		Жұмыс істеу кезеңі	Жобалық қуаты, мың т	ТҚК полигонында орналастырылғандар көлемі						Кәдеге жаратылғаны		Жою қорының және жинақталған қаржылар сомасының болуы
		жеке меншік	коммуналдық меншік			жалпы	Рұқсат бойынша		Рұқсатсыз		мыңтонна	%		
							Есепті кезең ішінде	Өткен жылдың сәйкес кезеңі ішінде	Есепті кезең ішінде	Өткен жылдың сәйкес кезеңі ішінде				
1	2	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	
1.	Қарағанды қ.	«Қарағанды қаласының «Гор-Ком-Транс» ЖШС	-	1993-2015 жж.	2395,765 мың тонна	2321,656	76,949	83,33	-	-	11,4	9,6	185000,0	
		«Қарағанды-Ресайклинг» ЖШС		2010-2018 жж.	жылына 216,075 мың тонна	57,5	9,3	6,7	-	-	0,214	2,3	600,0	
2.	Саранк.	-	«Абаттандыру» ЖШС	2003-2032 жж.	584,844 мың тонна	117,13	8,30	10,61	-	-	-	-	199,360	
3.	Шахтинскк.	-	«Горкомхоз» КМК	«Горкомхоз» ЖШС 1995 жылдан бері	жылына 135 мың тонна	292,3	32,9	34,2	-	-	-	-	400,0	
4.	Қаражал қ.	-									-	-	50,0	
5.	Приозерскк.	-	«УЖКР» КМК	2008-2023 жж.	210,303 мың тонна	208,15	3,75	4,94	-	1,38	-	-	-	
6.	Балқашк.	-	«Горкомхоз-2012» ЖШС	2005-2019 жж.	750,0 мың тонна	500	50	50	-	-	-	-	480,0	
7.	Теміртаук. Ақтау кенті	«Гордор-сервис-Т» ЖШС	-	2006-2054 жж.	8222,8 мың тонна	590,94	37,1	43,07	-	-	-	-	128,0	
		«Аль-Матин» ЖШС		2008-2018 жж.	12,641 тыс. тонна		0,002							
		«GIS COM» ЖШС		2015-2029 жж.	30000 мың тонна									
8.	Сәтбаевк		«Сәт-Сәулет»	2005	1500,	890,5	36,5	36,5	-	-	-	-	250,	

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

			ЖШС	ж. бері	0 мыңт онна								0
9.	Жезказганқ.	-	ТҚШ, ЖКж АЖбөлімінің «Жезказганқ. әкімдігінің полигоны» ЖШС	2012ж. маусым ынан, 2013ж. шілдесін ен бері пайдала нылады	жыл ына 57,6 мыңт онна	53,115	20,905	16,56	-	-	-	-	10,0
10.	Абай ауданы	-	«Абайқ. әкімінің аппараты» ММ	2001-2017 жж.	453,55 мыңт онна	94,93	13,8	12,0	-	-	-	-	-
11.	Осакаров ауданы	-	«Осакаров ауданы әкімінің аппараты» ММ	2013 жылдан бері	291,948 мыңт онна	950,46	20,5	23,0	25,0	50,0	-	-	-
12.	Ақтоғай ауданы	-	«Ақтоғай селосы әкімінің аппараты» ММ	2015 ж. мамыр ынан - 2033 ж. аралығы нда	353,600 мыңт онна	146,599	0,040	-	19,65	19,68	-	-	-
			«Шабанбайби с/әкімінің аппараты» ММ	2015 ж. сәуіріне н - 2033 ж. аралығы нда	20,000 мыңт онна								
13.	Шет ауданы	-	«Ақсу-Аюлыәкімінің аппараты» ММ	2014ж. бері	13,560 мыңт онна	295,45	4,6	-	27,75	30,0	-	-	-
			«Ақжал п. әкімінің аппараты» ММ			90,67	5,5	5,80					
14.	Ұлытау ауданы	-	-	-	-	88,8	-	-	8,1	8,2	-	-	-
15.	Бұқар жырау ауданы	2 «Зи-киров» ЖК	-	2014 ж. бері	382,6 мыңт онна	370,301	0,5	0,5	12	10,4	-	-	-
16.	Жаңаарқа ауданы	-	«Жаңаарқа-Жылу» КМК, Атасу пос.	-	-	307,7	4,0	4,32	22,3	10,0	-	-	-
17.	Қарқаралы ауданы	1	24 Селолық округтер әкімдерінің аппараттары ММ	2009-2019 жж.	240,000 мыңт онна	465,44	5	-	23,3	22,7	-	-	-
			Даутов Т.Ж. ЖК	2015 ж. бері	57,000 мыңт онна								
18.	Нұра ауданы	-	-			479,2	-	-	65,20	55,0	-	-	-
Барлығы		8	37	-	-	8 320,841	331,907	331,530	207,360	207,360	11,614	2,1	2302,360

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Коммуналдық ТҚК кәдеге жарату және қайта өңдеу проблемасы облыстың экологиялық проблемаларының тізіліміне енген. Бүгінгі күнге Қарағандық және бес қанаттас қалалар үшін ТҚК-ны бөлектеп жинау жүйесі негізінде Қарағандық қаласында өнімділігі жылына 200 мың тонна қоқыс сұрыптау кешенін салу мәселесі шешілуде.

Жезқазған қ. Кеңгір кентінде Биоэлектростанция құрылысы жоспарлануда.

«Kaz Green Energy» компаниясының өз қаржылары есебінен «Биоэлектростанция құрылысы» жобасына ТЭН әзірленді. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Объектіні іске қосу 2016 жылдың соңына жоспарланған. Қайта өңделетін қалдықтардың жоспарланған көлемі 180-280 тонна/тәулік құрайды.

Тарихи ластағыштар.

Бүгінгі күнге «Дарьял-У» радиолокациялық станциясы (РЛС) тарихи ластағыш болып қалып отыр, оның аумағында жойылуы қиын органикалық ластаушылар (ЖҚОЛ) құйылған конденсаторлары бар контейнерлер сақталуда.

Барлығы 5946 конденсаторларымен 183 контейнер және құрамында ПХД қалдықтары (ескі-құсқы нәрселер, пайдаланылған арнаулы киімдер, адсорбент қалдықтары) бар 3 контейнер «Дарьял-У» РЛС-1 дайын өнімдер қоймасында тұр, ол пломбаланып, Мамандандырылған қызмет басқармасының қарулы күзетіне алынған.

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының № 2 аудандық сотының 2014 жылғы 18 ақпандағы № 2-32/2014 шешімімен қауіпті қалдықтар иесіз деп танылған және 2014 жылғы 16 сәуірдегі актімен конденсаторлары бар контейнерлер республикалық берілді.

«ТЭМК» АҚ аумағында сақталып жатқан иесіз сынап және басқа да қауіпті химиялық заттарда тарихи ластану болып қалып отыр.

Теміртау қаласы сотының 24.02.2014ж. № 2-707 шешімімен аталмыш қалдықтары иесіз деп және республикалық меншікке берілген деп танылған. Бүгінгі күнге аталмыш қалдықтар «ТЭМК» АҚ аумағында сақталуда.

Химияландыру құралдары

Улы химикаттарды сақтауға арналған қоймаларды есепке алу жөнінде жүргізілген түгендеуге сәйкес Қарағанды облысы бойынша пестицидтерді сақтауға арналған 9

қойма, соның ішінде: Абай ауданында 5, Бұқар жырау ауданында – 2, Қарағанды қ. – 1, Жезқазған қ. – 1 қойма есепке алынды.

Қарағанды облысында Бұқар жырау, Абай және Жаңаарқа аудандарында улы химикаттардың ескі, қолданыста жоқ зқорымы бар.

Облысқа пестицид әкелумен: «Астана-Нан» ЖШС, «Корпорация Рамут» ЖШС, «Бай жер» ЖШС, «Август - Казахстан» ЖШС, «Ер Ес Ай» ЖШС, «Сингента Казахстан» ЖШС айналысады.

2015 жылы облыс аумағында арамшөптерге, ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестері мен ауруларына қарсы 314,3 мың тонна пестицидтер, 4,218 тонна минералдық тыңайтқыштар, 2014 жылы 368,7 мың тонна пестицидтер және 2,423 тонна минералдық тыңайтқыштар қолданылды.

Пестицидтерден босаған ыдыстарды жергілікті бюджет пенауыл шаруашылығы өндірушілерінің қаржылары есебінен химиялық қондығыннен кейін шарттарға сәйкес жеткізіп беруші фирмалар алады.

Бүгінгі күнге аудандарда жергілікті бюджет есебінен сатып алынған пестицидтерден босаған 2926 дана ыдыс сақталуда.

Облыста республикалық бюджет бойынша облысқа келіп түскен пестицидтерден босағандыстарды жою мәселесі орын алғаны аян, өйткені бұған қалдықтардың осындай түрін қабылдауға қабілетті улы қалдықтар полигондарының жоқтығы себеп болып отыр.

4.7.8. Жаңартылатын энергия көздері

Қарағанды облысында жаңартылатын энергия көздерімен (ЖЭК) өндірілген электр энергиясының көлемі келесі көрсеткіштерді құрады:

2013 жыл – 32,5 мың кВт.сағ., оның ішінде: 28,3 мың кВт.сағ. (87,1%) – күн электр станцияларымен және 4,2 мың кВт.сағ. (12,9%) – жел электр станцияларымен;

2014 жыл – 19,5 мың кВт.сағ., оның ішінде: 18,6 мың кВт.сағ. (95,4%) – күн электр станцияларымен және 0,9 мың кВт.сағ. (4,6%) – жел электр станцияларымен.

2015 жыл – 1 123,7 мың кВт.сағ., оның ішінде: 1 106,4 мың кВт.сағ. (98,5%) – шағын су электр станцияларымен және 17,3 мың кВт.сағ. (1,5%) – жел электр станцияларымен.

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ЖЭК-мен өндірілген электр энергиясының жалпы өндірілген электр энергиясының көлеміндегі үлесі 2014 жылы 0,0002 % құрады.

Бүгінгі күні ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесіне дайындық аясында «Қазақстан» ұлттық павильонының интерактивті картасына орналастыру үшін жаңартылатын және баламалы энергия көздерін дамыту саласында 10 көрмелік жоба анықталып отыр, соның ішінде: 4 жүзеге асырылған және 6 жаңа жоба.

4 көрмелік жоба 2011 жылдан 2015 жылға дейінгі уақыт аралығында жүзеге асырылды:

осылайша, 2011-2012 жылдары «Шұбаркөл Көмір» АҚ-да қуаты 2 МВт газпоршеньді қондырғы құрылысының 1-кезегі жүзеге асырылды;

2015 жылы Бұхар-Жырау ауданында «АПК Вольнский» ЖШС-де электр және жылу энергиясын, органикалық тыңайтқыштар алу мақсатында органикалық қалдықтарды қайта өңдеуге бағытталған биогаз қондырғысы іске асырылған;

сондай-ақ 2015 жылдан бастап «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ның Ленин атындағы шахтасында қуаты 1,4 МВт газпоршеньді қондырғысы жұмыс жасауда;

Бұхар-Жырау ауданында «ҚазСуШар» ШБҚ РМК-ның Ынтымақ суқоймасында 2015 жылы шағын су электр станциясы іске қосылды.

Жобалар 1,2 млрд. теңге сомасында жеке инвестициялар есебінен жүзеге асырылған. Нысандардың жалпы электрлік қуаты 4,2 МВт құрайды.

2017 жылға қарай ЖЭК дамыту саласында 6 жаңа жобаны іске қосу жоспарда:

1) «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Гүлшат кентінде қуаты 40 МВт күн электр станциясының (КЭС) құрылысы»;

2) «Қарағанды облысы Саран қаласында қуаты 100 МВт күн электр станциясының (КЭС) құрылысы»;

3) «Қарағанды облысы Шет ауданы Ағадыр кентінде қуаты 50 МВт күн электр станциясының (КЭС) құрылысы»;

4) «Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарқаралы қаласында қуаты 60 МВт жел электр станциясының (ЖЭС) құрылысы»;

5) «Қарағанды облысы Осакаровка ауданы Осакаровка кентінде қуаты 10 МВт жел электр станциясының (ЖЭС) құрылысы»;

6) «Қарағанды облысы Абай ауданы Құрма кентінде «Агрофирма Курма» ЖШС-де биогаз қондырғысы».

Жобалар 2015 жылдан бері 161,5 млрд. теңге көлеміндегі жеке инвестиция есебінен жүзеге асырылуда.

Құрылыс аяқталғаннан кейінгі қондырғылардың жалпы электрлік қуаты 261 МВт құрайтын болады.

Жобалар Саран, Қарқаралы қалаларын және Абай, Ақтоғай, Осакаровка және Шет аудандарын қамтиды.

Сонымен қатар орталық электрмен жабдықтаумен қамтылмаған елді мекендерді электрлендіру үшін ЖЭК қондырғыларын орнатуға жеке тұтынушыларға мекен-жайлық жәрдем көрсету бойынша жұмыстар жалғасуда.

Осылайша, 2014 жылы Қарағанды облысының әкімдігі тарапынан Ақтоғай ауданының «Нұр» (1 КЭС) және «Нұрсәт» (3 КЭС) шаруа қожалықтарында әрқайсысының электр қуаты 4 МВт-тан 4 күн электр станциясын орнату жобалары жүзеге асырылды.

Күн электр станцияларын орнатқаннан кейін шаруа қожалықтарына 4 қондырғыға 8 860 мың теңге көлемінде мекен-жайлық жәрдем ақы төленді.

Алдағы жоспарлық кезең – 2017-2019 жылдары берілген бағдарлама бойынша 38,1 млн. теңге сомасында (әр жыл сайын 12,7 млн. теңгеден) қаражат бөлу жоспарлануда. Қаражат 12 бірлік (әр жыл сайын 4 қондырғыдан) ЖЭК қондырғысын сатып алуға жұмсалмақ.

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

4.7.9. Қоғамдық көлік

4.7.5-ші кесте. Облыс ішілік қатынастарда жүрген Қарағанды облысы автокөлігінің саны мен жылы

КҚ типі	Барлығы	Жылы			
		>15 жыл	10-15 жыл	5-10 жыл	<5 жыл
Автобустар	544	141	52	183	168
Шағын автобустар	345	178	4	1	162
	889	319	56	184	330

4.7. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

4.7.10. Экологиялық мәселелер

№	Экологиялық мәселе	Ағымдағы ахуал. Қабылданып жатқан шаралар
1	«Дарьял-У» радиолокациялық станциясы аумағындағы құрамында полихлоридфенил бар конденсаторлар контейнерлерін ақету және кәдеге жарату проблемасы	Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы сотының 2014 жылғы 18 ақпандағы шешімімен қауіпті қалдықтар республикалық меншікке «Жасыл Даму» АҚ балансына берілген. Дайын өнімдер және орамдар қоймасын күзетуді «Қарағанды облысының мамандандырылған күзет қызметі» ММ (Күзет) жүзеге асырады.
2	ҚТҚ кәдеге жарату проблемасы	Мемлекеттік-жеке серіптестік тетігі бойынша инвестор-концессионерді іздеу жөніндегі жұмыс жүргізілуде. Қоқыстарды бөлектеп жинаумен айналысатын кәсіпорындар бар («ГорКомТранс» ЖШС, «ТТК» ЖШС, «Промотход Казахстан» ЖШС). Қарағанды, Теміртау қалаларында пластик, шыны және сынап құрамды аспаптарды жинау үшін контейнерлер орнатылған «Қарағанды қаласында Абай, Теміртау, Саран, Шахтинск қала-спутниктермен қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін қайта жаңғырту» инвестициясына негіздеме әзірленді. Тұрмыстық ТҚҚ-ны бөліп жинау, сұрыптау, кәдеге жарату және қайта өңдеуді енгізу бойынша 2020 жылға дейін облыстық Жол картасын әзірлеу жүргізілуде.
3	Нұра өзенінің түбіндегі шөгінділерді және Теміртау к. бұрынғы «Карбид» АҚ өнеркәсіп алаңының сынаппен қайта ластануы	«ТЭМК» АҚ өз қаржылары есебінен ЖСҚ әзірледі, «Теміртау электрметаллургиялық комбинаты» АҚ Теміртау к. химия-металлургия зауытының өнімділігі 10000 м ³ /тәул. бейтараптандыру және өндірістік ағынды суларды тазалау торабын қайта қалпына келтіру» жобасына 2015 жылғы 13 қазандағы №10-0325/15 оң мемлекеттік сараптама алынды. «ТЭМК» АҚ есептеулеріне сәйкес тазалау имараттарының құрылысына 900,0 млн. теңге сомасында қаржы-қаражат бөлуші жоспарланып отыр. Жергілікті бюджетте қажетті қаржылар жоқ, осыған байланысты «ТЭМК» АҚ-ға жобаны өз қаржылары есебінен қаржыландыру мүмкіндігін қарау туралы хат жолданды.
4	Шахтинск к., Саран к. тазалау имараттары мен кәріз жүйелерінің апатты жағдайы	Шахтинск қаласындағы тазалау имараттары апатты жағдайда. Аэротендтердің, бірінші және қайталама тұндырғыштардың темір бетон конструкциялары тозған. Лай қырғыш металл конструкциялар коррозияға ұшыраған. Сорап қондырғылары мен ілмекті арматура құбыр өткізгіштер тозған. Саран к. тазалау имараттары қанағаттандырылмайтын жағдайда.
5	Балқаш және Приозерск қалаларында қалалық кәріз жүйелерінің толық тозуы	Облыстық бюджеттен ЖСҚ әзірлеуге қаржы бөлінді. Бас мердігер ANTARES PLATINUM. «Ақбұлақ» бағдарламасы шеңберінде «Приозерск к. тазалау имараттарын қайта қалпына келтіру» жобасын іске асыруға қаржы бөлінді. Бас жобалаушы – «Құрылыс-экспертпроект» ЖШС, бас мердігер – «Каздорстройтех» ЖШС. Авторлық қадағалау – «Құрылыс-экспертпроект» ЖШС. Техқадағалау – «Аlem Construction Group» ЖШС. Объекті 2017 жылы аяқталады. Приозёрск к. тазалау имараттарын қайта қалпына келтіру жөніндегі темірбетон имараттарды бөлшектеу бойынша жұмыстар орындалды, жер дайындау және іргетасты құю бойынша жұмыстар аяқталды (қосалқы блок, БӨП, әкімшілік ғимараттар, механикалық тазалау ғимараты, ауа үрлеу станциясы). Қабырғаларды, аралықтарды орнату жөніндегі жұмыстар орындалды. Электрмен жабдықтау желілерінің құрылысы бойынша бөлшектеу (ЭЖЖ – 10 кВт), сумен жабдықтаудың алаңшалардан тыс қары желілерінің құрылысы бойынша (қашықтығы 4 200 метр, Д-160 мм құбырларды төсеу) жұмыстары орындалды.

4.8. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ



2015 жылға жалпы көрсеткіштер					
Субъектінің S, мың км ²	196,0	Халқы мың адам	883 658	ЖӨӨ, млн.теңге	1 378 258,4
2012-2015 жылдар аралығындағы мерзімге негізгі экологиялық көрсеткіштер					
Көрсеткіш	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	
ҚОҚ жұмсалған шығындар, мың теңге	14 885,6	14 730,4	19 223	5 287 966	
Стационарлық көздерден атмосфераға шығатын ластағыш заттардың шығарындылары, мың тонна	100,5	115,4	103,8	91,6	
Пайда болған қалдықтардың жалпы саны, мың тонна	330 513	327 312	264 999	274 936	

Облыс Республиканың солтүстігінде, әкімшілік орталығы Қостанай қаласы болып табылады. Облыс бойынша (аумақтың 1 км²) халқының тығыздығы орта есеппен 4,5 адамды құрайды.

Облыста 16 селолық аудан мен 5 қала, 3 қалалық елді мекендегі кент, 5 селолық елді мекендегі поселке, 250 селолық және ауылдық округ бар.

Облыс аумағы жазықты рельефпен сипатталады. Оның солтүстік бөлігін Батыс-Сібір ойпатының оңтүстік-шығыс шеткері аймағы алып жатыр, ал оңтүстікте Торғай үстірті; облыстың батыс бөлігін Орал үстіртінің толқынды жазығы алса, оңтүстік-батыста – Сарыарқа. Облыс аумағы солтүстіктен оңтүстікке дейін Торғай қолатысымен қиылысады. Торғай үстіртінің орталық бөлігінен батысынан шығысына Сыпсыңағаш қолаты өтеді. Облыстың батысында Жетіқара тауы орналасқан, Торғай қолатысында – Қарғалы, Жыланды, Қызбел және Теке таулары, шығыста Қызбел-Қыземшекшоқы, оңтүстік шығысында Жыланшықтүрме үстірті және қайыңды шоқы тауы орналасқан. Темір, мырыш және алтынды кен, бокситтер, қоңыр көмір, талшық тас, отқа төзімді және кірпіш саз, қосынды және цемент әктас, шыны құм, құрылыс тастары мен басқа бай кен орындары бар.

Климаты шұғыл континенталды. Тобыл өзенінде Жоғары Тобыл (ауданы 87,4 км², ұзындығы 47 км) және Қаратомар (ауданы 94 км², ұзындығы 38 км) су қоймалары салынды. Облыс орталығы Қостанай қаласында орналасқан.

Инвестициялауға ең тартымды сала кен өндіруші өнеркәсіп пен кен шығарылатын

жерді әзірлеу болып табылады (жалпы инвестиция көлемінен негізгі капиталы 33,5%).

4.8.1. Атмосфералық ауа

Облыстың ауа бассейнінің ластануы тау-кен, жылу энергетикалық, автокөлік өндірісіндегі ластағыш - кәсіпорындарға байланысты.

Жалпы шығарындылар көлемі 316,1 мың тонна құраса, олардың ішінен өнеркәсіп шығарындыларының көлемі шамамен 17%-ды құрайды, автокөлік отынын жағудағы шығарындылар үлесі 83%-ды құрайды (224,45 мың тонна).

Облыс орталығында (Қостанай қ.) «Жол қозғалысының реттеу желісін қайта қалпына келтіру» жобасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жалғасын табуда, «жасыл толқын» қағидасы бойынша қаланың даңғыл жолымен автокөліктерді сандық бағдаршамдар арқылы реттеудің оңтайлы қозғалысы экологиялық тиімді және бұл автокөліктен ЛЗ шығарындыларын қысқартуға мүмкіндік береді.

Облыстағы тау-кен өнеркәсібі темір кенін игеру және темір кені жентегін өндіруді «ССКБӨБ» АҚ Рудный қ. және «Өркен» ЖШС (Лисаков ТӨБК) ірі кәсіпорындармен жүзеге асырылады. Түсті металлургия кәсіпорындарына «Қазақстан алюминийі» АҚ Краснооктябрь мен Торғай бокситті кен басқармалары, Қамысты ауданының «Шаймерден» ЖШС (мырыш, никель), «Орион Минералс» ЖШС Жетіқара қ., Таран ауданының «Варваринское» ЖШС (алтын, мыс) және басқалары жатады.

Атмосфералық ауаның ластану көлемдері бойынша ақпарат табиғат пайдаланушылар – кәсіпорындарымен ұсынылған деректер бойынша әзірленген:

Стационарлық көздерден жалпы

4.8. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

шығарындылар көлемі 91,6 мың тоннаны құрайды, оның ішінде, күкіртті ангидрит шығарындылардың көлемі 11,754 мың тонна, азот диоксид шығарындылардың көлемі 2,027

мың тонна, қатты бөлшектер шығарындылардың көлемі 22,912 мың тонна, көміртек оксидінің шығарындылар көлемі 4,82 мың тонна (4.8.1-ші кесте).

4.8.1-ші кесте. Ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының атмосфераға шығарындылары

Кәсіпорындар	Рұқсат етілген көлемі мың тонна/жылына		Нақты көлемі, мың тонна/жылына		Нормадан тыс көлемі мың тонна/жылына
	2015	2014	2015	2014	2015
«Варваринское» АҚ	2314,6489	2998,459	2148	2181	
«КЖЭК» МКК	12125,72	12125,7	1978	1982	-
«Арқалық ЖЭК» МКК	1073,4	1073,4	393	393	
«Қостанай минералдары» АҚ	7467,312	8584,663	1500	1496	3,96
«Рудный су арнасы» ЖШС	17,95851	0,9335	0,9340035	0,93349	
«КРК РазрезПриозерный» ЖШС	219,567	227,088	0,0095	16,1527	
«Шәймерден» АҚ	38,9804	226,6108	26,4	21	
«Жетикаракомунэнерго» МКК	430,2848	430,2848	313,4	345,35	-
«Қостанай Су» МКК	33,4224	51,305592	27,3121	22,088	
«Орион Минералс» ЖШС	742,918	931	368	368	0,361
«Газалық 2012» ЖШС	3681,356	1799	1765	227	
«Өркен ЛФ» ЖШС	3066,1246	3374,342	696	1088	
КБКБ Ф АҚ	5469,5	2890,9	1374	1331	-
ТБКБ Ф АҚ	801,169	789,113	709	512	-
«ССКБӨБ» АҚ	105 391,98	104659	32704	51801	0,086
Лисаковскгоркомунэнерго ӨШБ МКК	242,1435	242,1435	167	168	-
Троицк ГРЭС	-	-	-	-	
БАРЛЫҒЫ	143 116,4851	140 403,943	44170,055	61952,524	4,407

Қостанай облысының ең ірі тау-кен кәсіпорны «ССКБӨБ» АҚ үлесіне облыс кәсіпорындары өнеркәсіп шығарындысы жалпы көлемінің шамамен 74%-ға келеді.

Өндіріс көлемін арттыруға байланысты табиғат пайдаланушылардың сұраған лимиті өткен жылмен салыстырғанда көбейтілген: «Газалық 2012» ЖШС - 7 есе, ТБКБ ФАҚ - 138%-ға, «Шәймерден» АҚ - 125%-ға, Қостанай Су МКК - 123%-ға.

Сонымен қатар облысымызда өндіріс көлемін төмендететін, соның салдарынан өткен жылмен салыстырғанда қоршаған ортаға эмиссия көлемін жылына аз сұрайтын кәсіпорындар бар: «Разрез Приозерный» КРК ЖШС - 99,9 %, «ССКБӨБ» АҚ - 58,3%, Өркен ЖШС ЛФ - 3 %.

Қостанай облысының барлық ірі қазандықтары отын ретінде табиғи газды пайдалану себебінен облыстағы атмосфералық ауаның қолайлы жай-күйіне мүмкіндік береді. Көмірді пайдаланатын «ССКБӨБ» АҚ ЖЭО және мазут пайдаланатын Арқалық ЖЭО бұл қатарға жатпайды.

Қостанай, Рудный, Арқалық, Жетіқара, Лисаковск қалаларының және Қарабалық к. атмосфералық ауасының сапасы ластанудың *төмен* деңгейімен бағаланды.

Қостанай облысының атмосфералық ауасының ластану сипаттамалары бойынша толық ақпарат «Қазгидромет» РМК сайтында орналасқан (http://www.kazhydromet.kz/ru/monitor_beluten_archiv2015).

4.8. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

4.8.2. Су ресурстары

Қостанай облысының беткі су айдындары Тобыл-Торғай су бассейніне жатады. Тобыл және Торғай өзендерінің ұзындығы 500 км, ұзындығы 100 км-ден астам өзендер – 21, ұзындығы 10 км-ден астам ағын сулар 310-ға жуық, олардың жартысынан көбін уақытша су ағыстары құрайды.

Облыс шегінде 5000-ға жуық көл бар, олардың жиынтық ауданы облыс аумағының жалпы ауданының 2-ын пайызын құрайды, 20%-ға жуық көлдер облыстың солтүстік жағында орналасқан; 60%-ы оңтүстік жағында. Көлдердің сексен пайызы 1 км² аз жер көлемін алып жатыр. Ең ірі көлдер Құсмұрын, Сарыкопа, Ақсуат және Сарымоын болып табылады.

Тобыл өзені үлкен ағын суларға жатады және шекаралық болып табылады, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы - 2 мемлекет аумағы бойынша ағады. Тобыл өзені бассейнінің Ресей – Қазақстан шекаралық аумағы Қостанай, Челябин және Қорған облысында орналасқан бассейн бөлігі болып табылады. Тобыл өзенінің ірі ағын сулары: Сынтасты-Желқуар, Әйет, Үй, Обаған, Тоғызак. Қостанай облысының аумағындағы осы өзендердің жалпы су жинау ауданы 167 520 км² құрайды.

Шаруашылық қызметтің нәтижесінде Тобыл өзені және оның ағын сулары көптеген тоғандармен және су қоймаларымен реттелген.

Қостанай облысында өнеркәсіптік мақсатында қолдану үшін және саябақ қоғамы, шаруа қожалығы, қалаларға шаруашылық ауыз су қажеттілігін қанағаттандыру үшін 10 су қоймасы пайдаланылады. Тобыл өзені бойынша су қоймалардың жобалық көлемі 1461,68 млн³ құрайды.

Облыстың ірі су қоймалары су көлемі онша көбеймеген, олардың толтыруы соңғы су тапшы жылдарда жобалық өлшемдердің 60-70%-ын құрайды:

Жоғарғы-Тобыл су-қоймасы: жобалық көлемі - 816,6 млн. м³, нақты көлемі - 552,87 млн.м³, өткен жылдың көлемі - 593,37 млн.м³ - көлемнің азаюы 40,5 млн.м³ (7%).

Қаратомар су қоймасы - жобалық көлемі - 586,0 млн. м³, нақты көлемі - 415,2 млн.м³, өткен жылдың көлемі - 409,46 млн.м³ - көлемнің азаюы 5,74 млн.м³ (1%).

Облыс бойынша 2015 жылғы жалпы ағызу көлемі 74 621,737 мың м³ құрады, өткен

жылдың есептік кезеңіне қарағанда 1%-ға төмен. (2014 жылғы 74 716,898 мың м³ құрады) (4.8.2-ші кесте).

Қостанай облысында кәсіпорындардан жер үсті су қоймаларына 4 рұқсат етілген ағызулар жүргізіледі:

- «Қазақстан алюминий» ҚБҚБ АҚ филиалы, Қарамса - Кеңдерлі көлдер жүйесіне кеніш суларының ағызулары. Кеніштің ағынды сулары тұндырғыш түрінде жергілікті тазалау ғимараттарында алдын ала тазалағаннан кейін ағызылады;

- «Қостанай-Су» МКК, суды дайындаудың сүзгілеу станциясының шайынды суы Тобыл өзеніне тазартусыз ағызылады;

- «Разрез Приозерный» КРК ЖШС, кеніш суларын Құсмұрын көліне тазартусыз ағызылады;

- «Жоғарғы-Тобыл балық тәлімбағы» МКК, Тобыл өзеніне тазартусыз ағызу.

Қоршаған ортаға ластану заттарының нақты ағызулар серпіні: 2015 ж - 113,744 мың тонна, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 43%-ға төмен. (2014 жылғы - 198,471 мың тонна құрайды).

Қоршаған ортаға ЛЗ жалпы төгінділерінің жалпы төмендеуі 1 269,234769 мың тоннаны құрайды.

ЛЗ төгінділері азаюының ең жоғарғы көрсеткіштері «ССКБӨБ» АҚ байқалады - 1 269,228169 мың тонна. ЛЗ төгінділерінің белгіленген төмендеуі табиғатты қорғау іс-шараларын орындау есебінен жеткізілген:

- сорғытылған сулардың Тобыл өзеніне түсуін болдырмау үшін оларды үйінді сақтағыштарда ұстап қалу (Рудный және Кашар өнеркәсіптік алаңдар). Жерасты суларының ластануын 5,363409 мың тоннаға төмендету;

- сорғытылған суларды Тобыл өзенінің Сарыбай жинақтағышына түсуін болдырмау үшін оларды ұстап қалу (Рудный және Кашар өнеркәсіптік алаңдар). Жерасты суларының ластануын 3,7816272 мың тоннаға төмендету.

Сонымен қатар, ағынды сулардың ағызулар көлемін азайту суды айналмалы тұтынуды жоғарылату және келесі кәсіпорындардың кеніштерінің жер асты суларын тартуды азайту арқылы қол жеткізілді:

«Орион минералс» ЖШС өткен жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда ағынды суларды ағызу

4.8. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

көлемі 3%-ға төмен (2015 жылғы ағызу көлемі 547,406 мың м³, 2014 жылғы ағызу көлемі 564,544 мың м³ құрайды).

«Қостанай минералдары» АҚ өткен жылдың ұқсас кезеңіне карағанда ағынды сулардың ағызу көлемі 42,8%-ға төмен (2015 жылғы ағызу көлемі 413,049 мың м³, 2014 жылғы ағызу көлемі 722,629 мың м³ құрайды).

Суды тиімді пайдалану және ағызу көлемін қысқарту мақсатында тау-кен кәсіпорындары («ССКБӨБ» АҚ, «Қазақстан алюминийі» АҚ филиалдары, ТБКБ, «Орион Минералс» ЖШС, «Қостанай минералдары» АҚ) жұмыс алаңдарында және үйінділерінде суару және шаңды басу үшін кеніш суларын пайдаланады.

Сонымен бірге, кондырылған есептегіш құрылғылар бойынша суды үнемдеуден кәсіпорындар мен тұрғындардың су пайдалануды азайту салдарынан коммуналдық кәсіпорындардан («Қостанай-Су» МКК, «Рудный су арнасы» ЖШС,

«Арқалық ЖЭК» МКК) ағызулар көлемінің қысқартылғанын атап өтеміз.

Су ресурстардың үнемделген ең үлкен көлемі «ССКБӨБ» АҚ - 7,077 мың м³ байқалады. Өзен суын үнемдеу бойынша ең тиімді іс-шаралар:

- ТЭО құл-қоқыс қалдықтарын тасымалдау үшін өзен суларының орнына технологиялық суды қайтадан пайдалану 6 227,965 мың м³.

- ұңғымыларды бұрғылау кезінде және аспирациялық кондырғыларда шаңды басу үшін айналмалы сумен жабдықтаудың техникалық суларын пайдалану 0,629968 мың м³.

Сонымен бірге, үнемделген су ресурстарының жоғарғы көлемі «Варваринское» АҚ-да байқалады (үйінді сақтағыштардан айналмалы суды қайтадан пайдалану) - 4380 мың м³.

Өзен суларын және су ресурстарын жалпы жылдық үнемі 16 ірі кәсіпорын бойынша 11682,361 мың м³ құрайды.

4.8.2-ші кесте. Ағызулардың нақты көлемі

Атауы		2015ж.	2014ж.
Өнеркәсіптік ағызулар (оның ішінде беткі су айдындарына төгінділер)	Су бұру көлемі мың м ³	46947	47035
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	90,544	164,312
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Су бұру көлемі мың м ³	18988	28166
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	11,985	16,054
Апаттық және рұқсат етілмеген ағызулар	Су бұру көлемі мың м ³	0,00	0,00
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	0,00	0,00
Беткі су айдындарына төгінділер	Су бұру көлемі мың м ³	8687	12059
	Ластағыш заттардың көлемі, мың тонна	11,215	15,337

Ағынды сулар көлемінің ұлғаюы келесі кәсіпорындарда орын алған:

«Қазақстан алюминийі» КБКБ АҚФ кеніштерді әзірлеу (тереңдетулерді) кезінде жерасты су ағысын арттыру есебінен, ағынды сулардың ағызу көлемі: 2015ж - 19357,9 мың м³; 2014ж - 14992,1 мың м³ құрайды, бұл 29%-дан артық.

«Варваринское» АҚ Солтүстік-шығыс-1, Оңтүстік, Солтүстік-батыс кеніштерінің жұмыс істеу есебінен, борттардың тозу есебінен, ағынды сулардың ағызу көлемі: 2015ж - 2269,22 мың м³; 2014ж - 2135,24 мың м³ құрайды, бұл 6%-ға артық.

«Варваринское» АҚ сарқынды сулардың ағызу көлемінің көбеюіне байланысты ластағыш заттардың төгінділері көлемінің артуына әкеліп соқты. Қоршаған ортаға ластағыш заттар төгінділерінің көлемі: 2015 ж. - 5,2164 мың тонна; в 2014 ж. - 4,73032 мың тонна құрады, бұл 10%-ға артық.

Тазалау имараттары

Кәріздік тазалау имараттары облыс орталығы Қостанай қаласынан басқа барлық қалаларда (Рудный, Лисаковск, Жетіқара, Қашар к.т.к.) бар (4.8.3-ші кесте). 2015 жылы Денисовка к.

4.8. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

кәріз жүйелерін және ағын суларын жинағышты қайта қалпына келтіру және салу жұмыстары жүргізілді, жалпы сомасы 408,7 млн. теңге.

Негізгі проблема – Қостанай к. ағынды суларын биологиялық тазарту станциясының болмауы, Республиканың экологиялық мәселелер тізіліміне енгізілді.

4.8.3-ші кесте. Тазалау имараттарының жағдайы

Жинақтағыш атауы	Тазалау имараттарының ағымдағы жағдайы	Табиғатты қорғау іс-шараларын орындау
1. «Қостанай-Су» МКК ағынды суларының жинақтағыш-буландырғышы, Қостанай к.	Жер тұндырғыштар 1966 жылдан бастап пайдаланады. Жобалық өнімділігі – тәулігіне/ 76,7 тс.м3. Нақты жүктемесі – тәулігіне/ 50 мың м3 Ағымдағы жағдайы қанағаттанарлық. «Қостанай Су» МКК (Қостанай к.) электр сорғыш агрегатын ауыстыру арқылы № 5 кәріз сорғыш станциясына (КСС) ағымдық жөндеу жүргізілуде. Жұмыстарды ағымдағы жылдың желтоқсан айында аяқтау жоспарланып отыр, (жоспарланған шығындар 4 500,0 мың теңге).	Жинақтағыштарда жер ресурстарын аэрациялау және лай тұнбасын тазарту жүргізілмеген.
2. «Рудный су арнасы» ЖШС ағынды суларының жинақтағыш-буландырғышы, Рудный к.	Биологиялық тазарту станциясы Жобалық өнімділігі – тәулігіне/ 54 мың м3 Нақты жүктемесі – тәулігіне/күніне 35 мың м3 Ағымдағы жағдайы қанағаттанарлық. Жаңарту жүргізілмеген. Екінші тұндырғыштарды жөндеу, ғимараттағы торларды ауыстыру, тұнба картасындағы сорғыту жүйесін қалпына келтіру, аэротенкадағы сүзгі құбырларын полимерлі жүйеге ауыстыру. №1,3,4 аэротенк секциясына жөндеу жүргізілгеннен кейін (сүзгі пластиналарын «ЭТЭК» фирмасының аэраторына ауыстыру арқылы) ОХТ 20%-ға, ОБТ 5 20%-ға, аммоний азоты 50%-60%-ға төмендетуге қол жеткізілді. Белсенді тұнбаның сапалық сипаты толығымен өзгерді, лай индексі 400-600 ден бастап 110-180-ге дейін төмендеді.	КОС ағымдағы жөндеу жүргізілуде.
3. «Лисаковскгоркоммунэнерго» ШЖҚ МКК ағынды суларының жинақтағыш-буландырғышы, Лисаковск к.	Биологиялық тазарту станциясы Жобалық өнімділігі – тәулігіне/ 16 мың м3 Нақты жүктемесі – тәулігіне/күніне 6,5 мың м3 Ағымдағы жағдайы қанағаттанарлық. Жаңарту жүргізілмеген. Құм әкету жүйесінің және құм аулайтын гидрозлеваторларына ағызуларды ашатын жүйеге күрделі жөндеу, қайта қалпына келтіру жүргізілмеген. Өз қаражаты есебінен тұндырғыштарға ағымдағы жөндеу, аэротенктердің сүзгі құбырларына ішінара ауыстыру жүргізілуде.	КОС ағымдағы жөндеу жүргізілуде.
4. «Жетіқаракоммунэнерго» МКК, Жетіқара к.	Биологиялық тазарту станциясы Жобалық өнімділігі – тәулігіне/ 20 мың м3 Нақты жүктемесі – тәулігіне/күніне 8 мың м3 Ағымдағы жағдайы қанағаттанарлық. Күрделі жөндеу және жаңарту жүргізілмеген. Өз қаражаты есебінен радиалды тұндырғыштарға ағымдағы жөндеу, сүзгі құбырларын ішінара ауыстыру (25%), аэротенктер қабырғаларын нығайту, ауа құбырларын ауыстыру, ТВ-175-1,6, ауа үрлеу станциясында электр козғалтқышын ауыстыру, 2-радиалды қайталама тұндырғышта тұнба сорғыштарды ауыстыру, құм ұстағыштарда құм ағынды тазарту элеваторлары ауыстырылады.	КОС ағымдағы жөндеу жүргізілуде.

4.8. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

<p>5. «Арқалық ЖЭК» МКК ағынды суларының жинағыш-буландырғышы, Арқалық қ.</p>	<p>Механикалық тазарту Жобалық өнімділігі – тәулігіне/ 26 мың м3 Нақты жүктемесі – тәулігіне/күніне 6 мың м3 Ағымдағы жағдайы қанағаттанарлық. Күрделі жөндеу, қайта қалпына келтіру жүргізілмеген. Өз қаражаты есебінен қабылдағыш құдықтарға, астауларға және ілмекті арматуралар ағымдағы жөндеулер жүргізілуде.</p>	<p>КОС ағымдағы жөндеуі жүргізілуде.</p>
---	---	--

Беткі сулардың сапасы

Қостанай облысы аумағында беткі суларының ластануын бақылауды «Қазгидромет» РМК 8 су объектіде жүргізді: Тобыл, Айет, Тоғызак, Үй, Обаған өзендері, Жоғарғы Тобыл, Амангелді, Қаратомар су қоймалары.

Қостанай облысы аумағындағы су объектілері суының сапасы былай бағаланады: «ластанудың жоғарғы деңгейіндегі» су - Тобыл, Айет, Тоғызак, Үй, Обаған өзендері, Қаратомар су қоймасы; «ластанудың орташа деңгейіндегі» су - Амангелді, Қаратомар су қоймалары.

2014 жылмен салыстырғанда су сапасы Тоғызак, Үй өзендерінде, Амангелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл су қоймаларында онша өзгермеген, Тобыл, Айет, Обаған өзендерінде – нашарланған.

Қостанай облысы аумағында жоғары ластану келесі су объектілерде тіркелген: Тобыл өзені – ЖЛ 13 жағдай, Айет өзені – ЖЛ 4 жағдай, Тоғызак – ЖЛ 4 жағдай, Амангелді су қоймасы – ЖЛ 2 жағдай, Үй өзені– ЖЛ 4 жағдай, Обаған өзені – ЖЛ 2 жағдай, Қаратомар су қоймасы – ЖЛ 1 жағдай.

Беткі сулардың сапасын гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша бақылау сипаттамалары туралы толық ақпарат «Қазгидромет» РМК сайтында орналасқан (http://www.kazhydromet.kz/ru/monitor_beluten_archiv2015).

Тобыл, Обаған өзендері мен Қаратомар су сақтағышының беткі сулар бассейндерінде ауыр металдардың көп болу себебі табиғи-климаттық факторлар болып табылады: арна аймағында қысқы кезеңде өзендердің қамтуы негізінен қоңыр темір кендерінен түсетін марганецтің тым жоғары мөлшері бар жерасты сулары есебінен жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде өзен суында ауыр металдың шоғырлануын көбейтеді.

Жерасты сулары

Геологиялық ортаға негізгі техногендік әсерді қалалар (Қостанай, Рудный, Жетіқара, Лисаковск), елді мекендер, өнеркәсіптік кәсіпорындары (электр станциялары, темір және алюминий кендерін игеретін және байытатын тау-кен кәсіпорындары, машина шығару және металл өңдеу зауыттары, мұнай химиялық және ағаш өңдеу комбинаттары, қабырға материалдары зауыттары, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің түрлі кәсіпорындары) береді.

Облыс аумағында ірі Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинаты, Қашар ТБК, Қоржынкөл және Жетіқара кеніштері құрылып, Лисаковск кен орнында қоңыр темір тастарды, бокситті, қоңыр көмірді өндіру жүргізілуде.

Облыста жерасты суларын ластайтын 70 тіркелген әлеуетті көз бар. Бұлар тау-кен кәсіпорындарының үйінділері, үйінді сақтағыштар, қалалардың, ірі өнеркәсіптік аудандардың жинақтағыштары мен сүзу алаңдары, зауыттар, мұнай базалары, құс фабрикалары, мал өсіру кешендері, кокқыс үйінділері және т.б.

Қалалар мен елді мекендердің тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін пайдалану, түрлі өнеркәсіптік кәсіпорындарды, ауыл шаруашылық объектілерін салу және пайдалану кезінде табиғи ахуалдың бұзылуына алып келеді. Түрлі антропогендік қызметтің ағындары мен қалдықтарынан геологиялық ортаның көптеген компоненттері, оның ішінде жерасты сулары ластанады.

Жерасты суларын ластайтын негізгі компоненттер нитриттер, марганец, мұнай өнімдері болып табылады.

4.8.3. Жер ресурстарының ластануы

«Қостанай облысы әкімдігінің жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» ММ ақпараты бойынша жерлерді тоздан қорғауды қамтамасыз ету бөлігінде ауыл шаруашылық мақсатындағы жер телімдерін қолайсыз пайдалану салдарынан

4.8. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

2015 жылғы кезеңде облыс бойынша тозған 100, 722 мың га жер телімдері анықталған.

Қостанай облысы жер ресурстарының жай-күйіне тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, жылу энергетикасы кәсіпорындары едәуір әсер етеді.

Техногендік бұзылған және ластанған жерлер қалалардың өнеркәсіптік аймақтарында, пайдалы қазбаларды өндіру және қайта қалпына келтіру жерлерінде таралған. Ашық өндіру тәсілі кезінде ауқымды аумақтарда ауыл шаруашылығы емес мақсаттар үшін: кеніштерге, үйінділерде, үйінді сақтағыштарда, кен және шаруашылық-тұрмыстық су жинағыштарда жерлерді иеліктен шығару орын алады.

Бүгінгі күні облыс аумағында жерлердің көптеген бөлігін бұзатын 9 ірі кәсіпорын жұмыс істейді: «Қазақстан алюминийі» АҚ - КБКБ, «Қазақстан алюминийі» АҚ - ТБКБ, ПАО «ОГК-2» -Троицкая ГРЭС филиалы, «Қостанай минералдары» АҚ, «Варваринское» АҚ, «ССТӨБ» АҚ, «Орион Минералс» ЖШС, «Шәймерден» АҚ, «Өркен» ЖШС - Лисаковск филиалы.

Тау-кен жұмыстарын аяқтағаннан кейін кәсіпорындар тозған жерлерді қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізеді.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша статистикалық деректерге сүйенсек, облыста қайта қалпына келтіруді қажет ететін 4700 га бұзылған жерлер бар.

Облыс бойынша тозған жерлердің негізгі саны: «Қазақстан алюминийі»- ТБКБ АҚ- 1013 га, «Қазақстан алюминийі» - КБКБ АҚ - 2928 га, «КГК-2»-Троицкая ГРЭС РАҚ филиалында- 660,8 га, «Қостанай минералдары» АҚ 79 га, «Орион минералс» ЖШС- 55 га, «ССКБӨБ» АҚ, «Өркен» ЖШС Лисаковск филиалында, «Варваринское» ЖШС- тозған жерлер жоқ.

2015 жылы облыс кәсіпорындары бұзылған жерлерінің 730 га алаңында қайта қалпына келтіруді жүргізген, олардың ішінде: «Қазақстан алюминийі» АҚ - 404 га, «КГК-2»-Троицкая ГРЭС РАҚ - 297,7 га, «Орион Минералс» ЖШС- 22 га, «Қостанай минералдары» ЖШС- 3 га.

Салыстыратын болсақ, 2012 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде облыс кәсіпорындары бұзылған жерлерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, ауыл шаруашылығы

өндірісіне: 2012ж. - 108 га, 2013ж.- 250 га, 2014ж.- 965,9 га, 2015ж. -730 га жерлерін қайтарған.

Троицк ГРЭС-те Қарабалық ауданы аумағындағы Шұбаркөл көлінің күл үйіндісінің 1-ші және 2-ші секцияларында күл үйіндісін орналастыру жұмыстары аяқталған. Троицк ГРЭС кәсіпорны «Шұбаркөл көлінде орналасқан күл үйіндісін жою» жұмыс жобасын әзірлеп бекітті, жерлерді толығымен қалпына келтіру мерзімі 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленген.

Экология департаменті қалпына келтіру жұмыстарының санын және сапасын анықтау мониторингін жүргізуде. Жұмыстарды жүргізу серпіні: 2010 ж.- 90,85 га, 2011 ж.-64 га, 2012 ж.- 157,6 га, 2013 ж.-250 га, 2014 ж.- 426,1 га, 2015 ж.- 297,7 га. Күл үйіндісінің тозған 1-ші секциясының қалпына келтіру жұмыстары аяқталған- алаңы 556 га, 2-ші секциясының техникалық қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Көпжылдық шөптерді егу жүргізілген.

Жетіқара ауданының «Орион Минералс» ЖШС кәсіпорнында 55 га тозған жерлер тіркелген болатын. Кәсіпорындар келесі алаңдарда қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген: 2014 жылы-11,3 га, 2015 жылы-22 га.

Қостанай к., Арқалық к., Лисаковск к., Рудный к., Варваринка к., Жетіқара к. топырақтың ауыр металдармен ластану туралы ақпаратты «Қазгидромет» РМК (http://www.kazhydromet.kz/ru/monitor_belu_ten_archiv2015) сайтында алуға болады.

4.8.4. Жер қойнауы

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қостанай облысында 75 жер қойнауын пайдаланушы тіркелген, жер қойнауын пайдалануға 89 келісімшарт бар (4.8.4-ші кесте), оның ішінде:

- жалпы таралған пайдалы қазбаларға (ЖПК) 43 келісімшарт;
- қатты пайдалы қазбаларға (ҚПК) 39 келісімшарт;
- жерасты суларына 6 келісі-шарт;
- барлау мен өндіруге байланысты емес, жерасты құрылыстарын салуға және пайдалануға 1 келісімшарт («Шаруа» ЖШС ұытты қалдықтар полигонына).

4.8. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

4.8.4. кесте. Жер қойнауын пайдалану

Атауы	2015ж.	2014ж.
Жер қойнауын пайдаланушылардың саны	75	75
Игерілген минералды шикізат, мың тонна;	43 609 177	53 967 519
Аршылған жыныстар көлемі, мың м3;	138 009 760	130 119 644
Минералды шикізатын өңдеу, мың тонна немесе мың м3	40 588 529	51 003 786
Игерілген жерасты сулары, мың тонна;	21 473 083	16 287 876
Жер қойнауында орналасқан қалдықтар, мың тонна.	37 083 589	18 041 242

4.8.5. Биоәртүрлік

Облыстың мемлекеттік орман қорының жалпы ауданы 681,15 мың гектар құрайды, оның ішінде ағаш егілген – 234,9 гектар.

Қостанай облысының аумағында орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі 11 мемлекеттік мекеме бар, сондай-ақ 15 ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар (ЕҚТА), оның ішінде:

- 1 мемлекеттік табиғи қорығы (Наурызым), ауданы 191381 га құрайды,

- 1 «Алтын дала» мемлекеттік табиғи резерват, жалпы ауданы 489766 га,

- 3 республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи (зоологиялық) қорықшасы (Михайловский, Жарсор-Ұрқаш, Тауынсор), жалпы ауданы 141100 га,

- 10 жергілікті маңызы бар табиғи ескерткіш, ауданы 35,5 га.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік орман қорының аумағында ауданы 1607,8 га орман алқаптарында, оның ішінде ағаш егілген 1020 га жерінде 45 өрт оқиғасы тіркелген.

2015 жылы орман қорғау мекемелері орман өртімен күресу бойынша келесі алдын алу іс-шараларын жүргізген: 884 км орман екпе ағаштары шекарасы бойынша минералды белдеулер жасалды, 48073 км минералды белдеу күтілді; өртке қарсы тақырыбында 690 аншлаг орнатылды, ауыл шаруашылығын пайдаланушыларға орман қоры жерлерінде және шекаралас аумақтарда шөптерді өртеуге тыйым салу туралы 752 ұйғарым берілді, ұйымдарда және оқу орындарында 185 дәріс оқылды; бұқаралық ақпарат құралдарында 37 мақала жарияланды.

Мемлекеттік орман қорының учаскелерінде негізгі орманды құрайтын ағаштар (қарағай мен қайың) дақылдарын отырғызу жұмыстары жүргізілді. Қостанай облысы бойынша орман

дақылдарын отырғызу 1332 га ауданында жүргізілді. Сонымен қатар, орман мекемелері жалпы ауданы 579 га орман дақылдарын қосымша отырғызды. 169 га ауданның іртенген жерлері тазартылды.

Облыстың елді мекендерін көгалдандыру үшін орман мекемелері берген көшеттердің жалпы саны 90 мың данадан асты.

Орман шаруашылығы мекемелері орман қорғау бойынша жоспарлы іс-шараларды өткізді: орман ағаштарын орман патологиялық зерттеу, құмырсқа ұясын қорғау, құс ұяларын орнату. Орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының ауданы жылдың аяғында 3006 га құрады.

Қостанай облысы бойынша экология департаменті Қостанай облысының Амангелді және Жангелді аудандарының аумағында киіктердің қырылу оқиғасын тергеуге байланысты топырақтан, беткі су айдындары суынан және атмосфералық ауадан зерттеуге сынамалар алды. Ластану фактілері анықталмаған. Қоршаған орта объектілеріне дозиметриялық бақылау жүргізілді. Радиациялық фон бойынша арту анықталмаған.

Киіктердің қырылу себебі пастереллез болып анықталды. Қостанай облысы бойынша көмілген киіктер саны 113309 басқа жетті, оның ішінде Амангелді ауданында – 65 508 бас, Жангелді ауданында – 47 801 бас.

4.8.6. Радиациялық жағдай

Қостанай облысы аумағында уран өндіруші және өңдеуші кәсіпорындар жоқ.

Аумақтағы гамма сәулелену деңгейін бақылау күн сайын 6 метеорологиялық станцияда (Жетіқара, Қараменді, Қарасу, Қарабалық, Қостанай, Сарыкөл) және Қостанай (№2, №4), Рудный (№5) қалаларының атмосфералық ауасының ластануын бақылайтын 3 автоматты бекетте жүзеге асырылады.

4.8. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Қазгидромет ШЖҚ РМК Қостанай облысы филиалының мәліметтері бойынша облыстың елді мекендерінде атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық гамма-сәулеленудің орташа деңгейі 0,4-0,19 мкЗв/сағ шамасында. Облыс бойынша орташа есеппен алғанда радиациялық гамма-фоны 0,12 мкЗв/сағ құрайды және рұқсат етілген шегінде.

Қостанай облысы аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық ластануын бақылау 2 метеорологиялық станциясында ауа сынамаларын көлденең тақтайшаларымен іріктеу арқылы жүзеге асырылады (Жетіқара, Қостанай). Станцияда сынамалардың бес тәулік талдау жүргізілуде.

Облыс аумағындағы атмосфераның жерге жақын қабатының радиациялық түсімдерінің орташа тәуліктік тығыздығы 0,7-3,1 Бк/м² шамасында. Облыс бойынша түсімдері тығыздығының орта көлемі 1,2 Бк/м² құрап, ол шекті жол берілген деңгейден аспайды.

4.8.7. Қалдықтар

Облыс бойынша жалпы алғанда 2014 жылмен салыстырғанда өнеркәсіптік қалдықтардың

пайда болу және орналастыру көлемінің қысқаруы орын алды. Мәселен, 2015 жылы 269,5 млн. тн. пайда болды, бұл 2014 жылға қарағанда 16,5%-ға төмен (322,9 млн. тн.). 2015 жылы 206,3 млн.тн. орналасқан, яғни 2014 жылмен салыстырғанда 23,4%-ға төмен (269,3 млн.тн). Деректерді салыстыру талдауы көрсеткендей, кәсіпорындарындағы қалдықтардың пайда болу көлемі 53,4 млн. тоннаға азаюына, шахта құйғышын көму үшін тасты аршылған жыныстарының пайдалануы, фракциялық қиыршықтасты шығаруымен тасты аршылған жыныстарының өңдеуі, кен шығарылатын орынның істен шыққан кеңістігін аршылған жыныстарымен толтыру бойынша іс-шаралар себеп болды.

«Чистовское» ЖШС, М. Жұмабаевауданы	Чистовское ауылы, 1998 жылдан бері	22,0 мыңтонна	6,739
	Украинка ауылы, 2009 жылдан бері	9,0 мыңтонна	
	Урожайное ауылы, 1993 жылдан	9,0 мыңтонна	

4.13. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

	бері		
«Үлгілі» ЖШС, М. Жұмбаевауданы	1980 жылдан бері	ТҚҚ 15,0 мыңтонна	1,685
«СҚО Мамлотауданы әкімдігінің Мамлотауданы әкімі аппаратының жанындағы «Коммунсервис» ШЖҚММК (ТҚҚ үйіндісі)	2014 жыл 6,8 га	578 513	13120
«Жасыл Есіл» ЖШС Ғ. Мүсіреповатындағы аудан	2014 жылғы 5 мамырдан бері Жер учаскесінің аумағы 5 га	300 мыңтонна	11769,34
«Мөлдірсу» ШЖҚММК	2009 жыл 35 га	136,9	88,936

Кездейсоқ қоқыс үйінділері проблемасы жүйелі түрдегі санитарлық тазалауға қарамастан облыстағы өзекті проблемалардың бірі болып отыр.

Ауылдық округтарда жергілікті атқарушы орган дараумақтарды бағтандыру үшін сенбіліктер өткізу кезінде қоқыс үйінділерін жоюды ұйымдастырды. Ұйымдастырылған қоқыс үйінділеріне 202,3 мың м³ қоқыс шығарылды, Ғ. Мүсіреповатындағы ауданда жалпы көлемнен 45 мың метр³ қалдық шығарылды.

Барлығы облыста 547 малқорымыбар, олардың 267-сінің жер пайдалануға мемлекеттік актілері бар, 48 көңқоймасының 5-еуінің жерді пайдалануға мемлекеттік актілері бар. Малқорымдарына эмиссияға рұқсаттар Петропавл қаласында, М. Жұмбаев ауданындағы Үлгілі ауылында және Есілауданындағы «Заградовское» ЖШС-ында бар.

Есепті кезеңішінде «Салем.kz» ЖШС облыс кәсіпорындарымен ұйымдарынан 0,893 пайдаланылған шлам қабылдады.

«Жасыл жер СТ» ЖШС 3412 дана пайдаланылған шлам, 14 дана қызу өлшегіш қабылдаған.

2015 жылы «СКО Фармация Экомед.kz» ЖШС-ының облыспен қаланың медициналық мекемелерінен жинаған және қайта өңдеген биоорганикалық және медициналық қалдықтарының көлемі 110,98 тоннаны құрады, «ҚРДСМСҚӨ Әкімдігінің 3-ші қалалық ауруханасы» 28 тонна, «Экомед лаборатория» ЖШС - 15,527 тонна, «Салем.kz» ЖШС 0,893 тонна (барлығы 155,4 тонна).

ЖК Жуков С.И. кәдеге жарату үшін 171 тонна полиэтилен жинап, жаңа өнім шығарды (полиэтилен пакеттер, термошогу пленкасы, балшықтан қорғайтын жабын).

Кәдеге жарату үшін қалдықтар қабылдайтын кәсіпорындар туралы мәлімет 3-ші кестеде келтірілді.

4.13.6-шыкесте. Қалдықтарды кәдеге жарататын кәсіпорындар

№	Ұйымның атауы	Қабылданатын қалдықтардың атауы	Қабылданды, тонна	Кәдеге жаратылды, тонна
1	«СКО Фармация Экомед.» ЖШС	мед. қалдықтар	110,98	110,98
2	«3-ші қалалық аурухана» КМК	мед. қалдықтар	28	28
3	«Салем» ЖШС	құрамындасынабы бар шамдар	0,893	
4	«Экомед лаборатория» ЖШС	мед. қалдықтар	28,722	28,722
		пестицидтардың қалдықтары	15,527	15,5
5	«Эко Гарант» ЖШС	өсімдіктердің қорғау құралдарының қалдықтары	14,3	14,3
6	«Elean.kz» ЖШС	өндіріс және тұтыну қалдықтары	16	10
		медициналық қалдықтар	5,9425	5,9425
		құрамындасынабы бар шамдар	0,36	0,36
		құрамындасынабы бар шамдар аспаптар	0,24	0,24
7	«Радуга» ЖШС	полимерлер	1056	1050
8	«Жасыл жер» ЖШС	құрамындасынабы бар шамдар	0,853	0,853
		қызу өлшегіштер	0,0004	0,0004

4.13. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

		Өндірісжәнетұтынуқалдықтары	10	10
		мед. қалдықтар	0,008	0,008
9	ЖК «Айсін»	макулатура	10	10
10	ЖК Жуков	полиэтилен	171	171
11	«Soltustik Rubber Recycling» ЖШС	автошиналар	38,4	30,8
12	ЖК«Ахмутдинов С.О.»	ағашқалдықтары	17	17
	Жиыны		1524,2259	1510,9059

Петропавл қаласыныңаумағындаПЭТ-ыдыс, алюминийқұтылар, макулатура, орауышполиэтиленқалдықтарын, сынғаншыны, әртүрліпластмассажинауғаарналған 472 контейнерорнатылды. Облыста 4 кәсіпорынқалдықтардыбөлекжинауменайналысады, төменжәнежоғарықысымды полиэтилен, ПЭТ-ыдыс қалдықтарынанполиэтиленпенкаларменпакеттер, балшықтанқорғайтынжабын, шаруашылықтатұтынатынтауарларөндірісіжолғақойылды.

Қайталамашикізатқабылдайтынбекеттер салынды.

Қоқысөңдейтінзауытсалумәселесіәлеуеттінвесторлармен пысықталуда.

Химияландыру құралдары

«СҚОауылшаруашылығыбасқармасы»ММмәліметібойыншаСолтүстікҚазақстаноблысыныңаумағындапестицидтердікөметінқорымдарда, пестицидтердісақтауғаарналғанқирағанқоймалардажоқ.

Облыс аумағындапестицидсақтайтын 5 қоймабар.

ҮшқоймаПетропавлқаласындаорналасқан, біреуі«ЕсілХимАгро»ЖШС-ына, екіншісі«Агрохимия»ЖШС-ына, үшіншісіЖК «ЖақсылықоваА.К.»тиесілі, төртіншіқоймаҒ. Мүсірепов атындағыауданныңНовоширмауылында орналасқанжәне«Қазагрохим» ЖШС-ына тиесілі, ал бесіншісі Есіл ауданыныңЯвленкаауылында, «Агрохимснаб»ЖШС-ына тиесілі.

СҚОаумағында 41 фирмапестицидсатуменжәнеқолдануменайналысады. 2015 жылыөңделген жер көлемімынадай: пестицидтермен (улы химикаттармен) – 4,6 млн. га; минералды тыңайтқыштармен– 674,5 мыңга.

Барлығы 50,1 мыңтоннахимияландыруқұралыпайдаланылды, олардан:

- Пестицидтер (улы химикаттар) 4,5 мыңтонна

- Минералды тыңайтқыштар 45,6 мыңтонна.

Пестицидтер (улы химикаттар) ыдысын кәдегежаратуды полигоны Ақмолаоблысы, Зерендіауданы, Озерное ауылыныңмаңындаорналасқан «Эко Гарант» ЖШС-ы, Қостанайоблысы, Наурызымауданындаорналасқанжекеқорым-полигонында«Шаруа» ЖШС сондай-ақ қалдықтардыөртейтінпеш СолтүстікҚазақстаноблысы, Тайынша ауданы, Розовка ауылыныңмаңындаорналасқан«Экомедалабортория»ЖШС-нда жүргізеді.

4.13.7. Жаңартылатын энергия көздері

Баламалы көзденСолтүстікҚазақстаноблысындақуаты 2,26 МВтСергеевкаСЭС-ы бар. «Қазақтелеком»АҚөндірістікобъектілердірезервтіэлектрменжабдықтауоблыстыңАқжаржәне Уәлихановаудандарында –жиынтыққуаты 9,4 кВтүшжел-күнэнергоекешеніорнатты. 2012 жылы«ЗенченкожәнеК»командиттіксеріктестігі Новоникольск ауылында өзқаражаты есебінен жалпы қуаты 1,5 МВт (2x750кВт) екіжелэлектрстанциясын орнатты сонымен қатар, ағымдағыжылдың 1-шітоқсанындақуаты1 МВт «NEG MICON» герман фирмасыныңекіжелэнергиялыққондырғысыіске қосылды.

2014 жылғы 28 қарашада«KYZYLZHAR INVEST 2014» халықаралықфорумаясындақолқойылған меморандумғасәйкес«БиоТЭС»ЖШС (Астанақаласы) Санкт-ПетербургқаласынанкелгенинвесторларменбірілесіпҚызылжарауданындақүсөсіруқалдықтар ыменжұмысестейтінқуаты 1 МВтбиогазқондырғысынсалужобасыніске асыруда. Қазіргітаңдақұрылыс-монтаждажұмыстарыатқарылууда.

Барлығы 2015 жылыжаңартылатынэнергия көздерінпайдаланатынобъектілер 19,4 млнкВт/сағастаэнергияөндірді, бұл 2013 жылменсалыстырғанда 4,8%-ғаартық (18,5 млнкВтсағ). 2015 жылы

4.13. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

СолтүстікҚазақстаноблысыныңжалпытұтыну көлеміндегібаламалыэнергиякөздерінпайдалану үлесі 1,6%-ды құрады, 2013 жылы-1,8%, 2015 жылы өндірілген көлемі- 0,6%, 2013 жылы - 0,7%.

Электр энергиясын өндірукөлеміндегібаламалыэнергиякөздерінпайдалану үлесінің кемуі Петропавл ЖЭО-2-де электр энергиясын оза өндірудіңартуыментүсіндіріледі, бұлқуаттарғаауқымдықайтақұружүргізілуімен , алтұтыну көлеміндежаңақуаттаренгізілуімен шартталған.

4.13. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

4.13.7-ші кесте. Солтүстік Қазақстан облысында 2012-2015 жылдары жаңартылатын энергия көздерінің электр энергиясын өндіруі

Атауы	Электр энергиясын өндіру, млн. кВт/сағ			
	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
ҚРАШМСРК «Қазсушар» РМКСҚФ	15,9	16,5	16,21	16,4
«Қазақтелеком» ТДСҚБ	0,09	0,054	0,053	0,0067
«Зенченко және К» КС	-	1,94	1,47	3
Жиыны	15,99	18,5	17,73	19,4

4.13.8. Экологиялық мәселелер

Экологиялық мәселе	Ағымдағы жағдай	Шешу жолдары
1 Кәріз желілері мен тазарту имараттарының тозуы	Есіл өзенінің алқабындағы Новошиим, Явленка, Бескөлауылдарындағы кәріз желілері мен тазарту имараттарының тозғандығы, Мамлютка, Булаев, Сергеевка, Тайынша шағын қалаларында кәріз жүйелерінің болмауы. Облыс аудандарында заңдастырылған, барлық стандарттарға сәйкелетін ағынды су жинақтағыштарының болмауы	Мына жобаларға ТЭН мен ЖСҚ дайындалды: 1. Новошиим а. кәріз желілері мен кәрізді тазарту имараттарын қайта қалпына келтіру, 1151690 мың теңге. 2. Есіл ауданындағы Явленка а. кәріз желілері мен кәрізді тазарту имараттарын қайта қалпына келтіру, 535526 мың теңге. 3. Қызылжара ауданындағы Бескөла. кәріз жүйесінің қайта қалпына келтіру, 551192 мың теңге. 4. Мамлютка қ. кәріз жүйесінің құрылысы. ТЭН мен жұмыс жобасын әзірлеу, 66200 мың теңге. 5. Булаев қ. кәріз жүйесінің құрылысы. ТЭН мен жұмыс жобасын әзірлеу, 66000 мың теңге. Тайынша ауданындағы Тайынша қ. кәріз жүйесінің құрылысы, 850000 мың теңге
2 Петропавл қаласындағы ТҚҚ полигонында пайдалану мерзімінің шектеулілігі. ТҚҚ-ны бөлек жинау, сұрыптау және өңдеу проблемасы	Петропавл қаласындағы ТҚҚ полигонында пайдалану мерзімінің шектеулілігі	Қоқыс өңдейтін зауыт құрылысы. Арнайы контейнерлерді пайдалану арқылы қалдықтарды бөлек жинау жүйесін ұйымдастыру. Халықаралық сапа стандартына сәйкелетін техника мен қалдықтарды кәдеге жарататын жерге уақытты шығару. Аталған іс-шараларды іске асыру үшін республикалық және облыстық бюджеттен қаражат бөлу керек.
3 Облыс аудандарында ресімделген, заңдастырылған ТҚҚ полигондарының болмауы, кездейсоқ қоқыс үйінділерін іңтүзілуі	Қазіргі таңда СҚО-да орналастырылған 578 ТҚҚ полигонының 208-іне ғана жер учаскелері ресімделген. Аудандық бюджеттер 2016 жылға 64 қоқыс үйіндісіне 19,6 млн. теңге қаражат бөлу іздесті.	Жерге орналастыру жобасының құны полигонның 1 гектарына 200 мың теңгені құрайды. ТҚҚ полигонына жер учаскелерін ресімдеуге аудандық бюджеттен қаражат бөлу жобалардың құны жоғары болғандықтан баяу өтуде.

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



2015 жылға жалпы көрсеткіштер					
Субъектінің 5, мың км ²	283,3	Халқы мың адам	1 396 086	ЖӨӨ, млн.теңге	2 311 366,2
2012 жылдан 2015 жылға жейінгі кезеңдерге негізгі экологиялық көрсеткіштер					
Көрсеткіш	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	
ЖӨӨ бірл. шығарындылардың қарқындылығы, тн/млрд.теңге	14 991,6	15193,7	17 830,7	22 491 163	
Атмосфераға ластағыш заттар шығарындылары, мың тонна.	140,1	124,9	129,6	127,1	
Пайда болған қалдықтардың жалпы саны, тонна	106 522	95 089	122 764	126 664	

Облыс аумағы Қазақстан Республикасының солтүстік-шығысында орналасқан және онда 19 әкімдік-аумақтық бірлік, оның ішінде 15 аудан, 10 қала, 764 кент пен село, 246 ауылдық және кенттік округ орналасқан. Халқының саны – 1394,9 мың адам.

Облыс аумағында сүтқоректілердің 109 түрі, құстардың 375 түрі мекен етеді (олардың ішінде сүтқоректілердің 12 түрі мен құстардың 38 түрі ҚР Қызыл кітабына енгізілген).

Пайдалы қазбалардың бай орындарының бары облыс экономикасының өсуіне жағдай жасауда. Экономиканың базалық саласы облыстың өндірістік әлеуетінің 60% үлесіне келетін түсті металлургия болып табылады.

Облыста былтырғы жылмен салыстырғанда мыс кенін 7,3%, мыс концентратын игеру 57%-ға жоғарылаған, тазартылған алтынды өндіру 98,4%-ға, өңделмеген қорғасынды өндіру 3,1%-ға артқан.

Жалпы республикалық көлемде облыста өндірілген қорғасынның салыстырмалы салмағы - 98,4%, мырыш - 96,6%, тазартылған алтын - 56,1%, тазартылған күміс - 15,7%, титан, магний, тантал, бериллий және атом электр станциясы отыны - 100%-ды құрайды.

Облыс аумағы су қорларына бай, мұнда жалпы ұзындығы 10 мың км асатын 800-ден астам өзен ағып өтеді. Басты су арнасы таулы Үлбі, Оба, Қарақаба, Қалжыр, Күршім, Нарын, Бұқтырма және басқа да өзендер құйылатын Ертіс өзені болып саналады (ұзындығы 4248 км, облыс шегінде - 1311 км). Облыста ірі Зайсан, Марқакөл, Алакөл, Сасықкөл көлдері бар. Бұған қоса ұсақ өзендер, су қоймалары көп, олардың ішінде ең үлкені Бұқтырма.

4.14.1. Атмосфералық ауа

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауасының ластануы кәсіпорындардың кен өндіру өнеркәсібінің, жылу энергетикасының,

энергетика, машина жасау зауытының, құрылыс индустриясы және басқа да салалармен байланысты түсті металлургияның шығарындылары себепші болады.

Ірі кәсіпорындардың атмосфералық ауаға өнеркәсіптік шығарындылардың жалпы көлемі 2015 жылы 101,91361585 мың тоннаны құрады, бұл 2014 жылғы шығарындылар көлемімен салыстырғанда 17,40076515 мың тоннаға (2,02%-ға) төмен.

- күкіртті ангидрид шығарындыларының көлемі - 56,723435 мың тонна;

- азот диоксиді шығарындыларының көлемі - 21,123432 мың тонна;

- қатты бөлшектер шығарындыларының көлемі - 13,1357098962 мың тонна;

- тұншықтырғыш газ шығарындыларының көлемі - 10,9310389545 мың тонна.

Шығарындылар көлемінің азаюы 2014 жылмен салыстыру бойынша лимиттердің азайғанынан сондай-ақ, төмендегі ірі кәсіпорындардан шығатын шығарындылар көлемінің азаюынан байқалып отыр:

- «Казцинк» ЖШС ЗКБК (Зырян кен байыту кешені) - атмосфералық ауаға ластану заттар шығарындыларының азаюы әктас зауыты пештерінің жұмыс уақыттарының азаюына байланысты;

- «Казцинк» ЖШС ӨМК - былтырғы жылмен салыстырғанда ластану заттар шығарындылары 15%-ға азайған, бұл қорғасын зауытының агломерацияның орнына Isesmelt жаңа технологиясын кезең-кезеңмен игерумен негізделген.

- «Востокмашзауыты» АҚ - шығаратын өнімдер көлемінің азаюы;

- «Үлбі-фтор кешені» ЖШС - өңделетін кен көлемінің азаюы, аршыланып және игерілетін жұмыстардың жоқтығы;

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

- «Артель старателей Горняк» ЖШС - тау жұмыстарының тоқтауына байланысты;

- «Силикат» ЖШС - өндірілетін өнімдердің аз көлемін іске асыру;

- «Семей Сплав» ЖШС - шикізаттың жоқтығы.

Бірнеше кәсіпорындар: «Бари-Б және К» ЖШС, «Автожолсервис фирмасы» ЖШС, «Баст» АҚ, «Самар Астық» ЖШС, «Kvarta» ЖШС, «Мұрагер ӨКФ» ЖШС, «Прибрежный-1» ЖШС, «Теплокомунэнерго» МКК өндірістік қызметпен айналыспайды.

Атмосфералық ауаның ластануына байланысты апаттық оқиғалар 2015 жылы болған жоқ.

Ақпан айында ШҚО бойынша Экология департаменті және ІД ЖПБ арасында қала көшелеріндегі автокөлік құралдарын апта сайын тексеру туралы бірлескен жоспар құрылды. Тексеру барысында 761 тексерілген автомобильдердің ішінен ҚР СТ -1433 бекітілген шекті жоол берілетін нормаларынан шығарылатын газдағы ластағыш заттардың сәйкес болмауы 308 автокөлікте анықталды, ІД ЖПБ қызметкерлері кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тартты.

Қоршаған табиғи ортаға автокөліктердің жағымсыз әсер етуінің басты себептері пайдаланылатын жылжымалы құрамның техникалық деңгейінің төмендігі, шығарылатын газдарды бейтараптандыру жүйесінің жоқтығы және бензин сапасының төмендігі себеп болады.

Өскемен қаласының атмосфералық ауа жағдайын 7 стационарлық бекетте «Қазгидромет» РМК-мен бақыланады.

«Қазгидромет» РМК стационарлы бақылау желілерінің деректері бойынша Өскемен қаласы ластанудың жоғары деңгейімен сипатталады. Жалпы қала бойынша мыналар орташа концентрацияны құрайды: күкірт диоксиді - 1,6 ШЖК_{о.т.}, азот диоксиді - 1,2 ШЖК_{о.т.}, озон 1,8 ШЖК_{о.т.}, басқа ластағыш заттар - ШЖК-дан аспады. Өлшенген бөлшектер бойынша - 37, күкірт диоксиді бойынша - 790, көміртек оксиді бойынша -78, азот диоксиді бойынша -312, азот оксиді бойынша -12, озон бойынша - 4, күкірт сутегі бойынша 5849, фенол бойынша 80 жағдай - 1 ШЖК_{м.р.} шамамен орташа, формальдегид бойынша 1 жағдай сонымен қатар, өлшенген заттар мен күкірт сутегінің 1 рет орташа ластанған жағдайы байқалады.

2015 жылға арналған атмосфералық ауаны бақылаудың стационарлы желілерінің

деректері бойынша Риддер қаласы ластанудың жоғары деңгейімен сипатталады: Жалпы қала бойынша мыналар орташа концентрацияны құрайды: озон 1,9 ШЖК_{о.т.}, күшәла - 1,6 ШЖК_{о.т.}, күкірт диоксиді - 1,2 ШЖК_{о.т.}, басқа ластағыш заттар - ШЖК-дан аспады. Күкірт диоксиді бойынша - 64, азот диоксиді бойынша - 32, азот оксиді - 72, күкірт сутегі - 6894, аммиак бойынша -47, фенол бойынша 1 ШЖК_{м.р.}, артқан жағдай сонымен қатар, азот оксиді бойынша - 32, аммиак бойынша 13 рет шамамен 5 ШЖК_{м.р.}, артуы тіркелген.

2015 жылы стационарлы бақылау желілерінің деректері бойынша Семей қаласының атмосфералық ауасы ластанудың жоғары деңгейімен сипатталады. Жалпы қала бойынша мыналар орташа концентрацияны құрады: озон - 1,3 ШЖК_{о.т.}, фенол - 1,9 ШЖК_{о.т.}, басқа ластағыш заттар ШЖК-дан аспады. Өлшенген бөлшектер бойынша - 1, өлшенген бөлшектер бойынша РМ 2,5 - 275, өлшенген бөлшектер бойынша РМ -10 - 173, көміртегі оксиді бойынша - 14, азот диоксиді бойынша - 339, азот оксиді бойынша - 10, озон бойынша - 32 және күкірт сутегі бойынша - 2238, аммиак бойынша -12 жағдай шамамен 1 ШЖК_{м.р.} асқандығы, өлшенген бөлшектер бойынша РМ - 2,5 - 3 және өлшенген бөлшектер бойынша РМ -10 - 2 жағдай шамамен 5 ШЖК_{м.р.} асқандығы анықталды.

2015 жылы стационарлы бақылау желілерінің деректері бойынша Глубокое кентінің атмосфералық ауасы ластанудың орташа деңгейімен сипатталады. Жалпы кент бойынша озонның концентрациясы - 4,4 ШЖК_{о.т.}, құрады басқа ластағыш заттар ШЖК-дан аспады. Өлшенген бөлшектер бойынша РМ 2,5 - 71, өлшенген бөлшектер бойынша РМ -10 - 32, көміртегі оксиді бойынша - 1, азот диоксиді бойынша - 97, озон бойынша - 4927, күкірт сутегі бойынша - 283, фенол бойынша - 14 және аммиак бойынша-4 жағдай шамамен 1 ШЖК_{м.р.} асқандығы анықталды.

Шығыс Қазақстан облысының атмосфералық ауасының ластану сипаттамасы жөніндегі нақты ақпарат «Қазгидромет» РМК сайтында орналасқан

http://www.kazhydromet.kz/ru/mouitor_archiv2015.

4.12.2. Су ресурстары

Ерекше мемлекеттік маңызды су объектісі болып табылатын Ертіс трансшекаралық өзені Шығыс-Қазақстан және Павлодар облыстарының гидрографиялық желісінде басты орынға ие. Ертіс өзені 2500 м. биіктікте Моңғол Алтайының баурайынан, батыс

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

бөлігінде Қытай Синцзянь ауданынан бастау алады. ҚХР аумағы бойынша Ертіс өзенінің ұзындығы 618 км. Ертіс өзені 300м³/сек шамасымен орташа жылдық шығысымен Қазақстанның кеме жүзетін өзенінің шегіне жатады.

Ертіс өзенінің су ресурстары және оның ағымдары өнеркәсіпте, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықта, балық шаруашылығында, ауыл шаруашылығында қолданылады - лимандар мен шабындық жерлерді, ауыл шаруашылықты сумен қамтамасыз ету, жайылым жерлерді үнемі суландыру. Бұдан басқа, су ресурстары гидроэлектроэнергиясын өңдеу және кеме қатынастарының қажеттіліктері үшін қолданылады. Жыл сайын, Шұлбі су қоймасынан, табиғи тасқындарға жақын жағдайларына Ертіс өзенінің орташа ағынын, биологиялық өнімділікті сақтау, флоралар және фауналардың экологиялық ортасын қолдау мақсатында табиғат қорғау іс-шаралары өткізіледі.

Ертіс өзенінің су ресурстарын пайдалану су нысандарының трансшекарасын күзету және оны бірге пайдалану туралы Қазақстан-Ресей Үкіметаралық 2010 жылғы 07 қыркүйектегі қол қойылған келісімдер мен трансшекаралық өзендерді күзету және оны пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қытай Халық Республикасы арасында 2001 жылғы 12 қыркүйектегі келісімдер арқылы реттеледі.

Ертіс өзенінің жалпы ұзындығы 4280 км, оның ішінде Қазақстан шегінде 1698 км. Қазақстан мен Ресей шекарасындағы өзеннің су жинау бассейндерінің ауданы 544000 км² құрайды.

Қардың басымдылығымен өзеннің қоректенуі әртүрлі. Жер астындағы қоректенуі аз мөлшерлі рөлге ие. Жаңбырлы қоректенуі 15-20%-дан аспайды.

Өзеннің суағары - Ертіс су қоймаларының каскадымен реттелген - Бұқтырма (жобалық көлемі 49,6 км³), Өскемен (0,66 км³) және Шульбинское (2,39 км³).

Семиарка су бекеті тұсында Ертіс өзенінің орташа көпжылдық су шығыны 853 м³/сек. құрайды.

Ертіс өзенінің суы қаланың жоғары және төменгі жағында ұқсас, ШЖК-дан бір жолғы жоғарлауы анықталғанына қарамастан негізінен су қоймалары ШЖК-дан аспайды.

Ағынды аумақ бойынша бөлу үлкен қайшылықты күрделі сипатқа ие. Батыс Алтай

негізгі су тасушы болып табылады, мұнда Малая Ульба, Громотуха, Тұрғысын өзендерінің бастауындағы кең аумақта ағын модулі 50л/сек. жетеді. Өте қатты ағын Бұқтырма өзенінің бастауында - 60-80 л/сек. Қатты ағынның үшінші саласы Күршім өзенінің бастауы - Оңтүстік Алтайға тиесілі. Ертіс бассейнінде 200 км астам ұзындықтағы 13 өзен есептеледі, қалған 775-і кіші өзендер санатына жатады. Олардың жалпы ұзындығы 17,7 мың км. құрайды.

Ертістің ірі ағындысы **Бұқтырма** өзені болып келеді, ол бастауды Орталық Алтай мұздықтарынан алады. Оның ұзындығы 405 км, ағынның орта жылдық көлемі - 6,53 км³, су жинау ауданы - 15485 км², оның бассейнінде жалпы ұзындығы 2919 км 124 өзен есептелген.

Ертістің екінші ағыны - **Оба** өзені. Өзеннің ұзындығы 286 км, ағынның орта жылдық көлемі - 5,79 км³, су жинау ауданы - 9952 км². Оба өзенінің бассейнінде жалпы ұзындығы 1998 км 92 өзен есептелген.

Орташа өзендерге **Күршім** өзені жатады, ұзындығы 218 км, ағынның орта жылдық көлемі - 1,90 км³, су жинау ауданы - 5856 км². Күршім өзенінің бассейнінде жалпы ұзындығы 1321 км 56 өзен есептелген.

Үлбі өзені де орташа өзенге жатады. Өзеннің ұзындығы 98 км, ағынның орта жылдық көлемі - 3,21 км³, су жинау ауданы - 509 км². Үлбі өзенінің бассейнінде жалпы ұзындығы 1014 км 44 өзен есептелген, оның ішінде **Кіші Үлбі** өзені, ұзындығы 111 км және шығыны 52 м³/сек.

Оңтүстік Алтай өзендерінде сулар аз. Недәуір ірі өзендер - **Қаба, Алқабек, Қалжыр, Нарым**. Бұдан да аз мөлшерлі сулар Ертістің сол жақ жағалауының өзендері ерекшеленеді, әсіресе Зайсан шұңқырлары - **Кендерлік, Үйдене, Қандысу, Үлкен Бүкен, Шар, Көкпекті**.

Ертіс бассейнінің орта жылдық сулы өзендері жылына 33,66 км³ құрайды. Барлығы аймақта шамамен 27 кіші өзен және уақытша су ағыны есептелген.

Ертіс өзені мен Зайсан көлі ерекше мемлекеттік мағынадағы су нысандары болып келеді.

Семей аймағының аумағында ірі үш **Шұлбі, Шар, Егінсүй** су сақтағыштары бар, жалпы көлемі 265 мың га.

Шұлбі СЭС, су электр станцияның құрылысы 1976 жылы басталған, Ертіс өзенінің орташа ағынында орналасқан, Семей қаласынан 70 км жоғары.

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Шүлбі СЭС су сақтағышы электр энергияны өңдеу, жайылма шабындықтарды көктемгі су басудан, қалалар мен ауылдарды сумен қамтамасыз ету үшін пайдалану мақсатында Ертіс өзенінің ағындарын реттеу, Үлбі және Оба өзендерінің ағындарын шоғырландыру үшін арналған. Шүлбі СЭС-нің қысымды бағыт жағдайы тасқынды кезеңде деңгейдің қысқаша уақытша көтерілуі 241,5 м белгіге дейін, нөсерлі жауын-шашын кезіндегі көктемгі-жаздық және қысқы кезеңдерде электр энергияны өңдеуді 240,5 м белгіге дейін көбейту үшін көтеріледі.

Беткі сулардың сапасы

Беткі сулардың сапасы келесі үлгіде бағаланады: Марқакөл көлі «нормативті таза», Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Оба, Емел, Аягөз өзендерінің, Бұқтырма, Өскемен су сақтағыштарының суы - «ластанудың орташа деңгейімен»; Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка өзендерінің суы «ластанудың жоғары деңгейімен»; Красноярка өзені «ластанудың төтенше ластану деңгейімен» бағаланады.

2014 жылмен салыстырғанда Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Тихая, Үлбі, Оба, Емел, Аягөз көлдерінің, Марқакөл көлінің, Бұқтырма, Өскемен су сақтағыштары суының сапасы айтарлықтай өзгермеген, Брекса, Глубочанка, Красноярка өзендері - нашарлаған.

ШҚО аумағында экстремалды жоғары және жоғары ластану келесі су объектілерінде тіркелген: Үлбі өзені - 27 ЖЛ, Глубочанка өзені - 14 ЖЛ, Красноярка өзені - 14 ЖЛ, Брекса көлі - 13 ЖЛ және 1 ЭЖЛ, Тихая өзені - 16 ЖЛ жағдайы.

2015 жылдың сәуірінен бастап қазанына дейінгі ашық су кезеңінде Жоғары Ертіс су ағысы бассейнінің беткі суларының сапасы гидробиологиялық көрсеткіштер бойынша біркелкі емес. Перифитон дамуының көрсеткіштері бойынша таза сулардың санатына Брекса өзені (аясы тұсында) және Бұқтырма өзенін жатқызуға болады. Индекстің едәуір жоғары мағынасы Брекса (ағындардан төмен), Глубочанка және Красноярск өзендерінен байқалады. Қалған зерттелетін ағындылар қалыпты ластанумен сипатталады.

2015 жылдың сәуір-қазан айларында макрозообентос көрсеткіштері бойынша «таза» санатқа жататын өзендер: Бұқтырма, Қара Ертіс, Брекса, Тихая (фоны маңында), Үлбі (Тишинский кенті ауданында) және Үлбі (фоны маңында), Глубочанка өз. (фоны маңында) және Оба өз. (фоны маңында), Глубочанка өз. (фоны маңында) және Оба өз. (фоны маңында). Жағымсыз жағдай екі

нүктеде байқалды: Ертіс өз. «Өскемен СЭС бөгетінен төмен 0,8 км» және Красноярск өз. «Березовка өз. ойпатынан; автокөлік көпірінен төмен 1 км», бұл өзендер «ластанған сулар» - IV класты сапасымен сипатталады. Қалған ағынды сулар «тұрақты ластанған сулар» - III класты сапасымен бағаланды.

Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша су үсті сапасын бақылау нәтижелері жөніндегі нақты ақпарат «Қазгидромет» РМК сайтында орналасқан

(http://www.kazhydromet.kz/ru/mouitor_arch_iv2015).

Зерттеу кезеңінде Бұқтырма және Өскемен су сақтағыштарының беткі сулары аса улағыш заттар анықталған жоқ, алайда сынақ-нысандарының жойылуының аз пайызы байқалды. Өскемен су қоймасында сынақ-нысандарының жойылуының пайызы 3,3%-дан 26,6%-ға дейін өзгереді, Бұқтырма су қоймасында дафнийдің жойылуы 3,3%-дан 43,3%-ға дейін өзгерді.

Талдау нәтижелері бойынша 2015 жылы Жоғарғы Ертіс бассейнінің су ағындарына іріктелген су сынақтарының улануы 12 айда төмендегідей болды: Қара Ертіс, Емел, Ертіс, Бұқтырма, Оба, Үлбі (Өскемен қ.), Глубочанка (фоны маңында), Красноярка (фоны маңында), тірі организмдерді аса уландырғыш әсері болған жоқ.

Жағымсыз жағдай Үлбі өз. (Тишинский кенті) байқалды. «Тишинский кентінің шахта суын жіберуден жоғары 100 м; Громатуха өз. және Тихая өз. төмен жағындағы құйылыс 1,25 км» тұсында аса уландыру жағдайлары ақпан, мамыр, маусым, тамыз, қыркүйек және қараша айларында тіркелген. Сынақ-нысандарының жойылуы 63,3%-дан 100%-ға дейін өзгереді. «Тишинский кентінің шахта суларын жіберуден төмен 4,8 км» екінші маңында аса уландыру жағдайлары тек наурыз айында ғана байқалған жоқ, қалған кезеңде дафнийдің жойылуы 50%-дан 100%-ды құрады.

Тихая өз., «қала ішінде; Безымянный сағасы ойпатынан жоғары 0,1 км» тұсында аса уландыру жағдайлары желтоқсан айын қоспағанда, екінші, үшінші және төртінші тоқсанда тіркелді. Сынақ-нысандарының жойылуы 50%-дан 100%-ды құрайды. Екінші тұсында аса уландыру жағдайлары бір ғана оқиғасы мамыр айында тіркелді, дафнийдің жойылуы 100% құрады.

Брекса өз., «қала ішінде; Брекса өз. сағасынан жоғары 0,6 км» тұсында аса уландыру жағдайлары наурыз, сәуір, қазан және желтоқсан айларын қоспағанда, зерттеудің

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

барлық кезеңінде байқалды. Сынақ-нысандарының жойылуы 80%-дан 100%-ға дейін өзгерді. «Фоны маңында» маусым айында маңында аса уландырудың бір жағдайы тіркеліп, сынақ-нысандарының жойылуы 57%-ды құрады.

Глубочанка өз., «Белоусовка шаруашылық-алаулы су тазалағыш құрылғысынан; автокөлік көпірінен төмен 0,5 км» маңында зерттеу кезеңінде аса уландыру жағдайы тіркелді: мамыр, маусым және тамыз айларында; сынақ-нысандарының жойылуы 70%-дан 90%-ға дейін өзгерді. «Қорытынды маңда» сынақ-нысандарының жойылуының бір жағдайы мамыр айында байқалды, дафнийдің жойылуы 66,7%-ды құрады.

Красноярка өз., «Березовка өз. ойпатынан, автокөлік көпірінен төмен 1 км» маңында аса улану ақпан, сәуір, мамыр және желтоқсан айларында ғана байқалған жоқ, қалған кезеңдерде сынақ-нысандарының жойылуы 50%-дан 100%-ға дейін өзгерді.

Ағызулардың нақты көлемі туралы ақпарат 4.14.1-ші кестеде ұсынылған.

ШҚО су нысандарына ағынды сулармен ағызылған мұнай өнімдерінің көлемі жылына 0,65132067 мың тоннаны құрады.

4.14.1-ші кесте. Су ресурстарының ластануы және ағынды сулармен ластағыш заттардың ағызылуы

Ағызулардың нақты көлемі жөніндегі ақпарат		2015 жыл	2014 жыл
Өнеркәсіп ағызулары	Су бұру көлемі мың м ³	54790,776	46059,0172
	Ластағыш заттардың көлемі мың тонна	41,5	103,25
Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулар	Су бұру көлемі мың м ³	63667,837	67888,8972
	Ластағыш заттардың көлемі мың тонна	111,828	49,27022
Апаттық және рұқсат етілмеген ағызулар	Су бұру көлемі мың м ³	512,2427	25,204
	Ластағыш заттардың көлемі мың тонна	0,105875	0,0064158
Барлығы (барлық жоғарыда көрсетілген шығарындар)	Су бұру көлемі мың м ³	118970,8557	113973,1184
	Ластағыш заттардың көлемі мың тонна	153,433	152,526

Жерасты сулары

Облыстың табиғи жағдайына басты техногендік, соның ішінде жерасты суларының әсер етулері кенді Алтайдың кен өндіру, энергетикалық және металлургиялық өнеркәсібінде және, негізінен, ауыл шаруашылық өндірісінде (мал шаруашылығы мен астық шаруашылығы, ауыл шаруашылығының өнімдерін шығаратын кәсіпорындар), өнеркәсіпте және Ертіс өз. алабындағы жеке тау-кен кәсіпорындарында және оның тармақтарында, Қазақстанның Шығыс бөліктерінде және Сауыр-Тарбағатайдың тауаралық ойпаттарында көрсетіледі.

Жерасты суларының ластануының негізгі көздері болып табылатындар:

- шахта сулары мен кеніштер үйінділері (Шемонайха, Камышинка, Николаевка, Ертіс,

Белоусовка, Снегирихинск, Чекмарск, Риддер-Сокольск, Тишинск, Малеевка, Зырян, Греховка, Огневка, Белогорлық, Кендірлі, Ақжал ТБК, Жезкент кеніші);

- байыту фабрикалары (Николаевка, Березовка, Белоусовка, Лениногорск, Зырян, Огневка);

- металлургиялық жылыту-энергетикалық кәсіпорындар (Ертіс мыс зауыты, Ертіс химия-металлургиялық зауыты, қорғасын-мырыш комбинаты, титан-магний комбинаты, Өскемен және Согра ЖЭО, Лениногорск қорғасын-мырыш зауыты);

- әуежай, ет комбинаты, киіз басу-киіз комбинаты, Семей қаласындағы басқа да өнеркәсіп кәсіпорындары (тері бірлестігі, газды аппаратура зауыты, Жаңа Шұлбі май зауыты, локомативті депо, Аягөз қаласындағы

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ет комбинаты мен сүт цехы, Сергиополь сыра зауыты);

- мал шаруашылық кәсіпорындары (Волчанка, Шемонайха, Малеевка шошқа кешені, Торхановка, Лениногорск, Соловьевка, Среднегорск, Первороссийск, Юбилейный, Камышинка ірі қара мал кешендері, Черемшанка, Өскемен және Комсомольск ҚФ, Семей ҚФ, Бородулиха, Новобаженовка, Семеновка, Дмитриевка, Поднебесный, Кривинка, Түркісіб, Березовка, Шұғылбай, Мирный, Ивановка, Үржар ІРМ кешендері);

- қалалар мен басқа ірі елді мекендерді сүзу алаңдары;

- Семей ядролық полигонының әсер ету аймағы.

Көрсетілген кәсіпорындардың ластағыш компоненттері мыс, мырыш, қорғасын, селен, марганец, кадмий, аммиак, фенолдар, ал мал шаруашылық кешендерінде нитраттар мен аммиак болып табылады.

Семей аумағында, жерасты суларында мұнай өнімдерінің бар болуы байқалды, бұл ластанудың төтенше қауіпті дәрежесіне әкеледі, әсіресе, егер – жерасты сулары Ертіс өз. жергілікті жеңілдету базисімен тығыз байланыста болса. Өзенге жерасты суларының мұнай өнімдерімен қатты ластануы немесе мұндағы ірі суалғылардың орналасуы апаттық жағдайларға әкелуі мүмкін.

Жалпы облыс бойынша ауыз суларға арналған жерасты суларының ластануы бойынша қиын жағдай туындап отыр. Ластану жиектері, олардың аймақтарында суалғылардың 72-ден 17-ге дейін жоғарлады.

«Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ, «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ, «Казцинк» ӨМПП ластану ошақтарында ластанған ағынның алдын алу үшін пайдаланатын ұңғымаларды тиімді орналастыруды таңдау үшін жұмыстар жүргізілді.

Қазіргі уақытта «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ қалдықтар шаруашылығының аумағында 2005 жылдан бастап «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ ластану ошақтарынан ластанған ағынның алдын алу бойынша жұмыстар жүргізіледі. «Казцинк» ӨМПП кәсіпорынының өнеркәсіптік алаңы мен үйінді шаруашылығының аумағында ластанған ағынның алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілмейді. Дренажды су бөгетін қайта қалпына келтіру туралы 1997 жылы берілген ұсыныс орындалған жоқ.

Жерасты суларының ластану дәрежесін төмендету үшін қажетті:

- техникалық мақсаттар үшін ауыз судың пайдалануын төмендету жолдарымен ластанған ағынның алдын алу кезінде дренажды суларды жіберу немесе негізді пайдалану үшін кәсіпорынның су тұтыну және су қайтару теңгерімінің талдауы, су айналымының дамуы, қалалық канализацияға ластанған металдардың, жергілікті тазалаусыз өнеркәсіптік ағындардың мұнайлы өнімдерінің таза және интенсивті жіберілуін тоқтату;

- су қорғау шараларын жүргізуге жыл сайын бағалау және талдау қажет болған жағдайда, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстарға негізделеді.

- айналмалы су жабдықтарының су тасымалдаушы коммуникацияларының қорғау гидроизоляцияларына және ластану ореалдар учаскелерінде технологиялық түйіндерге мұқият тексеру жүргізу;

- көму полигондарынан ластану компоненттерінің және олардың қайта қалпына келтіру жолымен өнеркәсіптік үйінділерінің шығарылуын азайту есебімен ластанған жерасты суларының аллювиальды шөгінділерін төмендету. Жеңіл ерітілетін қалдықтардың шектеусіз мөлшері кезінде ластанған компоненттерді шығару қарқыны атмосфералық жауын-шашынмен қарқынды инфильтративті қоректену арқылы анықталады. Атмосфералық қоректенуді болдырмау қалдықтарды «тұмшалауға» мүмкіндік береді.

- ластанған жерасты суларының тәжірибелі-өнеркәсіптік және оларды шекті жол берілетін ағызуларға дейін шайқауды ұйымдастырып, тазалау арқылы ластанған ореолдың тұйықталған маңындағы мықты барьерлердің құрылысы.

Тишинский кенішінің (Риддер қ.) және Зырян үйінді сақтағышы ластану ошақтарында ластану дәрежесін төмендету үшін дренажды бөгеттер мен ағындарды кәдеге жарату бойынша қосымша жұмыстар қажет.

Жерасты суларын ластаушы негізгі компоненттер: кадмий, талий, мұнай өнімдері, марганец, цианидтер, селен, темір, аммиак, қорғасын.

4.14.3. Жер ресурстары

Шығыс Қазақстан облысының жер ресурстарының жағдайына ауыл

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

шаруашылық кәсіпорындары, кен өндіру өнеркәсіптері, жылу энергетикасы әсер етеді.

Табиғат пайдаланушылардың, «ШҚО бойынша Экология департаментіне» ММ ұсынған деректері бойынша ластану учаскелерін тіркеу және есепке алу жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі таңда жалпы Шығыс Қазақстан облысы бойынша 282 ластану учаскелері тіркелген.

2015 жылы жер қорының құрылымында маңызды өзгерістер болған жоқ.

Жердің бұзылуы, негізінен, аймақтағы кен өндіруші кеніштермен ұсынылған.

Бұзылған жерді қайта қалпына келтіру жобасы көптеген ірі кәсіпорындарда бар. Жер қойнауын пайдаланушылармен бұзылған жерлерді қайта қалпына келтіру – пайдалы кен орындарын толығымен игергеннен кейін жүргізіледі деп болжанады.

Жер ресурстарының жоғары ластанған факторлары 2015 жылғы есептік кезеңде тіркелген жоқ.

Топырақтың ластануы

Өскемен қаласында көктем кезінде ауыр металдардың шоғырлануы ШЖК-дан артуы қаланың келесі аудандарында тіркелді:

- Тракторный көшесімен Абай даңғылының қиылысында («Казцинк» ААҚ-ның өнеркәсіптік алаңынан ОШ-на 1 км) кадмий 9,0 ШЖК, қорғасын – 5,1 ШЖК, мыс – 1,8 ШЖК, мырыш – 1,9 ШЖК;

- Рабочий және Бажов көшелерінің қиылысы («Казцинк» ААҚ-дан 1 км) кадмийдің шоғырлануы – 31,4 ШЖК, мыс – 21,2 ШЖК, қорғасын – 14,0 ШЖК, мырыш – 13,3 ШЖК;

- Ленин даңғылындағы автомагистраль ауданында (МАИ ауданында, «Казцинк» ААҚ-дан ОБ 3 км) кадмийдің шоғырлануы – 11,2 ШЖК, қорғасын – 4,6 ШЖК, мырыш – 1,2 ШЖК;

- «Голубые озера» бағының ауданында («Казцинк» ААҚ-дан 3 км) мыстың шоғырлануы – 2,2 ШЖК, мырыш – 1,6 ШЖК, кадмий – 1,2 ШЖК;

- №34-ші мектептің аймағында («Казцинк» ААҚ-дан 3 км) қорғасынның шоғырлануы – 2,2 ШЖК, кадмий – 3,2 ШЖК.

Топырақтың сынамасындағы хромның мөлшері норма шегінде болды.

Өскемен қаласында күз кезінде металдар шоғырлануының ШЖК жоғарылауы қаланың келесі аудандарында тіркелді:

- Тракторный көшесі мен Абай даңғылының қиылысында («Казцинк» БҚА өнеркәсіп алаңынан оңтүстік-шығысқа 1 км) кадмийдің шоғырлануы – 10,2 ШЖК, қорғасын – 2,5 ШЖК, мырыш – 2,1 ШЖК, мыс – 1,5 ШЖК;

- Рабочий және Бажов көшелерінің қиылысы («Казцинк» ААҚ-дан 1 км) кадмийдің шоғырлануы – 14,2 ШЖК, мырыш – 9,6 ШЖК, қорғасын – 7,1 ШЖК, мыс – 16,2 ШЖК.

- Ленин даңғыл автомагистралы ауданында (МАИ ауданы («Казцинк» ААҚ-дан оңтүстік батысқа 3 км) кадмийдің шоғырлануы 5,3 ШЖК, қорғасын 4,3 ШЖК, мырыш 1,8 ШЖК, мыс 1,5 ШЖК;

- «Голубые озера» бағының ауданында («Казцинк» ААҚ-дан 3 км) кадмийдің шоғырлануы – 2,6 ШЖК, қорғасын 1,9 ШЖК, мырыш – 1,1 ШЖК;

- №34-ші мектептің аймағында («Казцинк» ААҚ-дан 3 км) кадмийдің шоғырлануы – 6,4 ШЖК, қорғасын – 4,2 ШЖК.

Топырақтың сынамасындағы хромның мөлшері норма шегінде болды.

Риддер қаласында көктем кезінде ауыр металдардың шоғырлануы ШЖК-дан артуы қаланың келесі аудандарында тіркелді:

- саябақ аймағы ауданында кадмийдің шоғырлануы – 12,6 ШЖК, қорғасын – 10,6 ШЖК;

- Мырыш зауытының санитарлық-қорғау аймағының ауданында кадмийдің шоғырлануы – 9,8 ШЖК, қорғасын – 9,6 ШЖК, мыс – 2,2 ШЖК, мырыш – 1,2 ШЖК;

- Қорғасын зауытының санитарлық-қорғау аймағының ауданында кадмийдің шоғырлануы – 25,0 ШЖК, қорғасын – 11,7 ШЖК, мыс – 2,9 ШЖК, мырыш – 1,9 ШЖК;;

- № 3 мектеп ауданында кадмийдің шоғырлануы – 29,0 ШЖК, қорғасын – 11,7 ШЖК, мыс – 2,8 ШЖК, мырыш – 1,7 ШЖК.

- біршама шоғырланған автомагистрал ауданында қорғасын – 8,8 ШЖК, кадмий – 1,2 ШЖК.

Топырақтың сынамасындағы хромның мөлшері норма шегінде болды.

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Риддер қаласында күз кезінде ауыр металдар шоғырлануы ШЖК-дан артуы келесі аудандарда тіркелді:

- саябақ аймағы ауданында қорғасынның шоғырлануы - 4,1 ШЖК, кадмийдің- 2,5 ШЖК;

- Мырыш зауытының санитарлық-қорғау аймағының ауданында қорғасынның шоғырлануы - 9,6 ШЖК кадмийдің- 9,2 ШЖК, мырыш - 1,14 ШЖК, мыс -1,3 ШЖК;

- Қорғасын зауытының санитарлық-қорғау аймағының ауданында қорғасынның шоғырлануы - 21,5 ШЖК, кадмий - 1,5,1 ШЖК, мыс - 11,8 ШЖК, мырыш -3,1 ШЖК;

- № 3 мектеп ауданында қорғасынның шоғырлануы - 6,4 ШЖК, кадмийдің - 6,0 ШЖК, мырыш - 1,6 ШЖК.;

- біршама шоғырланған автомагистрал ауданында қорғасын - 7,6 ШЖК, кадмий - 5,6 ШЖК, мырыш - 4,3 ШЖК, мыс -4,2 ШЖК.

Топырақтың сынамасындағы хромның мөлшері норма шегінде болды.

Семей қаласында көктем кезінде № 3 мектеп ауданында және Қабанбай көшесі аумағында мыстың шоғырлануы нормадан сәйкесінше 5,4 және 5,0 ШЖК-дан артты.

Семей қаласында күз кезінде хромның шоғырлануы 0,002-0,03 ШЖК, кадмий - 0,1 - 0,5 ШЖК, мырыш - 0,4-0,9 ШЖК, қорғасын - 0,4-0,6 ШЖК және мыс - 0,2-3,5 ШЖК шегінде болды. «Семейцемент» санитарлық-қорғау аймағы ауданында мыстың шоғырлануы - 3,5 ШЖК нормасынан артты.

4.14.4. Жер қойнауы

2016жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыста 161 жер қойнауын пайдаланушы және 13 су пайдаланушы тіркелді.

Алтын өндіруге 9 шетел және 15 отандық компанияларда келісім-шарт бар. Оның ішінде, сәйкесінше: «Алел» ФИК АҚ, «Шаралтын» АҚ, «Казцинк» ЖШС, «Андас-Алтын» ТКӨ ЖШС, «Семгео» БАҚ, «Тосқара» ЖШС, «Казцинк» АҚ және «Шығыс түсті металдар» ЖШС, «HambletonMiningCompanyLimited» «Секисовкий тау-кен кәсіпорыны» ЕЖШС полиметалды кенін өндіру бойынша облыстағы ірі жер қойнауын пайдаланушылар болып табылады. «SatpaevskTitniumMinesLTD» ЖШС («STM» ЖШС) Сәтпаев кен орнын өндіру кезінде ильменитті өндірумен айналысады, «Үлбі

металлургиялық зауыты» АҚ флюоритті Қаражал кен орнынан игерумен айналысады.

Қатты жанатын пайдалы қазбаларды төрт жер қойнауын пайдаланушы игереді, оның ішінде ең ірісі «Қаражыра ЛТД» ЖШС болып табылады.

Қара металды (марганец) өндіруді отандық компания «ТЭМК» ЖШС айналысады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың көпшілігі пайдалы кендердің кең таралған түрлерін өндірумен айналысады: бұл - бентонитті саздар, вулканды туфтар, габбролар,саздар, граниттер, диориттер, эктастар, кварцты құмдар, керамзитті саздар, кірпішті саздар, құмды-қиыршық тасты қоспалар, ас тұздары, порфириттер, құрылыс тастары.

Облыста, сондай-ақ, минералды суды өндірумен үш жер қойнауын пайдаланушы айналысады: «Зайсан сулары» ЖШС, «М.С. Шүркімбаев» ЖК, «Рахман кілті» ЖШС.

2015 жылы жер қойнауын пайдаланушылардың біразы әр түрлі себептерге байланысты өндірістік қызметпен айналысқан жоқ («Арман» ЖШС, «Семгео» ЖШС, «Жерек» ЖШС, «Андас Алтын» Тау-кен өндірісі компаниясының ЖШС және т.б.).

ҚР Экологиялық кодексінің 220- бабының талаптарына сәйкес пайдалы кендерді өндіру және жер қойнауы нысандарының құрылысы жөніндегі жұмыстарды жүргізген кезде бұзылған жерлерді қалпына келтіру үшін және оны алдағы уақытта пайдалану үшін құнарлы қабатын сақтауды және алуды жүзеге асырады. Топырақты-құнарлы қабатты алу және оны сақтау қажеттілігі жер учаскелерін бөліп берген кезде жүргізілетін аумақтардың құнарлылығын зерттеу материалдарында анықталады.

Таулы өнімдер қалдықтарының табиғи ортасында орналасқан көлемдерін азайту мақсатында аймақтың жер қойнауын пайдаланушылары өңделген карьерлі кеңістікті толтыру үшін ашылатын және аршылған жыныстарды қолданады. «Қаражыра ЛТД» ЖШС, «HambletonMiningCompanyLimited» «Секисовкий тау-кен кәсіпорыны» ЕЖШС компаниясы, «Востокцветмет» ЖШС, «Казцинк» АҚ РГОК, ЗГОК өңделген шахталы қазбаларына өндірістің қалдықтарын пайдаланады.

Кен орындардың аттас көмірін игеруді, аршылған жыныстар карьерлердің бөлігін толтыру бойынша жүйелі жұмыстарды жүзеге

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

асырумен «Қаражыра ЛТД» ЖШС айналысады. Көрсетілген кәсіпорын таулы жұмыстар кезінде түзілген аршылған жыныстарды өңделген карьер кеңістігіне (ішкі үйінді) жібереді, сонымен бұзылған жерлерді қалпына келтірудің техникалық кезеңі орындалады.

2015 жылғы жер қойнауын пайдаланушылардың ақпаратты бойынша:

- «Қаражыра ЛТД» ЖШС 19,152 млн. тонна немесе ішкі үйіндіге аршылған жыныстардың 97% жіберді.

- «HambletonMiningCompanyLimited» «Секисовский тау-кен кәсіпорыны» ЕЖШС компаниясы 519,754 мың тонна немесе 100% жіберді.

- «Казцинк» АҚ өңделген шахталық қазбаларды белгілеу үшін кәсіпорын қалдықтарын пайдаланады, сонымен РГОК-та 263,318 мың тонна қалдық түзіліп, 263,318 мың тонна немесе 100% пайдаланылды, ЗГОК-та 1071,846 мың тонна қалдық түзіліп, 1071,846 мың тонна немесе 100% пайдаланылды.

- «Шығыс түсті металдар» ЖШС өндірістік кешенінің өнеркәсіптік қалдықтары өңделген кеңістікке құю үшін бетонды толтыру ретінде 3654,42 мың тонна пайда болды, оның 465,88 мың тоннасы немесе 12,8%-ы пайдаланылды.

4.14.5. Биоәртүрлілік

Шығыс Қазақстан облысының Мемлекеттік орман қорының ауданы – 3,6 млн. гектар, аңшылық алқаптардың ауданы – 24,4 млн. гектар.

Облыста табиғи-қорықтық қоры үш мемлекеттік табиғи қорықпен ұсынылады: Батыс-Алтай, Марқакөл, Алакөл (ішінара). Қатон-Қарағай мемлекеттік ұлттық паркі бар. Ерекше мемлекеттік және ғылыми маңызы бар «Семей Орманы» мемлекеттік табиғи орман резерват, Алтай ботаникалық бақ, 8 мемлекеттік табиғи қарықша, табиғат ескерткіші, 10 су қоймасы бар. Барлық аталған ерекше қорғалатын табиғи аумақтар республикалық маңыз мәртебесіне ие. Шығыс Қазақстан облысында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлері 1446,2 мың гектарды құрайды.

2015 жылға Шығыс Қазақстан облысының табиғатты қорғау шараларына қаржыландыру бойынша ақпарат:

- биологиялық тепе-теңдікті сақтау мақсатында жыртқыш аңдардың санын реттеу бойынша 9983,929 мың теңге игерілді;

- Ұлан ауданының алқаптарында жабайы аңдар мен құстарға арналған табиғи азық қорын молықтыру жөніндегі биотехникалық іс-шараларды жүргізуге 3392,857 мың теңге игерілді;

- Көкпекті ауданының алқаптарында жабайы аңдар мен құстарға арналған табиғи азық қорын молықтыру жөніндегі биотехникалық іс-шараларды жүргізу 3392,857 мың теңге игерілді;

- Үржар ауданының алқаптарында жабайы аңдар мен құстарға арналған табиғи азық қорын молықтыру жөніндегі биотехникалық іс-шараларды жүргізу 892,857 мың теңге игерілді.

«Семей Орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы № 75 қаулысына сәйкес республикалық маңызды санатта және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарауында. Ландшафтты және биологиялық әртүрлілікті сақтау және қалпына келтіру, табиғи ресурстарды пайдаланудың тұрақтылығы мен тепе-теңдігін қамтамасыз ету резерваттың негізгі қызметі болып табылады.

«Семей орманы» МОТР» РММ құрамына 10 филиал кіреді:

- 1) Семей, ШҚО, Семей қаласы, Красный Кордон кенті
- 2) Тау-Дала, ШҚО, Жарма ауданы, Қалбатау ауылы;
- 3) Новошувьбинский, мемлекеттік орман табиғи резерваты ШҚО, Бородулиха, Пол-Лог ауылы;
- 4) Бородулиха, мемлекеттік орман табиғи резерваты ШҚО, Бородулиха ауданы, Бородулиха ауылы;
- 5) Жаңасемей, ШҚО, Бесқарағай ауданы, Жыланды ауданы;
- 6) Канонерский, ШҚО, Бесқарағай ауданы, Қара-Мырза;
- 7) Долонский, ШҚО, Бесқарағай ауданы, Мостик;
- 8) Морозовский, ШҚО, Бесқарағай ауданы, Сосновка ауылы;
- 9) Беген, ШҚО, Бесқарағай ауданы Беген ауылы;

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

10) Бөкебаей, ШҚО, Бесқарағай ауданы, Бөкебай ауылы.

2016 жылғы 1 қаңтарға «Семей орманы» МОТР» РММ-нің жалпы ауданы 663

6 мың га құрайды (ауданның қысқаруы – ҚР Үкіметінің № 807 Қаулысы), соның ішінде орман алқабымен жабылғаны 393,3 мың га, түйіспеген орман дақылдары – 26,7 мың га.

Өртенген аудан көлемі 112,7 мың га –ды құрайды, 2015 жылы осы алаң 116,6 мың га болған. Осы алаңның жал сайын қысқаруы орман дақылдарын отырғызумен және орманмен жабылған жерлерге өтізумен байланысты.

«Семей орманы» МОТР» РММ (Семей Орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты) қаржыландыру республикалық бюджет және шектеулі шаруашылық қызметінің ақылы қызмет көрсету есебінен жүргізіледі.

2015 жылдың көктемінде «Семей орманы» МОТР» РММ филиалдарымен 4100 га жоспарда 4159,3 га алаңда орманды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

2015 жылдың көктемінде 15,0 га алаңға тәлімбақ отырғызылды.

Санитарлық оңалту шаралары – ағаштардың тұрақтылығын жоғарлату мақсатында санитарлық кесу және орманға күту кесуді жүргізеді, бұл ленталық орманды сақтаудың және қорғау, су қорғау, санитарлық – гигиеналық және басқа пайдалы қасиеттерінің маңызды кезең болып табылады.

Өсімдіктердің дүниесі.

Резерват аумағы өсімдіктердің 6 бірегей үйлесімді түрімен ерекшеленеді: далалы, орманды, шөлді бұталы шалғынды және батпақты. Ертіс маңындағы ленталық орманның жоғары сатыдағы өсімдіктері келесі топтармен көрсетіледі: ағаштар, бұталар, жартылай бұталар, кіші бұталар, жартылай кіші бұталар бір жылдық және көп жылдық шөптесін өсімдіктер.

Ленталық ормандардың негізгі орман жасаушы тұқымы кәдімгі қарағай (*PinussilvestrisL*) болып табылады. Бұдан басқа, мекеменің аймағында қайың, көктерек, терек, ағаш тектес тал, үйеңкі, шегіршін, мойыл, алма, жиде, бұталы тал, долана, жыңғыл, арша, қарақат, итмұрын, сары қараған, бөржідек, қараған, итшомырт, тобылғы, шеңгел, қызыл тал ағаш түрлері өседі.

Өсімдіктердің сирек кездесетін және жоғалып бара жатқан түрлері.

Геоморфологиялық өңірлердің өсімдік жабыны ағаш, бұталы және шөлді-далалы шөпті тектес қауымдастығынан тұрады. Қайың, көктерек, терек, алма және ағаш тектес тал орман жасаушы тұқым болып табылады. Шөптің жабынында шөлейтті белдем үшін тән келетін ермен-селеу-бетеге түрлері ашық қызғылт топырақта, шөл аймағы үшін – ермен- баялыш өсімдіктері қоңыр және сұр-қоңыр топырақта басым болып табылады. Өсімдіктердің– 21, бұдан басқа, сирек және жоғалып бара жатқан өсімдіктер – 33 түрі бар.

Жануарлар әлемі. Далалы аймақ, бетегелі дала белдем тармағында ленталық орманның өсіп шығуымен, бұлан, елік, қабан, қасқыр, түлкі, қарсақ, борсық, шақылдақтар таралған.

Құстардан бозторғай, сұр шіл, дала бүркіті, дала құладыны, су қоймаларында – суда жүретін жабайы құстар басым болады. Тау-Дала филиалының аймағында арқар, сілеусін, сасыққузен, ақ тышқан, суыр, аю есепке алынды.

«Семей-Орманы» резерватының аймағында жабайы аңдар мен құстарды жыл сайынғы мемлекеттік есепке алуды жүргізу олардың аймақ бойынша бөлінуін, мал басының болуын, шоғырлану орны туралы қажетті деректерді алу, биотехникалық іс-шараларды жүргізу осы мал басын жоспарлауға мүмкіндік береді.

2015 жылы «Семей Орманы» МОТР» РММ аймағында жабайы жануарлар және құстардың қыстық бағдарлы санын есепке алу жүргізілді (4.14.2-ші кесте). Жабайы аңдар әдетте басым аумақта таралғандықтан, өте сақ әрі жасырын тіршілік қалпын жүргізетінін назарға ала отырып, салыстырмалы сандық есепке алу тәсілі қолданылды.

Есепте қолданылған тәсілдер:

Автоматокөліктен және қарқашкіш техникадан іздер бойынша қысқы маршруттық есеп (тұяқты, жыртқыш);

«Семей Орманы» резерваты аумағында қысқы маршруттық есеп 2015 жылғы 06 ақпандағы «Жабайы жануарлар мен құстар санының мемлекеттік есебін ұйымдастыру және өткізу туралы» №25-п бұйрыққа сәйкес жүргізілді.

Есеп резерваттың бүкіл аумағын қамтыды. Есеп маршруттық тәсілмен 1000 га алқаптағы түрдің тығыздығын есептеумен, сондай-ақ жануарлардың жеке түрлерінің есебін жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарға сәйкес әр

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

түр бойынша ареалдарды нақтылаумен өткізілді, деректер 4.14.2-ші кестеде ұсынылған.

Орманшылықтар бойынша филиалдарда есептік жұмыстар 1-2 адам күшімен өткізіліп, тұяқтылар есебі жануарлардың шоғырлану орындары бойынша жүргізілді. Ауа-райы жағдайы жабайы жануарлардың іздері айқын әрі анық көрінетіндей анағұрлым ашық, жауын-шашыннан кейінгі күндер таңдап алынды.

Қысқы бағдарлық есеп ізімен қолданылған барлық аудандар мен филиалдарда «Семей Орманы» резерватының бұл есепке алу әдісі өте ыңғайлы және рационалды, өйткені бұл әдіспен есепке алу санын жүргізе алады және бір адам пайдалана отырып, жергілікті жерлерде тоқсандық желінің ұзындығы мен бағытын оңай анықтауға болады. Орманшылықтар бойынша маршруттардың ұзындығы филиалдарда әртүрлі қалыптасты.

4.14.2-ші кесте. 2015 жылғы «Семей Орманы» РММ МОТР аумағында жабайы жануарлардың қысқы маршруттық есепке алу санының көрсеткіштері.

№ р/с	Жануарлардың түрі	Барлығы, дарақ	Тығыздығы 1000 га, дарақ
1	Бұлан	267	0,95
2	Марал	28	2,15
3	Елік	1311	3,02
4	Қабан	211	2,52
5	Арқар	159	4,54
6	Тиін	1794	7,566
7	Ақ қоян	5737	9,795
8	Ор қоян	1267	7,87
9	Құм қоян	2425	121,25
10	Түлкі	1622	3,0
11	Қасқыр	167	0,464
12	Қарсақ	271	2,22
13	Сілеусін	66	0,405
14	Дала күзені	1057	5,033
15	Сарықүзен	67	1,72

2015 жылғы жабайы жануарлардың қысқы маршрутын есепке алу санын есептік деректермен талдай отырып, тұяқты жануарлар түрлері санының өсуін байқалады: бұлан (+12) дарақ, өзен құндызы (+39) дарақ, қабан (+3) бас, марал (+2) бас. Арқар (+1) дарақ басы артты. Жабайы тұяқтылардың шоғырлану орындарын есепке алу жұмыстары кезінде атап өтілді.

Жекелеген жануарлардың басы арқар, марал, бұлан түрлері сияқты, табында жиналмаған, 3-тен 5 бас есеп бағыттарда кездескен, тек жекелеген аудандарда кішкене табынның сібір елігінің 10 – 12 басы кездескен.

Қасқыр (+14) дарақ, сілеусін (+10) дарақ, сарықүзен (+16) дарақ санының өсуі байқалады. Ақ қоян мен орқоян саны қатал қыстың көп қарлы салдарынан төмендеген. Сондай-ақ түлкі (-19) дарақ, қарсақ (-11) дарақ, тиін (-302) бас санының төмендеуі байқалады.

Қалған жабайы жануарлардың басының ескерілетін түрлер саны тұрақты.

4.14.6. Радиациялық жағдай

Кәсіпорындарда радиациялық жағдай бойынша инспекциялық тексерулер өткізген кезде құрылыс материалдарында, жылу жүйелерінде радионуклидтерді ұстауға сәйкес келетін сертификаттың болуын бақылайды. Пайдаланылатын өндірістік, әкімшілік құрылыстарда табиғи радионуклидтерден радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін кәсіпорындар радонның және радиациялық фонның шоғырлануын өлшейді.

Тексеру нәтижелері бойынша 2015 жылы адамдар үнемі немесе уақытша болатын, қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарда радиациялық фондарды және радонның болуын анықтау бойынша 15 бұзушылық анықталды.

2015 жылы 439 елді мекенді қамти отырып 150450 тұрғын-үйдің аумағында гамма фонна өлшеу жүргізілді.

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Географиялық орналасуына байланысты Шығыс Қазақстан облысында 0,31мкЗв/сағаттан 0,56 мкЗв/сағатқа дейінгі гамма-сәулелену мөлшерінің қуаттылығымен табиғи радиациялық аномалия анықталған аумақтардың бірнеше ауданы бар.

Таулы жыныстарды уран мен торийдің, әсіресе, граниттердің жоғары шоғырланған табиғи радиациялық аномалиясы жергілікті түрде, тау жыныстарының жер бетіне шығатын максималды-жақын жерлеріне тән сипатталады. Бұл Ұлан ауданы (Привольный а., Митрофановка а., Таинты а., Асу-Бұлақ к., Белая Гора а., Скалистое а.), Риддер қ., Зырян қ., Күршім ауданы (Қойтас а., Сергеевка а., Буденновка а.), Қатон-Қарағай ауданы (Свинчатка а., Черновая а., Рахман кілгі а.), Көкпекті ауданы (Песчанка а., Новотимофеевка а., Қайыңды а.) елді мекендері.

Радиациялық аймақтарда өнімдердің, шикізаттардың, құрылыс материалдарының бақылауын Семей стандарттау және

метрологиялық орталығы, Семей үн тартатын-құрама жем комбинаты БАҚ (астық түсетін), қалалық ветзертхана (ет өнімдері) жүргізеді. Өнімдерді, шикізаттарды, құрылыс материалдарын бақылаудың нәтижелері бойынша радиоактивті ластанулар анықталған жоқ.

2015 жылы «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ-да төмен радиоактивті қалдықтардың 128,102415 мың тоннасы, 2014 жылы – 150,209 мың тоннасы түзілген еді. Аталған қалдықтар «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ-ның «Қалдық қоймасы» учаскесіндегі арнайы қорымында орналасқан.

Аймақтағы кәсіпорындарда радиоактивті көздер бар.

Семей қ. Аймақтық онкологиялық диспансердің радиологиялық бөлімшесіндегі радиотерапиялық аппараттарда қолданылатын (25.12.2015ж.) иондалған сәулеленудің ампулалы көздері (ИСАК) туралы деректер 4.14.3-ші кестеде көрсетілген.

4.14.3-ші кесте. «Семей қ. Шығыс Қазақстан аймақтық онкологиялық диспансері» КМҚК Иондалған сәулеленудің ампулалы көздері

р № pp/c	Аппараттың атауы	ИСК саны	Көздердің түрі мен нөмірі	Паспорттың берілген күні	Паспорттың нөмірі	Нуклидты құрамы	Нуклидты құрамы	Қалған белсенділік, Бк
1	Teragam-K02	1	ГИК9-4; 775	26.05.2006	VF 1Z06- 5161-17-P04	Кобальт- 60	Гамма	1,0 * 10 ¹⁴
2	Terabalt	1	GK60T03	26.05.2006	VF 1Z08- 5161-17-P10	Кобальт- 60	Гамма	1,76 * 10 ¹⁴
3	GammaMed Plus	1	HDR09mm	13.07.2015	NLF0124- 003-2772	Иридий- 192	Гамма	2,14 * 10 ¹¹

«Семей қ. Шығыс Қазақстан аймақтық онкологиялық диспансері» КМҚК Агат-В ішкі жиекті аппаратының 7 дана көлеміндегі өңделген ИСАК Со-60 ұзақ мерзімге (көмуте) Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының Атом энергиясының институтына (ҚР ҰЯО АЭИ) (Курчатов қ.) тапсырылды.

ШҚО бойынша Экология департаменті бұрынғы Семей сынақ полигонының (ССП) аймағында шаруашылық қызметпен айналысатын келесі кәсіпорындарда мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырады: «Қаражыра ЛТД» ЖШС («Қаражыра» көмір орны), «Теміртау электромеханикалық комбинаты» ЖШС («Есімжал» марганец кен орны), «ҮлбіФторКешені» ЖШС («Қаражал» флюориттер кен орны).

Аталған кәсіпорындарда «ядролық жарылыстарды жүргізу орындарында шаруашылық қызметпен шұғылдануға» Атом энергиялық комитеті берген лицензиялары бар және қоршаған ортаға эмиссияларға мониторингі және радиологиялық мониторингі жүргізеді.

Сонымен, ұсынылған есептерге сәйкес кен орындарын игерумен айналысатын персоналдар үшін жұмыс жүргізу учаскелерінің шегінде радиациялық жағдайдың бекітілген параметрлері радиациялық қауіп төндірмейді.

Қазіргі уақытта бұрынғы ССП аймағын зерттеу жөніндегі жұмыстар орындалуда. Жұмыстар «Қазақстан Республикасы аумағында радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» («бұрынғы Семей сынақ полигонының қауіпсіздігін қамтамасыз ету» 1 іс-шарасы) 038-ші Республикалық бюджеттік

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

бағдарлама (бұрынғы 011) жұмыстары шеңберінде ҚР Ұлттық ядролық орталығында (ҚР ҰЯО) жүзеге асырылады.

Аймақтың өзекті мәселелері Шаған өзені беткі суларының тритиймен ластануы болып табылады.

Шаған өзені ССП аумағынан ағып өтетін созылып жатқан су ағысының жамылғысы және оның шығыс жағын бойлай Ертіс өз. сол жақ ағысы болып келеді. Өзен ағысының жалпы ұзындығы 275 км, соның ішінде шамамен 50 км ССП аумағынан өтеді.

ҚР ҰЯО-мен жүргізілген 2015ж. зерттеу нәтижелеріне сәйкес Шаған өзенінің және оның аумағына жататын радиоэкологиялық жағдайында өзгеріс байқалған жоқ. Өзеннің радиоактивтілігі беткі және жерасты суларында тритий радионуклидтің болуымен сипатталады. Өзен суларында тритийдің максималды шоғырлануының шыңы «Атомный» көлінің төмен ағысы бойында 5 км-де байқалады. Бұл учаскедегі судағы тритийдің белсенділігі 360 000 Бк/кг құрайды, бұл Гигиеналық нормативпен (2015 жылғы 27 ақпандағы №155 «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге санитарлық-эпидемиологиялық талаптар») бекітілген араласу деңгейі шамамен (7600 Бк/кг) 50 есе жоғары. Сонымен, шекті жол берілген деңгейден жоғарылауы «Атомды» өзенінен шығатын орнынан өзен ағыны бойымен шамамен 20 км төмен ұзындықта байқалады, оның 6 км ССП шекарасынан тыс орналасқан.

2014-2015 жылдары жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша Шаған өзенінің учаскесінде Ертіс өзеніне судағы тритий шекті

белсенділігі 100±200Бк/кг құрайды, бұл араласу деңгейінің мағынасынан анағұрлым төмен.

ССП-ның нақты радиологиялық мәртебесі бойынша әкімшілік шекарасын сәйкестендіру мақсатында ҚР ҰЯО ССП-ны зерттеудің кезендік жоспарын әзірледі. Жұмысты 2021 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығына қарай аяқтау көзделіп отыр.

2008-2015 жылдары 7 860 км² (жалпы полигон ауданынан 42%) аудан аумағының бөлігіне кешенді экологиялық тексеру жүргізілді, оның ішінде: 2009ж. ССП Солтүстік бөлігіне - 3 000 км², 2010ж. ССП Батыс бөлігіне - 560 км², 2011ж. ССП Оңтүстік-Шығыс бөлігіне - 850 км², 2012ж. - 850 км², 2013ж. - 800 км², 2014ж. - 800 км² (оңтүстік бөлік), 2015ж. ССП Оңтүстік-батыс бөлігіне - 1 000 км². Оңтүстік-батыс бөлігіне - 1 350 км² (2015ж.), шығыс бөлігіне - 1 200 км² (2015ж.) зерттеу басталды.

Тексеру нәтижелері барысында ҚР ҰЯО мамандары алдын ала қорытынды жасады:


- 1953 жылдың 12 тамызында, 336 км² ауданда жүргізілген бірінші термоядролық сынақтан түскен радиоактивті ауданның аймағын халық шаруашылығында шектеулі пайдалануға болады (өнеркәсіптік пайдалану);

- «қорым», «4а» және «Телкем» алаңқайлары шегінде, Ұзынбұлақ бұлағының арнасы бөлігінде орналасқан 20,5 км² ауданындағы радиоактивті ластанған аумақ жер қорының құрамында қалуы керек;

- аймақтың қалған алаңының 7 500 км² аса жері шаруашылық айналымға шектеусіз тапсырылуы мүмкін.

4.14.1-ші суретте жылдар бойынша ССП аумағының зерттеу картасы ұсынылған.

Передача земель бывшего СИП в народное хозяйство



Условные обозначения

- граница СИП
- зона строгого контроля
- зона периодического контроля
- зона доступа без ограничения
- испытательная скважина **Cs-137, Бк/кг**
- испытательная штольня
- ручьи, реки
- 30-60
- <15
- 60-120
- 15-30
- >120

4.14.1-ші сурет. Жылдар бойынша ССП аумағының зерттеу картасы

Қазгидромет күнделікті жергілікті 17 метеорологиялық станцияда сәулелену гаммасының деңгейін бақылайды (Ақжар, Аягөз, Дмитриевка, Баршатас, Бақты, Зайсан, Жалғыз төбе, Қатонқарағай, Көкпекті, Күршім, Риддер, Самар, Семей, Үлкен-Нарын, Өскемен, Шар, Шемонайха).

Облыстың елді мекендері бойынша атмосфераның жер үсті қабатының радиациялық гамма-түсінің орташа мәні 0,06-0,24 мкЗв/ч шегінде орналасқан. Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фонды 0,13 мкЗв/ч құрады және жол берілген шекте болды.

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Облыс аумағындағы атмосфералық жер қабатының радиоактивті ластануын бақылау көлденең планшеттермен ауа сынамасын іріктеу жолымен 7 метеостанцияда (Аягөз, Баршатас, Бақты, Зайсан, Көкпекті, Семей, Өскемен) жүргізілді. Барлық станцияларда бес тәуліктік іріктеу сынамалары жүргізіледі.

Облыс аумағындағы атмосфералық жер қабатының радиоактивті түсу орташа тығыздығы 0,6-3,5 Бк / м2 шегінен ауытқыды. Облыс бойынша түсудің орташа тығыздығы 1,2 Бк/м2 құрайды яғни, шекті жол берілетін деңгейден аспайды.

4.14.7. Қалдықтар

Жыл сайын облыста, бірінші кезекте таулы-кен өнеркәсіп кәсіпорындарынан, өнеркәсіптік қалдықтардың шамамен 40

тоннасы түзіледі. Облыс бойынша ТМТ жалпы көлемі 6,8 млрд.тоннадан аса көлемді құрайды, соның ішінде иесіз деп 5,5 млрд.тонна танылған. Иесіз ТМТ жою облыстың экологиялық мәселесі болып отыр.

Облыстағы кейбір кәсіпорындар ТМТ түзілуін азайту бойынша іс-шаралар өткізеді. «Казцинк» ЖШС РГОК байыту өндірісі қалдықтарын орналастыруды төмендету Риддер-Сокольный кенішіндегі толтыру жұмыстарын өндіруде пульпілері бөлігі қолданылады.

Экономиканың салалары бойынша табиғат пайдаланушылар қалдықтарының көлемді-сапалы көрсеткіштері 4.14.4-ші кестеде және 4.14.5-ші кестеде көрсетілген.

4.14.4-ші кесте. Өнеркәсіптің салалары бойынша жинақталған өнеркәсіп қалдықтарының көлемі

Өнеркәсіп салалары	Қалдық түрі	Жинақталған қалдықтар көлемі (есептік кезеңмен бірге), мың тонна			
		барлығы	Соның ішінде:		
			ТМТ	Радиоактивті қалдықтар	Өнеркәсіп қалдықтары (ТМТ және радиоактивті қалдықтардан басқа) барлығы
1	2	3	4	5	5
Тау-кен өндіру саласы	Аршылған жыныстар	866712,41918	866712,41918	-	-
	Байыту қалдықтары	206837,22089	206837,22089	-	
	Байыту шламдары	6824,2005058	6824,2005058	-	
	Құрамында күшәла-темірі бар қалдықтар	36,523	-	-	36,523
	Әктас-күшәла сүзінді	47,235			47,235
	Минерализатор	1741,979			1741,979
	Хлоридті пульпа	1705,348			1705,348
Жылу энергетикасы	Күл шлак қалдықтары	2193,207	-	-	2193,207
Құрылыс материалдары өндірісі	Өндірістік қалдықтар (ас-бестит, бетон бұйымдарының сынықтары, кірпіш сынықтары)	205,4657	-	-	205,4657
	Басқа өнеркәсіп	21529,73792			21529,73792

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

	қалдықтары				
Құс шаруашылығы	А/ш өнімдерінің қалдықтары	421,3824	-	-	421,3824
Атом өнеркәсібі	Радиоактивті қалдықтар, мың тонна	20164,551	6224,653	1853,834	12086,064
	ИСК, дана	28216		28216	
Аймақ бойынша барлығы		1122419,2695958	1086598,4935758	1853,834	39966,94202

4.14.5-ші кесте. Өнеркәсіп салалары бойынша пайда болған, қолданылған, қайта өңделген және орналасқан қалдықтардың көлемі

Өнеркәсіп салалары	Қалдық түрі	Пайда болған, мың тонна*	Пайдаланылған, мың тонна	Қайта өңделген, кәдеге жаратылғаны, мың тонна	Полигондарда орналасқаны, мың тонна	Тараптық ұйымдарға берілгені, мың тонна
Тау-кен өндіру саласы	Аршылған жыныстар	44496,052363	31738,289183	-	12757,76318	-
Тау-кен металлургиялық өнеркәсіп	Байыту қалдықтары	10630,14289	2767,619	-	7862,52389	-
	Байыту шламдары	221,8153225	64,0668167	-	157,7485058	
	Құрамында күшәлатемірі бар қалдықтар	12,1		-	12,1	
	Хлоридті пульпа	4,61	-	-	4,61	
	Құрамында күшәлатемірі бар қалдықтар	10,197	-	-	10,197	
	Әктас-күшәла сүзінді	4,645	-	-	4,645	
	Минерализатор	1712,23	1712,23			
Жылу энергетикасы	Күл шлақ қалдықтары	338,526	19,091	38,346	276,531	4,558
Құрылыс материалдарының өндірісі	Өндірістік қалдықтар (асбестит, бетон бұйымдарының сынықтары, кірпіш сынықтары)	58,83751	0,47	3,16781	55,1997	
	Басқа өнеркәсіп қалдықтары	86,2683578	12,766114	2,45511	56,33192	14,7152138
Құс шаруашылығы	А/ш өнімдерінің қалдықтары	40,0842	-	-	15,0254	25,05880

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Аймақ бойынша барлығы	57615,508643 3	36314,5321137	43,96892	21212,6755958	44,3320138
-----------------------	-------------------	---------------	----------	---------------	------------

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату бойынша біршама іс-шаралар ірі карьерлер мен шахталардың босаған кеңістігін толтыру үшін аршылған қоршаушы жыныстарды пайдалану болып табылады.

«Семей Цемент зауыты» ЖШС күл-шлак қалдықтарын клинкерді өндіру кезінде қоспа ретінде қолданады.

«Қаражыра ЛТД» ЖШС пайдалы аршылған жыныстарды қолданылуын кеніштердің өнеркәсіптік алаңдарының техникалық қажеттілігі және техникалық қайта қалпына келтіру үшін тау-кен өндірісінің өңделген кеңістіктерін толтыру үшін пайдалану жолдары арқылы жүзеге асырылады. 2015 жылы ішкі үйіндіге аршылған жыныстардың 31 млн тоннасы жіберілген.

«Өскемен-Су арнасы» МҚК жинақталған қалдықтар көлемі өткізілетін іс-шаралардың – органоминералды грунтты алу үшін 2,2657258 мың тонна көлемінде 2015 жылы кәріздерде тазалану имараттарының аумағынан тұнбаларды шығару есебінен азаяды. Сонымен қатар, тұнбаларды құрғату әрекетінде микроорганизмдерді және флокулянттарды, ірі қалдықтарды ұстауға және алуға арналған механикалық тазалаудың (прессі бар тор) жаңа құрал-жабдықтарын қолдану бойынша технологиялар енгізілуде.

«ҮМЗ» АҚ қазіргі уақытта травильді ерітінділермен игерілген фторбериллат аммоний ерітіндісін тазалау әрекетінде пайдалану бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Зерттеу жұмыстары Тантал өндірісінде жүргізіледі, оның бағыты сұйық қалдықтардан тұратын бағалы реагенттерді шығару және оларды өндірісте қайта пайдалану мүмкіндіктерін анықтаудан тұрады.

Уран өндірісінде азот қышқылынан алынған ерітінділерден азотты қышқылды рекуперациялау бойынша нанофльтрациялау технологиясын пайдала отырып зерттеу жұмыстары аяқталды.

2015 жылы «ҮМЗ» АҚ-да бериллий өндірісінің қауіптіліктің янтарлы деңгейіне ерітінділерді технологиялық циклге тарту жолымен қайта өңдеу бойынша өнеркәсіптік сынақтар толық көлемде аяқталды.

«Үлбі Фтор Кешені» ЖШС пайдалануға тапсырылды және оны алдағы уақытта жүзеге асыру мақсатында бейтарап түйіршіктелген гипсты алу жөніндегі учаске іске қосылды. 2015 жылы 628 тонна мөлшеріндегі бейтарап гипсты сату бойынша «Универсал 2010» ЖШС компаниясымен келісім-шарт жасалды, сәуір-қазан айлары аралығында аталған келісім-шарт аясында бейтарап гипстың 462,1 тоннасы тиелді.

Шығыс Қазақстан облысының аумағында улы заттарды көмуге арналған полигондар жоқ.

Құрамында сынабы бар құралдар мен бұйымдар шарт бойынша «ШҚ Аймақтық Экологиялық демеркулизациялау орталығымен» кәдеге жаратылады.

Құрамында сынабы бар құралдар (Люминесцентті шамдар, градусниктер, термометрлер) қауіптіліктің 1 және 2 класына жатады. 2015 жылы **159 458** дана жиналды. Қоймаланған жері – Семей қ. мамандандырылған күзетілетін қоймасының орынжайы.

Құрамында сынабы бар құралдар және бұйымдардың жалпы жиналған мөлшері – **2 694 652** дана.

2015 жылғы жағдай бойынша «ШҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мен «ШҚ аймақтық экологиялық демеркулизациялау орталығы» ЖШС арасында шартқа сәйкес «ЭкоКомИнновация» ЖШС-мен бірлесіп Экотром-2У демеркуризациялық қондырғыда 180 187 дана мөлшердегі құрамында сынабы бар құралдар және бұйымдарды кәдеге жарату бойынша жұмыстар жүргізді.

2011-2015 жылдары құрамында сынабы бар құралдар және бұйымдарды кәдеге жаратудың жалпы саны 2 179 507 дананы құрады.

ТҚҚ полигондары

2015 жылдың соңында Шығыс Қазақстан облысында тұрмыстық қатты қалдықтардың (ТҚҚ) – **8807,969** мың тоннасы жинақталды. **173,245** мың тонна ТҚҚ пайда болды, оның ішінде Семей қ. – **63,03** мың тонна, ТҚҚ-ның морфологиялық құрамы 4.14.6-шы кестеде ұсынылған.

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

4.14.6-шы кесте. ТҚҚ морфологиялық құрамы

Қағаз, картон	25-30%	Шыны	5-8%
Тамақ қалдықтары	30-38%	Тері, резеңке	2-4%
Ағаш	1,5-3%	Тастар	1-3%
Қара металл	2-3,5%	Пластмасса	2-5%
Түсті металл	2-3,5%	Басқалар	1-2%
Мата	4-7%	Сұрыпталғаннан қалған қалдық (15мм-ден кем)	7-13%
Сүйектер	0,5-2%		

Өскемен қаласында. Өскемен қаласының әкімдігінің 1997 жылғы 5 тамыздағы №1103 шешімімен ауданы 22,5 га алаң «Өскеменспецкоммунтранс» ЖШС-на 50 жылға өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды орналастыруға тегін берілді.

Полигонның құрылысы мен орналасуы туралы жобалық құжаттама қарастырылған жоқ, тұрмыстық қатты қалдықтарды тастайтын жер Шмелев Лог ауданында орналасқан және ол 1957 жылдан бастап жұмыс істейді. 6 млн. тоннадан аса қалдықтар жинақталған.

Өскемен қаласы әкімдігінің қалалық бөлімінің мамандары тұрғындардың өтініштері бойынша көктем кезінде қаланың аймақтарына шығу тексерулерін жүргізіп, санкциаланбаған қоқыстардың орны мен көлемін анықтайды. Рұқсатсыз қоқыстардың тізімі құрылып, жұмыстың көлемі мен бағасы анықталады, бюджеттік қаражаттың бөлінуіне бюджеттік өтінім құрылады.

2013 жылы - 13605 мың теңге сомасына 9563 м³, 2014 жылы - 5942,8 теңге сомасына 4072,5 м³ рұқсат етілмеген қоқыстар жойылды, 2015 жылы 11100,4 мың теңге сомасына қаражат қарастырылған, соның ішінде қазіргі уақытта 823,7 теңге сомасына 469 м³ рұқсат етілмеген қоқыстар жойылды.

Семей қаласындағы ТҚҚ полигоны.

Семей қаласындағы тұрмыстық қатты және улы өнеркәсіптік қалдықтардың жалпы қалалық көму полигоны (ТҚҚ полигоны) Семей-Қайнар автожолын бойлай қаладан 7 км қашықтықта орналасқан. Полигонның иесі – ЖК «Р.С. Хазипов».

77,2 га жер учаскесі тұрмыстық қалдықтарды көму бойынша полигонға қызмет көрсету 2020 жылдың 16 қарашасына дейінгі мерзімге жерді уақытша пайдалану құқығы берілді (2014

жылдың 4 желтоқсандағы № 777 жалдау жалға беру шарты).

2015 жылдың бірінші жартыжылдығында ТҚҚ полигонына түскен қалдықтардың нақты мөлшері – 51,300 мың тонна.

Қалдықтарды күнделікті қабылдайтын зертханалық бақылау жоқ. Өндірістік бақылауды мониторингінің бағдарламасына сәйкес шарт негізінде «Экожобаорталығы» ЖШС жүзеге асырады.

Сондай-ақ, ТҚҚ полигонында қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптауды «Хазипов» ЖК-мен жүзеге асырылады. 2015 жылы ТҚҚ-ның 0,8 мың тоннасы қайталама пайдаланылды.

Семей қаласында «Р.С. Хазипов» ЖК-мен жылына қуаттылығы 100 мың тонна болатын тұрмыстық қатты және оған тиесілі өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі өндірістік кешенінің құрылысы жоспарланды. Межелі бағасы – 43 млн АҚШ доллары. «Семей-Туған жер» ӨК-мен, 49 жылға жалпы ауданы 23,1 га-ны құрайтын қалдықтарды қайта өңдейтін зауытты салуға жер учаскесі белгіленді. Жобаның экологиялық тиімділігі – жобаны жүзеге асырған кезде, жылына 100 мың тоннаға ТҚҚ полигонына орналастырылатын қалдықтардың көлемін төмендету.

Қазіргі уақытта жылына 100000 тонна көлемдегі ТҚҚ полигонына сұрыптау желісін орнату бойынша «ЭКО-Восток» ЖШМ-мен шарт жасалды.

Аймақтағы ауылдық елді мекендерінің көбінде экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай келетін тұрмыстық қатты қалдықтардың заңдастырылған полигондары жоқ. Экологиялық инспекция бөлімі ТҚҚ полигондарының құрылысы үшін жер бөлу,

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

қажетті жобалық және рұқсат ететін құжаттамаларды қарастыру және рәсімдеу мәселесі бойынша ауылдық әкімдіктермен жұмыс жүргізуде, 2014-2020 жылдарға арналған тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ауылдық әкімдердің қатысуымен семинар-кеңес өткізілді.

«Ветеринария басқармасы» ММ деректері бойынша Шығыс Қазақстанның аумағында **361** мал қорымы жұмыс істейді, 2015 жылы 15 мал қорымы салынды (қайта қалпына келтірілді).

Тарихи ластанулар

Шығыс Қазақстан облысының аумағында тау-кен-металлургия өндірісінің қатты қалдықтары өте көп. Бұл – аршылған жыныстар, үйінді сақтағыштар орын, үйінді шлактар. Өнеркәсіптік қалдықтардың бір бөлігі бүгінгі таңда сұранымға ие болмайтын минералдық ресурстардан тұратын техногенді кен орындары, алайда олар ауыр металдармен және басқа да улы компоненттермен қоршаған ортаны ластаушы көздер болып табылады. Жинақталған қалдықтар табиғи ортаға антропогенді ықпалды үнемі ұлғайтады. Олар өздерінің ықпал ету аймағында гидрологиялық тәртіпті бұзады, шаң бөлу көзі табылады, топырақты, беткі және жер асты суларын ластайды. Аталған қалдықтар кең спектрлі ингрдиенттермен қауіптіліктің III-IV класына жатады. Ауыр металдар қауіпті болып келеді, бұл топқа жататындар: мыс, қорғасын, мырыш, күміс, кадмий, сынап, таллий, мышьяк, сурьма, селен. *Үйінділердің көбі су қорғау аймақтарда орналасқан, бұл беткі және жерасты суларының ластануына алып келеді.*

Тау-кен өндіретін кәсіпорындарды тарату, қайта құру, жекешелендіру және банкроттық әрекеттерінің нәтижесінде тарихи ластануды жою және қалпына келтіру мәселелері туындады, оған бұзылған және ластанған жерлер, өндірістік және тұтыну қалдықтарының тарихи жинақталуы кіреді.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 4-тармағына сәйкес 1992 жылдың 30 мамырына дейін қоймаланған немесе минералды ресурстардың мемлекеттік қорына енгізілген техногенді минералды түзілулер *мемлекеттік меншік* болып табылады.

Тарихи ластанудан Семей қаласының бұрынғы «Түрксіб» совхозының жанында белсенділігі төмен радиоактивті қалдықтардың уақытша көмілген орнының болуын айта кету қажет.

Белсенділігі төмен радиоактивті қалдықтардың (РАҚ) көмілген орны тұйықталған теміржол аймағында, Жалпақ станциясынан 3,5 км қашықтықта, Семей-Шаған автокөлігінің 17-ші км-де, бұрынғы «Түрксіб» совхозының оңтүстік-батысқа қарай 6,8 км жерде орналасқан. Участке салуға жатпайды, грунтты судың деңгейі төмен. Белсенділігі төмен РБҚ жалпы көлемі 1000 текше метрді құрайды.

Радиоактивті қалдықтардың (РАҚ) уақытша көмілу траншеясының негізі сазды, құламасының тереңдігі 3 м, ені 4 м болатын, Облыстық СЭС берген ұсынымға сәйкес 1990 жылдың маусым айында өндірілген. Траншеяның жоғарғы жағы сазды құлыппен жабдықталып, таза топырақ және ұсақталған тас төгілген. Көму жұмыстарына ММ және СЭС облыстық қызметтері тартылған, алдағы уақытта көму орнының нақты иесі анықталған жоқ.

Бақылаудағы аумақтрада басқа радиоактивті қалдықтар көмілген жоқ.

Тарихи ластануларға Семей қаласының ескі әуежай ауданында авиакеросинмен жерасты суларының ластанған учаскелері де жатады.

Химияландыру құралдары

Облыста пестицидтерді сақтауға арналған **62** қойма жұмыс істейді, көлемі **4492,9 м²**.

Шығыс Қазақстан облысының аумағында өсімдіктерді қорғау үшін химияландыру құралдарын әкелумен және оны сатумен «Астана-нан» ЖШС, «Агрохимия» ЖШС, «Тұқым» ЖШС, «Тандем Агро» ЖШС, «Астана Бизнес» ЖШС, «ВостокАгроХолдинг» ЖШС, «Щелково-Агрохим-KZ» ЖШС, «Сингента-Қазақстан» ЖШС, «Август-Қазақстан» ЖШС, «A.S.K.Technik» ЖШС, «Пестицидтер» ЖШС, «Аби жер» ЖШС айналысады.

2015 жылы облыстағы ауыл шаруашылық тауар өндірушілерімен гербицидтердің 428 мың литрін (кг) сатып алынды, олармен ауыл шаруашылық алқаптарының 680 мың гектар жері өңделді. Басқа пестицидтер бойынша деректер жоқ.

2015 жылы минералды тыңайтқыштардың бағасын арзандату бағдарламасы бойынша облыстағы ауыл шаруашылық тауар өндірушілері минералды тыңайтқыштардың 15,877 мың тоннасын сатып алды және 138,0 мың гектар алаң ауыл шаруашылық дақылдарына берілді.

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес алдағы уақытта жарамсыз пестицидтерді (улы химикаттар) және олардың ыдыстарын көму орнының құрылысына жол берілмейді. Облыстың аумағында оларды жинаумен және кәдеге жаратумен айналысатын ұйымдар жоқ.

Пайдалануға жарамсыз пестицидтерді (улы химикаттар) және олардың ыдыстарын қайта өңдеу мәселелерін Қазақстандағы кәсіпорындарда оларды жинау, тасымалдау және зарарсыздандыру жолдары арқылы қолданыстағы полигондарда шешуге болады. Алайда, облыстық бюджетте қаражаттың болмауына байланысты, 2015 жылы бұл жұмыстар жүргізілген жоқ.

4.14.8. Жаңартылған энергия көздері

Шығыс Қазақстан облысы бойынша 2012-2015 жылдар кезеңінде ЖЭК нысандарының жалпы саны – 4 нысан. 2012-2015 жылдар кезеңінде жаңартылған энергия көздерімен өндірілген электр энергиясының көлемі - сағатына 183,2 мың кВт құрайды.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының шеңберінде «ШҚО Зырян ауданының Тұрғұсын өзенінде қуаттылығы 24,9 МВт Тұрғұсын СЭС-1 құрылысы» жобасына 2014 жылы 323 805 мың теңге, 2015 жылы 259 225,0 мың теңге мемлекеттік қолдау көрсетілді.

Сондай-ақ, 2015 жылы ЖЭК қондырғыларын сатып алу үшін жеке кәсіпкерлерге мекенжайлық көмек ретінде 5010 мың теңге көлемінде мемлекеттік қолдау көрсетілді.

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

4.14.9. Экологиялық мәселелер

4.14.7 -ші кесте. Шығыс Қазақстан облысының экологиялық мәселелері

№	Экологиялық мәселе	Ағымдағы жағдай	Қолданылатын іс-шаралар
1	Өскемен қаласының аумағындағы тарихи радиоактивті ластануларды жою	Өткен жүз жылдықта 50-70 жылдары қала шегінде тұрғын үйлері бар облыстық орталықта уран өндірісі, Қалбалы комбинатының дәлелді фабрикаласының радиоактивті үйінділерінің және иондаушы сәулеленудің ампулалық көздері бар кәсіпорындарда радиоактивті қалдықтарды орналастыру салдарынан радиоактивті ластану ошақтары бар, бұл тұрғындардың денсаулығына жағымсыз әсер етеді.	2005 жылы қала аумағында 1990-1992, 1994-1997, 2004 және 2005 жылдары жүргізілген радиоэкологиялық зерттеулер есептерінің материалдары бойынша, қала аумағында анықталған, Радиактивті аномалиялар мен иондалған сәулелену көздерінің кадастры әзірленді. Кадастр аясында облыстық бюджет қаражатының есебінен 2006 жылдан бастап жыл сайын дезактивациялық жұмыстар жүргізіліп отырады. Сонымен қатар, 2012 жылы 892,0 млн. теңге сомасына сәйкес бюджеттік өтінім әзірленіп, ҚР ҚОҚМ және ҚР ИЖТМ-не жолданды.
2	Кен өндіру саласында тарихи ластану нысандарының болуы	Шығыс Қазақстан өнеркәсібі кен өндіру кәсіпорындарымен, металлургия өнеркәсібімен, жылу энергетикасымен ұсынылады. Негізгі экологиялық мәселелер трансшекаралық сипаттамада және «Тарихи» болып табылып, республикалық бюджеттен қаржыландыруды талап етеді. Облыс аумағында «тарихи ластанулар» деп аталатын, мемлекеттік меншік болып табылатын, техногенді нысандар бар. Олар жерасты және беткі суларға, шаң шашырату және жауын-шашын және еріген сулардың шайып кету салдарынан жағымсыз әсер етеді. ҚР ИЖТМ-нің Геологиялық комитетінің ақпаратына сәйкес ШҚО бойынша техногенді минералды түзілудің (бұдан әрі-ТМТ) мемлекеттік кадастрымен 247 нысан есептеледі, оған қалдықтарды сақтау, тау жыныстарының үйіндісі, мөлшерге сай келмейтін кендер және металлургиялық өнімдер шлактары кіреді. Облыс бойынша үйлесімді ТМТ жалпы көлемі 6,8 млрд. тонна. Қоршаған ортаға қатер дәрежесі мен әсер ету деңгейінің жіктелуін анықтау ҚР ИЖТМ жүргізілген жоқ. Қазіргі таңда ШҚО бойынша үйлескен шикізаттың 5,5 млрд. тонна көлемімен ТМТ иесіз 148 нысаны бар, аталған нысандардың көпшілігі тұрғындардың денсаулығына жағымсыз әсер етуі мүмкін.	2006 жылы Үлбі және Ертіс өзендері бассейндерінің тарихи ластану нысандарына түгендеу жүргізілді. Жергілікті бюджет есебінен түгендеу жүргізуге 4,195 млн теңге бөлінді. 2013 жылы республикалық деңгейде «Жасыл даму» АҚ құрылды, кәсіпорынның функционалдық міндеттеріне, алдағы уақытта барлық қалдықтардың мәселелерін шешу бойынша шараларды қабылдай отырып, барлық өнеркәсіптік қалдықтарды, олардың морфологиясын, құрамын, қоршаған ортаға әсер ететін қатер дәрежесі мен жіктелу деңгейін анықтау арқылы ТМТ (иесіз, тарихи) түгендеу жатады.
4	Семей қаласындағы трансшекаралық Ертіс өзеніндегі тазалау құрылысының толық биологиялық тазалануына тазаланған ағынды судың жіберілуі жеткіліксіз	Семей қаласын тазалау ғимараттары Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтеріне сәйкес ағынды сулардың тиісті тазалануын қамтамасыз етпейді. Тазалау ғимараттары трансшекаралық Ертіс өзенінің ластануын алдын алу, «Семей қаласындағы ағынды суларын биологиялық тазарту арқылы тазалау құрылыстарын қайта қалпына келтіру	Семей қаласының ағынды суларын биологиялық тазарту арқылы тазалау ғимараттарын қайта қалпына келтіру және кеңейту жобасына ТЭН (2011 жылғы 4 наурыздағы № 01-055/11 мемлекеттік сараптама) әзірленді; 2001 жылғы 21 маусымда № 10-05-12/1358-И ҚР ҚОҚМ-ның салалық қорытындысы алынды; 2011 жылғы 15 шілдедегі экономикалық қорытынды алынды.

4.14. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

		және кеңейту» жобасын 5370,8 млн.теңге көлемінде жүзеге асыру үшін қайта қалпына келтіруді талап етеді.	2014 жылдың 13 желтоқсанында ЖСҚ (мемлекеттік сараптама) № 01-0926/13 әзірленді, жобаның жалпы сомасы 5539,786 млн.теңгеге. «ANTARESPLATINUM» ЖШС-мен 5370,806 млн.теңге жалпы сомада шарт жасалды. 2014 жылға бюджеттік қаражат көлемі 10,0 млн.теңгені құрады, 2015-2016 жылдарға республикалық бюджеттен аталған жобаны жүзеге асыруға қаражат бөлінген жоқ.
--	--	---	---

ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Қазақстан-2050

стратегиясына сәйкес экономикалық саясаттың жаңа курсының бастымәні – бәрін қамтушы прагматизм. Нақты айтқанда, бұл біздің бүгінгі көзқарастарымыз бен тәсілдеріміздің түбегейлі өзгерісі. Қоршаған орта және табиғат ресурстарын пайдалану саласында мынаны білдіреді:

- принципті түрде табиғат ресурстарын басқарудың (масштабты ішкі саясат және сыртқы саясатта ұстауға да ластықты, экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін Қазақстанның артықшылықтарын) жаңа жүйесін енгізу;

- күн және жел энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізу альтернативті энергия түрлерін өндіруді дамыту (2050 жылға елде барлық баламалы энергияның тұтынуының жартысынан көбі жаңартылған және альтернативті түрлері болуы қажет);

- аймақтардың инвестицияны тартуға мүдделі болуы үшін жер қойнауларын пайдалану мораторийін болдырмау қажет;

- шикізатты қарапайым жеткізуден энергия ресурстарын қайта өңдеу саласындағы индустриялық және озық технологиялар мен ауыстыруға көшіру (2025 жылға біз экологияның жаңа стандарттарына сәйкес меншік нарығын толықтай жанар-жағармай материалмен қамтамасыз етуіміз қажет);

- еліміздің аймақтарын дәнекерлеу қорытындыларын қолдануға, елімізге кен және қайта өңдеудің тең замануи технологияларын жеткізу жағдайында инвесторларды тарту;

- барлық кен өндіру кәсіпорындар тек зиянсыз экологиялық өндіруді енгізу қажет.

Әлемдік өнеркәсіп нарығында көшбасшы болу және Қазақстанда ауыл шаруашылығын өндірісін нығайту үшін қажет:

- егін аудандарын молайту;

- алдымен жаңа технологияларды енгізу есебімен шығымдылықтың өрлеу маңыздылығын қамтамасыз ету;

- әлемдік деңгейдегі мал өсірушілік мал азығы базасын құру;

- экологиялық қабаса на зар аудара отырып брендтің ұлттық бәсекеге қабілеттілігін құру;

- экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншы болу;

- өзекті мәселе – ауыл шаруашылығын қайта өңдеу және саудада ШОК және фермерлікті дамыту;

- жаңағылыми, технологиялық басқару жетістіктер есебімен мал шаруашылық өсірулерді жаңғырту және өнімділігін мәдениетін өзгерту.

- ірі экспорттық нарықта жеңіске жету үшін қандай өнімді жаппай өндіру қажеттілігіне басана зар аудара отырып анықтау;

- 2050 жылға елдің ЖІӨ ауыл шаруашылығы өнімін 5 есе өсіру.

«Жасыл экономикаға» көшу орнықты даму жаңа бағыттағына жетуге ықпал етті.

Көрсетілген бағыттар аймақтық және бір жағына не жергілікті маңыздағы экологиялық инфрақұрылымды дамытудың басты бағыттары болуы қажет. Аталған бағыттардың жаңаруы «жасыл экономиканы» дамытудың жаңа парадигмасын атқаруға сәйкес болатын экономикалық даму нәтижелерін байланысты.

Қазақстанда еліміздің ресурстарына қатысты жаңа саясаттың іс жүзінде жүзеге асырылуы қажет. Осыған байланысты:

- басқа елдердегі су мен жабдықтау проблемаларды шешудің озық тәжірибесін мұқият меңгеру міндеті алы, Австралияның және оны біздің жағдайларда пайдалану;

- кеннің озық технологияларын жер асты суларына рационалды пайдалануды енгізу;

- агроөнеркәсіп секторында аылғалды сақтаушы технологияларға көшеңді алуы;

- жалпы алғанда, біздің қоғамның ойын өзгерту, ең бағалы табиғат байлығының бірі – суды қысырап етпеу.

- 2050 жылға Қазақстан сумен қамтамасыз ету проблемасын бір жол ашпашу қажет (бірінші кезеңде 2020 жылға – халықты ауыз сумен қамтамасыз ету проблемасын шешу, екінші кезеңде 2040 жылға оны суландыру). Қазақстанның су ресурстарының мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан-2050 стратегияларын жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Президенті Қаулысымен бекітілді.

Бағдарламаның мақсаты – су ресурстарын тиімді басқаруды арттыру жолымен Қазақстан Республикасында су қауіпсіздігін ең қамтамасыз ету.

Жердің ластануына Қазақстандағы негізгі өзендердің ағындары көбіне іргелес мемлекеттер аймағында қалыптасады, сондықтан дасу сапасы осы мемлекеттер суымен бірге келетін ластанғыш заттар әсерімен қалыптасады.

Елдің өзекті проблемаларының бірі – трансшекаралық қалдықтарды кәдеге жарату, залалсыздандыру, көму. Бүгінгі күнге дейін зиянды қалдықтар көбінесе экологиялық нормалар мен талаптарға сәйкес ақталмайтын әртүрлі жинақтауыштарда қоймаланды және сақталады. Бұның нәтижесінде жер, көптеген аймақтардың жер асты және жер үсті сулары қарқынды ластануға шалдыққан.

Сирек және жоғалып кету қауіп бар өсімдіктер мен жануарларды сақтауға көмек көрсету мақсатында келесі шараларды болжау қажет:

- сирек және жоғалып кету қауіп бар өсімдіктер мен жануарлар тізбесін сиректіктің әрбір түр мәртебесін көрсету арқылы толықтыру (ҚОХ Осанаттарына сәйкес);

- сирек және жоғалып кету қауіп бар өсімдіктер мен жануарларды сақтаудың институционалды және ұйымдастырушылық негіздерін нығайтуды жалғастыру, сонымен қатар, пайдаланылатын жануарлар түрлері мен олардың тіршілік ету ортасы популяциясының оңтайлық ұрылымын сақтауда аңшылық шаруашылықтың өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

- сирек және жоғалып кету қауіп бар өсімдіктер мен жануарларды сақтау бойынша іс-әрекет жоспарын әзірлеу және жүзеге асыру;

арларды сақтау бойынша іс-әрекет жоспарын әзірлеу және жүзеге асыру;

- сирек және жоғалып кету қауіп бар өсімдіктер мен жануарлар және аңшылық ресурстарды мемлекеттік бақылау бойынша басқарудың ақпараттық базасын жетілдіру;

- олардың шекарасы шегіндесі сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың қорғауда олардың қызметтеріне берілген аңшылық өкілеттілігін кеңейту;

- сирек және жоғалып кету қауіп бар өсімдіктер мен жануарларды сақтаудың ғылыми негізін қамтамасыз ету;

- барлық нысаналы топтардың экологиялық ағартушылығын дамыту;

- сирек өсімдіктер мен жануарлардың қорғау саласындағы халықаралықынтықтастықты нығайту;

- орман ресурстарының жағдайына мониторинг жүйесін ұйымдастыру қажет.

Жалпы алғанда, Қазақстанда экологиялық проблеманы толық шешудің үшін қоршаған ортаны қорғау бойынша мемлекеттік бағдарлама әзірлеу қажет.

